

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

**ҚАЗАҚСТАН**  
**БОЛЬШЕВИГІ**

№ 6-7

СЕНТЯБРЬ — ОКТЯБРЬ

1945

ҚАЗАҚТЫҢ БІРІККЕН МЕМЛЕКЕТ БАСПАСЫ  
АЛМАТЫ



## ССР Одағы Жоғарғы Советінің сайлауын өткізу туралы

### ССР Одағы Жоғарғы Советі Президиумының У К А З Ы

Соғыстың аяқталуына және ССР Одағының бірінші Сайланған Жоғарғы Советі өкілдігінің мерзімі атуіне байланысты, ССР Одағы Жоғарғы Советін сайлайтын күнді сайлау мерзімінен кемінде екі ай бұрын жариялау және сайлауды жұмыс істемейтін күні өткізу тәртібін белгілеген «ССР Одағы Жоғарғы Советінің сайлауы туралы ереженің» 72-статьясы бойынша Советтік Социалистік Республикалар Одағы Жоғарғы Советінің президиумы қаулы етеді:

ССР Одағы Жоғарғы Советінің сайлауы 1946 жылғы 10 февральда жексембі күні өткізілетін болсын.

*ССР Одағы Жоғарғы Советі Президиумының  
Председателі М. КАЛИНИН.*

*ССР Одағы Жоғарғы Советі Президиумының  
Секретарі А. ГОРКИН.*

Москва, Кремль.  
1945 жылғы 5 октябрь.

## „ССР Одағы Жоғарғы Советінің сайлауы туралы ережені“ бекіту туралы

### ССР Одағы Жоғарғы Советі Президиумының У К А З Ы

Советтік Социалистік Республикалар Одағы Жоғарғы Советінің Президиумы қаулы етеді:

«ССР Одағы Жоғарғы Советінің сайлауы туралы ереже» бекітілсін.

*ССР Одағы Жоғарғы Советі Президиумының  
Председателі М. КАЛИНИН.*

*ССР Одағы Жоғарғы Советі Президиумының  
Секретарі А. ГОРКИН.*

Москва, Кремль.  
1945 жылғы 11 октябрь.

303764



# ССР Одағы Жоғарғы Советінің сайлауы туралы ереже

## I-ТАРАУ

### САЙЛАУ ТӘРТІБІ

1-СТАТЬЯ. ССР Одағы Конституциясының 134-статьясы бойынша, ССР Одағының Жоғарғы Советіне депутаттарды сайлаушылар жалпыға бірдей, тең және тәте сайлау правосы негізінде, дауысты жасырын беру жолымен сайлайды.

2-СТАТЬЯ. ССР Одағы Конституциясының 135-статьясы бойынша, депутаттардың сайлауы жалпыға бірдей болады: ССР Одағының жасы 18ге жеткен барлық азаматтарының, нәсілі мен ұлты, жынысы, діні, білім дәрежесі, отырықшылығы, әлеуметтік тегі, әл-ауқат күйі және өткендегі ісі қандай болса да, ССР Одағының Жоғарғы Советіне депутаттар сайлауға қатысуға правосы бар, жалғыз-ақ, ақылы ауысқан және сот үкімі бойынша сайлау правосы жойылған адамдардың сайлауға правосы болмайды.

3-СТАТЬЯ. ССР Одағының жасы 23ке жеткен әрбір азаматын, нәсілі мен ұлты, жынысы, діні, білім дәрежесі, отырықшылығы, әлеуметтік тегі, әл-ауқат күйі және өткендегі ісі қандай болса да, ССР Одағы Жоғарғы Советінің депутатына сайлауға болады.

4-СТАТЬЯ. ССР Одағы Конституциясының 136-статьясы бойынша, депутаттардың сайлауы тең сайлау болады: әрбір азамат бір дауысқа не; барлық азаматтардың ССР Одағы Жоғарғы Советінің сайлауына қатысу правосы бірдей.

5-СТАТЬЯ. ССР Одағы Конституциясының 137-статьясы бойынша әйелдер сайлауға қатысуға және ССР Одағының Жоғарғы Советіне сайлануға еркектермен бірдей правосы.

6-СТАТЬЯ. ССР Одағы Конституциясының 138-статьясы бойынша Қызы Армия қатарындағы азаматтар сайлауға және ССР Одағының Жоғарғы Советіне сайлануға барлық азаматтармен бірдей правосы.

7-СТАТЬЯ. ССР Одағы Конституциясының 139-статьясы бойынша, депутаттар тәте сайлау жолымен сайланады: ССР Одағының Жоғарғы Советіне депутаттарды азаматтар тікелей тәте сайлау жолымен сайлайды.

8-СТАТЬЯ. ССР Одағы Конституциясының 140-статьясы бойынша, ССР Одағының Жоғарғы Советіне депутаттар сайлағанда дауыс жасырын беріледі.

9-СТАТЬЯ. ССР Одағы жерінде тұратын, ССР Одағының азаматы емес, шег-мемлекеттердің азаматтығындағы немесе қол астындағы адамдардың сайлауға қатысуға және ССР Одағының Жоғарғы Советіне сайлануға правосы болмайды.

10-СТАТЬЯ. ССР Одағы Конституциясының 141-статьясы бойынша, ССР Одағы Жоғарғы Советінің сайлауында кандидаттар сайлау округтерінде ұсынылады.

11-СТАТЬЯ. ССР Одағы Жоғарғы Советінің сайлауын өткізуге байланысты шығындар мемлекет есебінен ұсталады.



## II-ТАРАУ

## САЙЛАУШЫЛАРДЫҢ ТІЗІМДЕРІ

12-СТАТЬЯ. Сайлаушылар тізіміне сайлау правосы бар, тізім жасалған кезде (үнемі болсын, уақытша болсын) сол советке қараған жерде тұрған, сайлау күніне дейін 18 жасқа толған азаматтардың бәрі енгізіледі.

13-СТАТЬЯ. Сайлаушылардың ешқайсысы бір сайлау тізімінен басқа тізімге енгізілмейді.

14-СТАТЬЯ. Сайлаушылар тізімдеріне соттың үкімі бойынша сайлау правосы жойылған адамдар сайлау правосын жою жөнінде сот үкімінде белгіленген бүкіл мерзім бойына енгізілмейді және заңда белгіленген тәртіп бойынша ақылы ауысқан деп табылған адамдар енгізілмейді.

15-СТАТЬЯ. Сайлаушылардың тізімдерін қалаларда еңбекшілер депутаттарының қалалық советтерінің атқару комитеттері, ауданға бөлінген қалаларда аудандық советтердің атқару комитеттері, поселкаларда поселкалық советтердің атқару комитеттері, селолық жерлерде еңбекшілер депутаттарының селолық (станционалық, деревнялық, хуторлық, қыстақтық, ауылдық) немесе болыстық советтерінің атқару комитеттері жасайды.

16-СТАТЬЯ. Әскер бөлімдеріндегі және әскери құрамаларындағы сайлаушылардың тізімдері командирдің қол қояы бойынша жасалады. Басқа әскери қызметшілердің бәрін сайлаушылар тізіміне, тұратын жерлеріне қарай, еңбекшілер депутаттары советтерінің тиісті атқару комитеттері енгізеді.

17-СТАТЬЯ. Сайлаушылардың тізімдері әрбір сайлау учаскесінде, ССР Одағы Жоғарғы Советінің Президиумы бекіткен үлгі бойынша, алфавит ретімен жасалады, тізімде сайлаушының фамилиясы, өзінің аты, әкесінің аты, жасы және тұрған жері көрсетіледі, тізімге еңбекшілер депутаттары советі атқару комитетінің председатели мен секретарі қол қояды.

18-СТАТЬЯ. Еңбекшілер депутаттары советінің атқару комитеті жалпы көпшіліктің танысуы үшін сайлаушылардың тізімдерін сайлаудан 30 күн бұрын іліп қояды немесе сайлаушылардың бұл тізімдермен Совет үйінде немесе сайлау учаскесінің үйінде танысу мүмкіншілігін қамтамасыз етеді.

19-СТАТЬЯ. Сайлаушылардың тізімдерінің түпкі нұсқасы еңбекшілер депутаттарының тиісті советінде және әскер бөлімінде немесе әскер құрамасында сақталады.

20-СТАТЬЯ. Сайлаушылар тізімі жарияланған күннен сайлау болатын күннің арасындағы мезгілде сайлаушы бұрынғы тұрған жерінен басқа жерге ауысатын болса, еңбекшілер депутаттары советінің тиісті атқару комитеті оған, ССР Одағы Жоғарғы Советінің Президиумы белгілеген үлгі бойынша «ауыс беру правосына куәлік» беріп, сайлаушылар тізімінде «кеткен» деп белгі қояды; жаңа барып тұрған жерінде (үнемі болсын, уақытша болсын) сайлаушы «ауыс беру правосына куәлігін» және өз басының куәлігін көрсеткеннен кейін сайлаушылар тізіміне енгізіледі.

21-СТАТЬЯ. Сайлаушылар тізіміндегі терістіктері туралы мәлімдемелер (тізімге енгізу, тізімнен шығарып тастау, фамилияның, өз атының, әкесінің атының хат жазылуы, сайлау правосы жойылған адамдардың тізімге енгізілуі) тізімді жариялаған еңбекшілер депутаттары советінің атқару комитетіне беріледі, ол сайлаушылар тізіміндегі терістіктер туралы әрбір мәлімдемені әрі кеткенде үш күннің ішінде қарауға міндетті.

22-СТАТЬЯ. Сайлаушылар тізіміндегі терістіктер туралы мәлімдемені қарағаннан кейін еңбекшілер депутаттары советінің атқару комитеті не сайлаушылар тізіміне хажетті түзетулер енгізуге, не мәлімдеме иесіне оның мәлімдемесін қабылдамаған себептері туралы жазба анықтама беруге міндетті.

23-СТАТЬЯ. Сайлаушылар тізіміндегі терістіктер туралы мәселе жөнінде еңбекшілер депутаттары советі атқару комитетінің қарарына риза болмаса, мәлімдеме иесі халық сотына шағым бере алады; халық соты мәлімдеме иесін және



советтің атқару комитетінің өкілін шақырып ала отырып, бұл шағымды үш күннің ішінде соттың ашық мәжілісінде қарап, өзінің қарарын шағым берушіге де, советтің атқару комитетіне де дереу білдіруге міндетті. Халық сотының қарары тұжырымды.

### III-ТАРАУ

## ОДАҚ СОВЕТІ МЕН ҰЛТТАР СОВЕТІН САЙЛАЙТЫН САЙЛАУ ОКРУГТЕРІ

**24-СТАТЬЯ.** ССР Одағы Конституциясының 34-статьясы бойынша, Одақ Советі мен ССР Одағының азаматтары сайлау округтерінде сайлайды; сайлау округтері әрбір округте 300 мың халық болу мөлшерімен құрылады. Одақ Советіне сайлайтын әрбір сайлау округінен бір депутат сайланады.

**25-СТАТЬЯ.** ССР Одағы Конституциясының 35-статьясы бойынша, Ұлттар Советі мен ССР Одағының азаматтары одақтық және автономиялы республикаларда, автономиялы облыстар мен ұлт округтерінде сайлайды.

Ұлттар Советін сайлайтын сайлау округтері мынадай мөлшермен құрылады: әрбір одақтық республикада 25 округ, әрбір автономиялы республикада 11 округ, әрбір автономиялы облыста 5 округ және әрбір ұлттық округте бір сайлау округі болады. Ұлттар Советін сайлаудың әрбір сайлау округінен бір депутат сайланады.

**26-СТАТЬЯ.** Одақ Советі мен Ұлттар Советін сайлайтын сайлау округтерін ССР Одағы Жоғарғы Советінің Президиумы құрады. ССР Одағы Жоғарғы Советінің Президиумы Одақ Советі мен Ұлттар Советін сайлайтын сайлау округтерінің тізімін сайлау күнінен кемінде екі ай бұрын жариялайды.

### IV-ТАРАУ

## САЙЛАУ УЧАСКЕЛЕРІ

**27-СТАТЬЯ.** Сайлау бюллетендерін қабылдау және дауыстың есебін шығару үшін сайлау округтеріне қарайтын қалалар мен аудандар сайлау учаскелеріне бөлінеді, бұл учаскелер Одақ Советінің сайлауына да, Ұлттар Советінің сайлауына да бірдей болады.

**28-СТАТЬЯ.** Сайлау учаскелерін қалаларда еңбекшілер депутаттары қалалық советтерінің атқару комитеттері, аудандарға бөлінген қалаларда еңбекшілер депутаттары аудандық советтерінің атқару комитеттері, ауыл-саялық жерлерде еңбекшілер депутаттарының аудандық және үездік советтерінің атқару комитеттері құрады. Сайлау учаскелері аз дегенде сайлаудан 45 күн бұрын құрылады.

**29-СТАТЬЯ.** 2 мыңнан аса адамы бар қалаларда, өнеркәсіп орындарында, сол сияқты селоларда және село советіне қараған жерлерде сайлау учаскелері, бір сайлау учаскесінде 1500 — 3000 адам болу есебімен құрылады.

**30-СТАТЬЯ.** Халқының саны 2 мыңнан аспайтын селолық советке қараған жер тәртіп бойынша бір сайлау учаскесі болады: халқының саны 500ге толатын, бірақ 2 мыңнан аспайтын әрбір станцияда, деревняда, қыстақта, ауылда өз алдына сайлау учаскесі құрылады. Халқы 500ге жетпейтін, бірақ 300 адамнан кем емес селоларда немесе бір топ селода, бұл селолар мен сайлау учаскесі орталығының арасы 10 километрден артық болса, дербес сайлау учаскелерін құруға болады.

**31-СТАТЬЯ.** Усақ поселкелері басым солтүстіктегі және шығыстағы алыс аудандарда халқының саны кем дегенде 100 кісіге толатын жерде сайлау учаскелерін құруға болады.

Солтүстіктің ұлт округтерінде және таулық, көшпелі аудандарда халқы 100ге толмайтын, бірақ 50 адамнан кем емес жерлерде сайлау учаскелерін құруға болады.

**32-СТАТЬЯ.** Әскер бөлімдері мен әскер құрамалары, аз дегенде 50, көп дегенде 3 мың сайлаушылары болса, өз алдына сайлау учаскелері болады, бұлар



әскер бөлімінің немесе әскер құрамасының тұрған жеріндегі сайлау округіне қарайды.

33-СТАТЬЯ. Сайлау күнінде суда жүзін жүрген, кемінде 25 сайлаушысы бар кемелерде дербес сайлау учаскелерін құруға болады, бұл учаскелер сол кеме тіркелген жердегі сайлау округіне қарайды.

34-СТАТЬЯ. Ауруханаларда, әйелдер босапатын үйлерде, санаторийлерде, мүгедектер үйлерінде, кемінде 50 сайлаушысы болса, өз алдына сайлау учаскелері құрылады.

Бірнеше корпустары бар ауруханаларда, әрбір корпуста кемінде 50 сайлаушы болса, жеке корпустар жағында сайлау учаскелерін құруға болады.

35-СТАТЬЯ. Алыс жолға шыққан, сайлау күнінде жолда болған жолаушы поездарында, «дауыс беру правосына куәліктері» бар сайлаушылардан бюллетендер қабылдау үшін сайлау учаскелері құрылады.

## V-ТАРАУ

### САЙЛАУ КОМИССИЯЛАРЫ

36-СТАТЬЯ. ССР Одағы Жоғарғы Советінің сайлауын өткізетін орталық сайлау комиссиясы жұмысшылар мен қызметшілердің кәсіпшілер одақтары ұйымдарының, кооперация ұйымдарының, коммунистік партия ұйымдарының, жастар ұйымдарының, мәдени, техникалық және ғылыми қоғамдардың және заң бойынша белгіленген тәртіппен тіркелген басқа жұртшылық ұйымдары мен еңбекшілер қоғамдарының, сол сыяқты кәсіп орындарындағы жұмысшылар мен қызметшілер және әскер бөлімдеріндегі әскери қызметшілер жыйылыстарының, колхоздарда, селолар мен болыстарда шаруалар жыйылыстарының, совхоздарда совхоз жұмысшылары мен қызметшілері жыйылыстарының өкілдерінен құралады.

37-СТАТЬЯ. Орталық сайлау комиссиясына председатель, председательдің орынбасары, секретарь және 12 мүше тағайындалады. Бұл комиссияны ССР Одағы Жоғарғы Советінің Президиумы сайлаудан кем дегенде 55 күн бұрын бекітеді.

38-СТАТЬЯ. Орталық сайлау комиссиясы:

а) ССР Одағының барлық жерінде сайлау кезінде «ССР Одағы Жоғарғы Советінің сайлауы туралы ереже» бұлжытылмай орындалуын бақылайды;

б) сайлау комиссияларының теріс істері жөнінде түскен шағымдарды қарайды және шағымдар жөнінде тұжырымды қарарлар шығарады;

в) сайлау жәшіктерінің үлгілерін, сайлау бюллетендерінің түрі мен түсін, округтік сайлау комиссиясының кандидаттарды тіркеу туралы протоколының үлгісін, дауыстардың есебін алу протоколдарының үлгісін, сайлағандығы туралы куәліктердің үлгісін, сайлау комиссияларының мөрлерінің үлгісін белгілейді;

г) ССР Одағының Жоғарғы Советіне сайланған депутаттарды тізімге тіркейді;

д) сайлау жөнінде жүргізілген істі Одақ Советі мен Ұлттар Советінің маңдат комиссияларына тапсырады.

39-СТАТЬЯ. Әрбір одақтық және автономиялы республикада, автономиялы облыс пен ұлт округінде Ұлттар Советінің сайлауын өткізетін одақтас және автономиялы республиканың, автономиялы облыс пен ұлт округінің сайлау комиссиялары құрылады.

40-СТАТЬЯ. Ұлттар Советінің сайлауын өткізетін сайлау комиссиялары жұмысшылар мен қызметшілердің кәсіпшілер одақтары ұйымдарының, кооперация ұйымдарының, коммунистік партия ұйымдарының, жастар ұйымдарының, мәдени, техникалық және ғылыми қоғамдардың және заң бойынша белгіленген тәртіппен тіркелген басқа жұртшылық ұйымдары мен еңбекшілер қоғамдарының, сол сыяқты кәсіп орындарындағы жұмысшылар мен қызметшілер, әскер бөлімдеріндегі әскери қызметшілер жыйылыстарының, колхоздарда, селолар мен болыстарда шаруалар жыйылыстарының, совхоздарда совхоз жұмысшылары мен қызметшілері жыйылыстарының өкілдерінен құралады.

41-СТАТЬЯ. Одақтық және автономиялы республиканың, автономиялы облыс



пен ұлт округінің Ұлттар Советі сайлауын өткізетін сайлау комиссиялары председателден, председателдің орынбасары мен секретарьдан және 6—10 мүшеден құралады; оларды одақтас және автономиялы республикалардың Жоғарғы Советтерінің Президиумдары және автономиялық облыстар мен ұлт округтерінің еңбекшілер депутаттары советтерінің атқару комитеттері сайлаудан кемінде 50 күн бұрын бекітеді.

42-СТАТЬЯ. Одақтық, автономиялы республиканың, автономиялы облыс пен ұлт округінің Ұлттар Советі сайлауын өткізетін сайлау комиссиясы:

а) республикаға, автономиялы облысқа, ұлт округіне қараған жерде Ұлттар Советінің сайлауы кезінде «ССР Одағы Жоғарғы Советінің сайлауы туралы ереженің» бұлжытылмай орындалуын бақылап отырады;

б) Ұлттар Советінің сайлауын өткізетін сайлау комиссияларының теріс істері жөніндегі шағымдарды қарайды.

43-СТАТЬЯ. Одақ Советін сайлайтын әрбір округте Одақ Советінің сайлауын өткізетін округтік сайлау комиссиясы құрылады.

44-СТАТЬЯ. Одақ Советінің сайлауын өткізетін округтік сайлау комиссиялары жұмысшылар мен қызметшілердің кәсіпшілер одақтары ұйымдарының, кооперация ұйымдарының, коммунистік партия ұйымдарының, жастар ұйымдарының, мәдени, техникалық және ғылыми қоғамдардың және заң бойынша белгіленген тәртіппен тіркелген басқа қоғам ұйымдарының және еңбекшілер қоғамдарының, сол сыяқты кәсіп орындарында жұмысшылар мен қызметшілер, әскер бөлімдерінде әскери қызметшілер жыйылыстарының, колхоздарда, семелар мен болыстарда шаруалар жыйылыстарының, совхоздарда совхоз жұмысшылары мен қызметшілері жыйылыстарының өкілдерінен құралады.

45-СТАТЬЯ. Одақ Советінің сайлауын өткізетін округтік сайлау комиссиялары председателден, председателдің орынбасары мен секретарьдан және 8 мүшеден құралады; оларды: өлкелерге немесе облыстарға бөлінген республикаларда еңбекшілер депутаттарының өлкелік және облыстық советтерінің атқару комитеттері, ал облыстарға немесе өлкелерге бөлінбеген республикаларда — республикалардың Жоғарғы Советтерінің Президиумдары сайлаудан кемінде 50 күн бұрын бекітеді.

46-СТАТЬЯ. Одақ Советінің сайлауын өткізетін округтік сайлау комиссиясы:

а) өзінің сайлау округіне қараған жерде Одақ Советінің сайлауы кезінде «ССР Одағы Жоғарғы Советінің сайлауы туралы ереженің» бұлжытылмай орындалуын бақылап отырады;

б) учаскелік сайлау комиссияларының теріс істері жөніндегі шағымдарды қарап, бұл шағымдар бойынша қарарлар шығарады;

в) еңбекшілер депутаттары советтерінің тиісті атқару комитеттерінің сайлау учаскелерін мезгілінде құруын бақылайды;

г) сайлаушылар тізімдерінің мезгілінде жасалуын және жалпы жұртқа білдірілуін бақылап отырады;

д) ССР Одағы Конституциясының және «ССР Одағы Жоғарғы Советінің сайлауы туралы ереженің» талаптарын орындай отырып, депутаттыққа ұсынылған кандидаттарды тізімге тіркейді;

е) учаскелік сайлау комиссияларын, белгіленген үлгі бойынша, Одақ Советін сайлау жөніндегі сайлау бюллетендерімен жабдықтайды;

ж) берілген дауыстарды есептеп, округтегі сайлаудың нәтижесін анықтайды;

з) сайлаған депутатқа оның сайланғандығы туралы куәлік береді;

и) сайлау жөнінде жүргізілген істерді орталық сайлау комиссиясына тапсырады.

47-СТАТЬЯ. Ұлттар Советін сайлайтын әрбір округте Ұлттар Советінің сайлауын өткізетін округтік сайлау комиссиясы құрылады.

48-СТАТЬЯ. Ұлттар Советінің сайлауын өткізетін округтік сайлау комиссиясы жұмысшылар мен қызметшілердің кәсіпшілер одақтары ұйымдарының, кооперация ұйымдарының, коммунистік партия ұйымдарының, жастар ұйымдарының, мәдени, техникалық және ғылыми қоғамдардың және заң бойынша белгіленген тәртіппен тіркелген басқа қоғам ұйымдары мен еңбекшілер қоғамдарының, сол сыяқты кәсіп



орындарында жұмысшылар мен қызметшілер, әскер бөлімдерінде әскери қызметшілер жыйылыстарының, колхоздарда, селолар мен болыстарда шаруалар жыйылыстарының, совхоздарда совхоз жұмысшылары мен қызметшілері жыйылыстарының өкілдерінен құралады.

49-СТАТЬЯ. Ұлттар Советінің сайлауын өткізетін округтік сайлау комиссиялары председателден, председателдің орынбасары мен секретарьдан және 8 мүшеден құралады: оларды одақтас және автономиялы республикалары Жоғарғы Советтерінің Президиумдары және автономиялы облыстар мен ұлт округтерінің еңбекшілер депутаттары советтерінің атқару комитеттері сайлаудан кемінде 50 күн бұрын бекітеді.

50-СТАТЬЯ. Ұлттар Советінің сайлауын өткізетін округтік сайлау комиссиясы:

а) өзінің сайлау округіне қараған жерде Ұлттар Советінің сайлауы кезінде «ССР Одағы Жоғарғы Советінің сайлауы туралы ереженің» — бұлжытылмай орындалуын бақылап отырады;

б) учаскелік сайлау комиссияларының теріс істері жөніндегі шағымдарды қарап, бұл шағымдар бойынша қарарлар шығарады;

в) еңбекшілер депутаттары советтерінің тиісті атқару комитеттерінің сайлау учаскелерін мерзімінде құруын бақылап отырады;

г) сайлаушылар тізімдерінің мезгілінде жасалып, жалпы жұртқа білдірілуін бақылап отырады;

д) ССР Одағы Конституциясының және «ССР Одағы Жоғарғы Советінің сайлауы туралы ереженің» талаптарын орындай отырып, депутаттыққа ұсынылған кандидаттарды тізімге тіркейді;

е) учаскелік сайлау комиссияларын, белгіленген үлгі бойынша, Ұлттар Советін сайлау жөніндегі сайлау бюллетендерімен жабдықтайды;

ж) берілген дауыстарды есептеп, округтегі сайлаудың нәтижесін анықтайды;

з) сайланған депутатқа оның сайланғандығы туралы куәлік береді;

и) сайлау жөнінде жүргізілген істерді тиісінше одақтас және автономиялы республиканың Ұлттар Советі сайлауын өткізетін сайлау комиссиясына немесе автономиялы облыстың не болмаса ұлт округінің Ұлттар Советі сайлауын өткізетін сайлау комиссиясына тапсырады.

51-СТАТЬЯ. Учаскелік сайлау комиссиялары жұмысшылар мен қызметшілердің кәсіпшілер одақтары ұйымдарының, кооперация ұйымдарының, коммунистік партия ұйымдарының, жастар ұйымдарының, мәдени, техникалық және ғылыми қоғамдардың және заң бойынша белгіленген тәртіппен тіркелген басқа қоғам ұйымдары мен еңбекшілер қоғамдарының, сол сыяқты кәсіп орындарында жұмысшылар мен қызметшілер, әскер бөлімдерінде әскери қызметшілер жыйылыстарының, колхоздарда, селолар мен болыстарда шаруалар жыйылыстарының, совхоздарда жұмысшылар мен қызметшілер жыйылыстарының өкілдерінен құралады.

52-СТАТЬЯ. Учаскелік сайлау комиссиялары председателден, председателдің орынбасары мен секретарьдан және 4 — 8 мүшеден, ал халқы 300 адамнан кем сайлау учаскелерінде председател мен секретарьдан және 1 — 3 мүшеден құралады; оларды қалаларда еңбекшілер депутаттары қалалық советтерінің атқару комитеттері, аудандарға бөлінген қалаларда аудандық советтердің атқару комитеттері, селолық жерлерде аудандық немесе үездік советтердің атқару комитеттері сайлаудан кемінде 40 күн бұрын бекітеді.

53-СТАТЬЯ. Учаскелік сайлау комиссиясы:

а) сайлаушылардың тізіміндегі терістіктер туралы мәлідемелерді қабылдап, оларды тізімді жариялаған советтің атқару комитетінің қарауына тапсырады;

б) сайлау учаскесінде сайлау бюллетендерін қабылдайды;

в) депутаттыққа ұсынылған әрбір кандидат жөніндегі дауыстардың есебін шығарады;

г) сайлау жөнінде жүргізілген істерді тиісінше Одақ Советінің сайлауын өткізетін округтік сайлау комиссиясына және Ұлттар Советінің сайлауын өткізетін округтік сайлау комиссиясына тапсырады.

54-СТАТЬЯ. Орталық сайлау комиссиясының. Ұлттар Советінің сайлауын



өткізетін одақтар және автономиялы республикалардың, автономиялы облыстар мен ұлт округтерінің сайлау комиссияларының, Одақ Советінің сайлауын өткізетін округтік комиссиялардың және Ұлттар Советінің сайлауын өткізетін округтік сайлау комиссияларының, сол сыяқты учаскелік сайлау комиссияларының мәжілістері, оларға комиссияның барлық мүшелерінің жартысынан артығы қатынасса ғана заңды болып есептеледі.

55-СТАТЬЯ. Сайлау комиссияларында мәселелердің бәрі жай көпшілік дауыспен шешіледі; дауыстар теңесті түссе, ол уақытта председатель қостаған жағы басым болады.

56-СТАТЬЯ. Орталық сайлау комиссиясында, Ұлттар Советінің сайлауын өткізетін одақтар және автономиялы республикалардың, автономиялық облыстар мен ұлт округтерінің сайлау комиссияларында, Одақ Советінің сайлауын өткізетін округтік сайлау комиссияларында, Ұлттар Советінің сайлауын өткізетін округтік сайлау комиссияларында және учаскелік сайлау комиссияларында, орталық сайлау комиссиясы белгілеген үлгі бойынша жасалған мөр болады.

#### VI-ТАРАУ

### ССР ОДАҒЫ ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІНІҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТТАР ҰСЫНУДЫҢ ТӘРТІБІ

57-СТАТЬЯ. ССР Одағы Конституциясының 141-статьясы негізінде қоғам ұйымдары мен еңбекшілер қоғамдарының: коммунистік партия ұйымдарының, кәсіпшілер одақтарының, кооператив ұйымдарының, жастар ұйымдарының және мәдениет қоғамдарының ССР Одағы Жоғарғы Советіне кандидаттар ұсыну правосы қамтамасыз етіледі.

58-СТАТЬЯ. Кандидаттар ұсыну правосын қоғам ұйымдары мен еңбекшілер қоғамдарының орталық орындары, олардың республикалық, өлкелік, облыстық, уездік және аудандық орындары, сол сыяқты кәсіп орындарында — жұмысшылар мен қызметшілердің әскер бөлімдерінде — әскери қызметшілердің жалпы жыйылыстары, колхоздарда, селолар мен болыстарда шаруалардың жалпы жыйылыстары, совхоздарда — совхоз жұмысшылары мен қызметшілерінің жалпы жыйылыстары жүзеге асырады.

59-СТАТЬЯ. ССР Одағы Жоғарғы Советінің депутаттығына ұсынылған кандидат тек бір округта ғана дауысқа түсе алады.

60-СТАТЬЯ. Депутаттыққа кандидат болып ұсынылғандар Одақ Советін және Ұлттар Советін сайлауды өткізетін округтік сайлау комиссияларының, сол сыяқты өздерін депутаттыққа кандидат етіп ұсынған округтің учаскелік сайлау комиссияларының мүшесі бола алмайды.

61-СТАТЬЯ. ССР Одағы Жоғарғы Советінің депутаттығына кандидаттар ұсынған барлық қоғам ұйымдары немесе еңбекшілер қоғамдары округтік сайлау комиссиясына мынадай документтер тапсыруға міндетті:

а) депутаттыққа кандидат ұсынған жыйылыстың немесе мәжілістің президиум мүшелері қол қойған протоколы. Мұнда олардың тұрған мекені, кандидат ұсынған ұйымның аты көрсетілуге тиіс, кандидат ұсынған жыйылыстың немесе мәжілістің болған жері, уақыты және оған қанша адам қатысқаны көрсетілуге тиіс, сонымен қатар протоколда депутаттыққа ұсынылған кандидаттың фамилиясы, аты, әкесінің аты, жасы, тұратын орны, партиялығы, кәсібі көрсетілуге тиіс;

б) депутаттыққа ұсынылған кандидаттың сол сайлау округінде өзін ұсынған ұйымның атынан дауысқа түсуге ризалығы туралы арызы.

62-СТАТЬЯ. Сайлауға ең кем дегенде 30 күн қалғанда ССР Одағы Жоғарғы Советінің депутаттығына кандидаттар ұсынған барлық қоғам ұйымдары немесе еңбекшілер қоғамдары депутаттыққа ұсынған кандидаттарын тиісінше не Одақ Советін сайлауды өткізетін округтік сайлау комиссиясына, немесе Ұлттар Советін сайлауды өткізетін округтік сайлау комиссиясына тіркетуге міндетті.



63-СТАТЬЯ. Одақ Советін және Ұлттар Советін сайлауды өткізетін округтік сайлау комиссиялары қоғам ұйымдарының және еңбекшілер қоғамдарының ССР Одағы Жоғарғы Советінің депутаттығына ұсынған барлық кандидаттарын ССР Одағы Конституциясы мен «ССР Одағы Жоғарғы Советінің сайлауы туралы ереженің» барлық талаптарына толық сәйкес етіп тіркеуге міндетті.

64-СТАТЬЯ. ССР Одағы Жоғарғы Советінің депутаттығына тіркелген әрбір кандидаттың фамилиясын, атын, әкесінің атын, жасын, кәсібін, партиялығын және кандидат ұсынған қоғам ұйымының атын тиісінше Одақ Советін сайлауды өткізетін округтік сайлау комиссиясы және Ұлттар Советін сайлауды өткізетін округтік сайлау комиссиясы сайлаудан кем дегенде 25 күн бұрын жариялайды.

65-СТАТЬЯ. ССР Одағы Жоғарғы Советінің депутаттығына тіркелген кандидаттардың барлығы сайлау бюллетеніне енгізілуі міндетті шарт болады.

66-СТАТЬЯ. Одақ Советін сайлауды өткізетін округтік сайлау комиссиясы депутаттыққа ұсынылған кандидатты тіркеуден бас тартса, бұл жөнінде екі күн мерзім ішінде Орталық сайлау комиссиясына шағым түсіруге болады. Бұл комиссияның қаулысы тұжырымды болып есептеледі.

67-СТАТЬЯ. Ұлттар Советін сайлауды өткізетін округтік сайлау комиссиясы кандидатты тіркеуден бас тартса, бұл жөнінде екі күн мерзім ішінде одақтас, автономиялы республикалардың, автономиялы облыстың сайлау комиссиясына, оның қаулысы жөнінде — Орталық сайлау комиссиясына шағым түсіруге болады. Орталық сайлау комиссиясының қаулысы тұжырымды болып есептеледі.

68-СТАТЬЯ. Одақ Советін сайлауды өткізетін округтік сайлау комиссиясы және Ұлттар Советін сайлауды өткізетін округтік сайлау комиссиясы ССР Одағы Жоғарғы Советін сайлаудан кем дегенде 15 күн бұрын сайлау бюллетендерін бастырып, барлық учаскелік сайлау комиссияларына жіберуге міндетті.

69-СТАТЬЯ. Сайлау бюллетендері Орталық Сайлау комиссиясы белгілеген үлгі бойынша, тиісті сайлау округінің халқының тілінде, сайлаушыларға тегіс жетерлік мөлшерде бастырылады.

70-СТАТЬЯ. Округтік сайлау комиссиясында тіркелген кандидатты ұсынған әрбір ұйымның, сол сияқты ССР Одағының әрбір азаматының ССР Одағы Конституциясының 125-статьясына сәйкес сол кандидат үшін жыйылыстарда, баспа сөзде және басқа жолдармен бөгетсіз үгіт жүргізу правосы қамтамасыз етіледі.

## VII-ТАРАУ

### ДАУЫС БЕРУ ТӘРТІБІ

71-СТАТЬЯ. ССР Одағы Жоғарғы Советінің сайлауы бүкіл ССР Одағына бірдей белгіленген бір күн ішінде өткізіледі.

72-СТАТЬЯ. ССР Одағы Жоғарғы Советін сайлау күнін ССР Одағы Жоғарғы Советінің Президиумы сайлауға ең кем дегенде екі ай қалғанда белгілейді. Сайлау жұмыс істемейтін күні өткізіледі.

73-СТАТЬЯ. Сайлауға дейінгі қалған соңғы 20 күннің ішінде учаскелік сайлау комиссиялары сайлаушыларға сайлау күнін және оның болатын орнын күн сайын жариялап отырады немесе басқа әдіспен кеңінен хабарлап отырады.

74-СТАТЬЯ. Сайлаушылар сайлау болатын күні жергілікті уақытпен таңертеңгі сағат 6дан түнгі сағат 12ге дейін дауыс береді.

75-СТАТЬЯ. Сайлау болатын күні таңертеңгі сағат 6да учаскелік сайлау комиссиясының председатели комиссия мүшелерінің кезінше сайлау жәшіктерін және сайлаушылардың белгілі үлгі бойынша жасалған тізімінің бар-жоғын тексереді, бұдан соң жәшіктерді жауып, оларға комиссияның мөрін басады, сөйтіп сайлаушыларды дауыс беруге шақырады.

76-СТАТЬЯ. Сайлауға арналған үйлерде бюллетень толтыратын бөлек бөлме болады. Дауыс беру кезінде бұл бөлмеде дауыс берушіден басқа ешкімнің, соның ішінде учаскелік сайлау комиссиясы мүшелерінің де болуына жол жоқ; егер бюллетень толтыру үшін бірнеше сайлаушы бір жолы жіберілетін болса, ол бөлменің



іші бір жолы енгізілетін сайлаушылардың санына қарай бөлінген немесе бөлгіш қойылған болуға тиіс.

77-СТАТЬЯ. Әрбір сайлаушының өзі ғана дауыс береді, мұның үшін дауыс беретін үйге келеді. Сайлаушылар дауыс бергенде, сайлау бюллетендерін сайлау жәшігіне салу жолымен береді.

78-СТАТЬЯ. Сайлау үйіне келген сайлаушы учаскелік сайлау комиссиясының секретарына немесе учаскелік сайлау комиссиясының арнап бөлген мүшесіне не паспортын, не колхозға мүшелік книжкасын, немесе кәсіпшілер одағына мүшелік билетін, не басқа бір куәлігін ұсынады және сайлаушылардың тізімінен тексеріліп, ол сайлаушылар тізіміне белгі соғылғаннан кейін белгілі үлгі бойынша істелген сайлау бюллетенін алады.

79-СТАТЬЯ. Сайлаушы сайлау бюллетендерін толтыратын бөлмеге барып, әрбір сайлау бюллетенінде өзі дауыс беретін кандидатының фамилиясын қалдырып, басқаларын сызып тастайды, осыдан кейін сайлаушы учаскелік сайлау комиссиясы отырған бөлмеге барады да, сайлау бюллетенін сайлау жәшігіне салады.

80-СТАТЬЯ. Сауатсыздығынан немесе басқа түрлі кемшілігінен сайлау бюллетенін өздігінен толтыруға мүмкіншілігі жоқ сайлаушылар сайлау бюллетенін толтыру үшін сайлаушының қайсысын болса да, сайлау бюллетенін толтырылатын бөлмеге шақыруға праволы.

81-СТАТЬЯ. Сайлау үйінде дауыс беріліп жатқан кезінде сайлау үгітін жүргізуге жол жоқ.

82-СТАТЬЯ. Сайлау үйіне осы «ССР Одағы Жоғарғы Советінің сайлауы туралы ереженің» 20-статьясына сәйкес «дауыс беру правосына куәлігімен» келген адамдарды учаскелік сайлау комиссиясы сайлаушылар тізіміне қосады, оған учаскелік сайлау комиссиясының председателі мен секретарі қол қояды.

83-СТАТЬЯ. Сайлау үйіндегі тәртіпке комиссияның председателі жауапты, сондықтан оның жарлықтары үйдегілердің бәріне міндетті болып санақлады.

84-СТАТЬЯ. Сайлау болған күні түнгі сағат 12де учаскелік сайлау комиссиясының председателі дауыс беру аяқталды деп жариялайды, осыдан кейін комиссия сайлау жәшіктерін ашуға кіріседі.

## VIII-ТАРАУ

### САЙЛАУ НӘТИЖЕЛЕРІН АНЫҚТАУ

85-СТАТЬЯ. Учаскелік сайлау комиссиясы дауысты санап жатқан үйде, дауыс саналып жатқан кезде қоғам ұйымдарының және еңбекшілер қоғамдарының арнап жіберген өкілдерінің, сол сыяқты баспа сөз өкілдерінің қатысуға правосы бар.

86-СТАТЬЯ. Учаскелік сайлау комиссиясы жәшіктерді ашып, бар бюллетеннің санын сайлаушылар тізімі бойынша бюллетень алған адамдардың санымен салыстырады, сөйтіп, бұл салыстырудың нәтижелерін протоколға жазады.

87-СТАТЬЯ. Учаскелік сайлау комиссиясының председателі учаскелік сайлау комиссиясының барлық мүшелерінің көзінше әрбір бюллетень бойынша берілген дауыстың нәтижелерін жариялайды.

88-СТАТЬЯ. Дауыс бергенде біреуден артық кандидат қалдырылған бюллетендер, сол сыяқты белгіленген үлгіге сай емес бюллетендер жарамсыз деп танылады.

89-СТАТЬЯ. Сайлау бюллетенінің дұрыстығына күмән туған уақытта, мәселе учаскелік сайлау комиссиясында дауысқа қою жолымен шешіледі де, бұл протоколға жазылады.

90-СТАТЬЯ. Депутаттыққа ұсынылған әрбір кандидатқа берілген дауысты есептеу және дауыс беру нәтижесін жазу Одақ Советін сайлау жөнінен және Ұлттар Советін сайлау жөнінен жеке-жеке жүргізіледі.

91-СТАТЬЯ. Учаскелік сайлау комиссиясы белгіленген үлгі бойынша дауыс беру протоколын үш дана етіп жазады, ал, автономиялық республикалардың, автономиялы облыстар мен ұлт округтерінің жеріндегі учаскелік сайлау комиссиялары



мұны төрт дана етіп жазады, оған учаскелік сайлау комиссиясының барлық мүшелері, соның ішінде председателі мен секретарі қол қоюы міндетті шарт болып табылады.

92-СТАТЬЯ. Учаскелік сайлау комиссиясының берілген дауыс жөніндегі протоколында мыналар көрсетілуге тиіс:

- а) дауыс берудің басталған және аяқталған уақыты;
- б) сайлаушылар тізіміндегі сайлаушылардың жалпы саны;
- в) сайлау бюллетенін алған сайлаушылардың саны;
- г) Одақ Советін сайлауға және Ұлттар Советін сайлауға қатысқан сайлаушылардың саны жеке-жеке көрсетілуге тиіс;
- д) жарамсыз деп табылған бюллетендердің саны, бұл да Одақ Советін сайлау жөнінен және Ұлттар советін сайлау жөнінен жеке-жеке көрсетілуге тиіс;
- е) барлық кандидаттардың фамилиясы өшірілген бюллетендердің саны, бұл да Одақ Советін сайлау жөнінен және Ұлттар Советін сайлау жөнінен жеке-жеке көрсетілуге тиіс;

ж) әрбір кандидатқа берілген дауысты есептеудің нәтижелері;

з) учаскелік сайлау комиссиясына түскен арыздар мен шағымдардың қысқаша мазмұны және учаскелік сайлау комиссиясының шығарған қаулылары.

93-СТАТЬЯ. Берілген дауыстың есебі шығарылып және протокол жасалғаннан кейін учаскелік сайлау комиссиясының председателі комиссия мәжілісінде дауыс берудің нәтижелерін жариялайды.

94-СТАТЬЯ. Учаскелік сайлау комиссиясы жасаған дауыс беру протоколының бір данасы 24 сағат ішінде арнаулы адаммен Одақ Советін сайлауды өткізетін округтік сайлау комиссиясына жіберіледі; учаскелік сайлау комиссиясы жасаған дауыс беру протоколының екінші данасы 24 сағат ішінде арнаулы адаммен Ұлттар Советін сайлауды өткізетін округтік сайлау комиссиясына жіберіледі.

95-СТАТЬЯ. Сайлау бюллетендерінің бәрiне, — жарайтындарына бір бөлек, жарамай қалғандарына бір бөлек, Одақ Советі жөнінде бір бөлек, Ұлттар Советі жөнінде бір бөлек шығарылып, ол учаскелік сайлау комиссиясының мөрiмен печатталады, оны, дауыс беру протоколының соңғы данасымен бірге, мөрмен бірге учаскелік сайлау комиссиясының председателі: қалаларда — еңбекшілер депутаттарының қалалық Советтерінің атқару комитеттеріне, ал аудандарға бөлінген қалаларда — еңбекшілер депутаттарының аудандық совет атқару комитеттеріне; ауыл-селолық жерлерде — еңбекшілер депутаттарының аудандық немесе үездік Советі атқару комитеттеріне сақтауға тапсырады.

96-СТАТЬЯ. Еңбекшілер депутаттары Советтерінің атқару комитеттеріне сайлау бюллетендерін ССР Одағы Жоғарғы Советінің президиумынан тиісті нұсқау болғанша сақтау міндеті жүктеледі.

97-СТАТЬЯ. Округтік сайлау комиссиясы дауысты санап жатқан үйде, дауыс есептеліп жатқан кезде бұған тиісті өкілдік алған қоғам ұйымдарының және еңбекшілер қоғамдарының арнаулы өкілдерінің, сол сыяқты баспа сөз өкілдерінің қатысуға қызығуы бар.

98-СТАТЬЯ. Округтік сайлау комиссиясы берілген дауысты учаскелік сайлау комиссиялары тапсырған протоколға сүйеніп есептейді де, депутатыңқа ұсынылған әрбір кандидатқа берілген дауыстың санын анықтайды.

99-СТАТЬЯ. Одақ Советін сайлауды өткізетін округтік сайлау комиссиясы және Ұлттар Советін сайлауды өткізуге одақтас республикадан құрылған округтік сайлау комиссиясы дауыс беру протоколын екі дана ал, Ұлттар советін сайлауды өткізуге автономиялық республикадан, автономиялық облыстан және ұлт округінен құрылған округтік комиссия үш дана етіп жасайды, оған округтік сайлау комиссиясының барлық мүшесі, оның ішінде председателі мен секретарі қол қоюы міндетті шарт болып саналады.

100-СТАТЬЯ. Округтік сайлау комиссиясының протоколында мыналар көрсетілуге тиіс:

- а) округтегі учаскелік сайлау комиссияларының саны;
- б) дауыс беру протоколын тапсырған учаскелік сайлау комиссияларының саны;



- в) округтегі сайлаушылардың жалпы саны;
- г) сайлау бюллетенін алған сайлаушылардың саны;
- д) дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың саны;
- е) жарамсыз деп табылған бюллетендердің саны;
- ж) барлық кандидаттардың фамилиялары өңірленген бюллетендердің саны;
- з) депутаттыққа ұсынылған әрбір кандидатқа берілген дауыстың саны;
- и) округтік сайлау комиссиясына түскен арыздар мен шағымдардың қысқаша мазмұны және округтік сайлау комиссиясының шығарған қаулылары.

101-СТАТЬЯ. Протоколға округтік сайлау комиссиясының председателі қол қойғаннан кейін комиссияның мәжілісінде сайлаудың нәтижелері жарияланады.

102-СТАТЬЯ. ССР Одағы Жоғарғы Советінің депутаттығына ұсынылған кандидаттардың дауыстың нағыз көпшілігін алғаны, яғни округ көлемінде берілген және дұрыс деп табылған барлық дауыстардың жартысынан көбін алғаны сайланған болып саналады.

103-СТАТЬЯ. Округтік сайлау комиссиясының председателі депутаттыққа сайланған кандидатқа оның ССР Одағы Жоғарғы Советінің депутаты болып сайланғанына куәлік береді.

104-СТАТЬЯ. Дауысты есептеу аяқталғаннан кейін 24 сағаттан қалдырмай Одақ Советін сайлауды өткізетін округтік сайлау комиссиясының председателі, сол сыяқты Ұлттар Советін сайлауды өткізетін округтік сайлау комиссиясының председателі протоколдың бірінші данасын печаттап, арнаулы алам арқылы Орталық сайлау комиссиясына, протоколдың екінші данасын Ұлттар Советін сайлауды өткізетін одақтас республиканың, автономиялы республиканың, автономиялы облыстың, ұлт округінің сайлау комиссиясына жіберуге міндетті.

105-СТАТЬЯ. Егер кандидаттардың бірде-бірі дауыстың анық көпшілігін ала алмаса, тиісті округтік сайлау комиссиясы протоколға мұны атап көрсетіп, Орталық сайлау комиссиясына және Ұлттар Советін сайлауды өткізетін одақтас, автономиялы республиканың, автономиялы облыстың немесе ұлт округінің сайлау комиссиясына білдіреді және сонымен қабат дауыстың ең көбін алған екі кандидаттың қайтадан дауысқа қойылатынын жариялайды, сонымен бірге сайлаудың бірінші кезегі өткеннен кейін екі жеті мерзімінен кешіктірмей, қайтадан дауысқа қоюдың күнін белгілейді.

106-СТАТЬЯ. Егер округке берілген дауыстың саны сол округтегі дауыс беруге правосы бар сайлаушылардың жартысынан кем болып шықса, Одақ Советінің сайлауын өткізетін немесе Ұлттар Советінің сайлауын өткізетін округтік сайлау комиссиясы мұны протоколда атап көрсетіп, дереу Орталық сайлау комиссиясына және Ұлттар Советінің сайлауын өткізетін одақтас, автономиялы республикалардың, автономиялы облыстың немесе ұлт округінің сайлау комиссиясына білдіреді. Мұндай ретте Орталық сайлау комиссиясы бірінші сайлаудан кейін екі жетіден қалдырмай жаңа сайлау өткізуді белгілейді.

107-СТАТЬЯ. Депутаттыққа ұсынылған кандидаттарды қайта сайлау, сол сыяқты дұрыс емес деп табылған сайлауды жаңадан өткізу бірінші сайлау үшін жасалған сайлаушылар тізімі бойынша және осы «ССР Одағы Жоғарғы Советінің сайлауы туралы ережеге» толық сәйкес өткізіледі.

108-СТАТЬЯ. ССР Одағы Жоғарғы Советінің составынан депутат шығып қалған реттерде ССР Одағы Жоғарғы Советінің Президиумы ол депутат ССР Одағы Жоғарғы Советінің составынан шығып қалғаннан кейін екі ай мерзімнен кешіктірмей тиісті сайлау округінде жаңа депутат сайлауды белгілейді.

109-СТАТЬЯ. ССР Одағы азаматының ССР Одағы Жоғарғы Советін сайлау және оған сайлану правосын жүзеге асыруына күш көрсету, алдау, қорқыту немесе сатып алу жолымен бөгет жасаған әрбір адам жазаланып, екі жыл мерзімге дейін еркінен айырылады.

110-СТАТЬЯ. Советтің қызмет адамы немесе сайлау комиссиясының мүшесі сайлау документтеріне подлог жасаса, немесе дауысты көрнеу теріс санап, жазаланып, үш жыл мерзімге дейін еркінен айырылады.



## ССР Одағы Жоғарғы Советінің сайлауы\*)

Кеше орасан зор саяси маңызы бар мемлекеттік акт жарияланды. ССР Одағының Жоғарғы Советінің Президиумы «ССР Одағы Жоғарғы Советінің сайлауы өткізу туралы» Указ шығарды.

Указда былай делінді:

«Соғыстың аяқталуына және ССР Одағының бірінші сайланған Жоғарғы Советі өкілдігінің мерзімі өтуіне байланысты, ССР Одағы Жоғарғы Советін сайлайтын күнді сайлау мерзімінен кемінде екі ай бұрын жариялау және сайлауды жұмыс істемейтін күні өткізу тәртібін белгілеген «ССР Одағы Жоғарғы Советінің сайлауы туралы ереженің» 72-статьясы бойынша Советтік Социалистік Республикалар Одағы Жоғарғы Советінің Президиумы қаулы етеді:

ССР Одағы Жоғарғы Советінің сайлауы 1946 жылғы 10 февральда жексенбі күні өткізілетін болсын».

Соғыс уақытының төтенше жағдайы сайлау өткізуге мүмкіншілік бермеді. Соғыстың жеңіспен аяқталуы жағдайды негізінен өзгертті. Халқымыз совет мемлекетінің жоғарғы өкмет орнын сайлауға даярлана бастайды.

Отан соғысының қатты ұрыстарында халқымыз туысқан совет мемлекетін, өзінің ұлы социалистік демократиясын қаһармандықпен қорғап қалды. Соғыс жорықтарының ауыр сындарында, елдегі жанкыярлық еңбекте совет адамдарын отанына, ең озат ерікті советтік құрылысқа деген жалынды сүйіспеншілік қолдан, жігерлендіріп отырды.

Соғыс жеңіспен аяқталды. Фашист жауыздар тоқтатқан жемісті, творчестволық еңбегіне совет халқы қайтадан кірісті. Совет мемлекетінің тұрмысқа бейім қайтпас күші соғыс сындарында айқын көрінді. Совет халқының әділетті ісі жеңіп шықты. Совет халқы соғыс, шаруашылық және мораль-саясат майданында жауды талқандап, ұлы жеңіске жетті.

Фашист шапқыншыларға қарсы бүресте дүние жүзіндегі ең демократияшыл советтік-социалистік мемлекеттің беріктігі сыналды. Хатерлі қауіп төнген кезде ол тайсалмай қарсы тұрды. Советтер Одағының халықтары достықпен күш біріктіріп, өздерінің советтік отанын қорғауға аттанды. Жұмысшылар, шаруалар, интеллигенттер өздерінің туған елінің панысын, бостандығы мен тәуелсіздігін қорғау үшін Ленин-Сталин партиясы төңірегіне, Сталин жолдас бастаған өз үкметі төңірегіне берік топталды. Бұл дүние жүзілік соғыста Қызыл Армиядай қаһармандық, ерлік көрсеткен, жауға ондай ойсырата соққы бере білген басқа армия болған емес.

Біздің советтік демократия, дүние жүзіндегі ең озат, ең тынақты демократия совет мемлекетінің мызғымас беріктігінің және табандылығының ең күшті негіздерінің бірі болды. Совет елінде халық өз тағдырын өзі шешеді. Бүкіл елімізде советтердің өкмет орындарының жұмысына халқымыздың ұлдары мен қыздарының өздері басшылық етеді.

\*) «Правданың» 7 октябрьдағы басмақаласынан.



Совет халқы мұнан 8 жыл бұрын Сталиндік Конституция негізінде Советтер Одағының бірінші сайланған Жоғарғы Советінің депутаттарын сайлады. Жалпы жұртқа бірдей тең және жасырын тікелей дауыс беру жолымен өткізілген бұл сайлау ол кезде коммунистер мен партияда жоқтардың одағын тамаша жеңіске жеткізді.

1937 жылғы 12 декабрьде өткізілген бүкіл халықтық сайлаудың қарсаңында Бүкіл Одақтық Коммунист (большевиктер) Партиясының Орталық Комитеті өзінің сайлаушыларға арнаған үндеуінде былай деді:

«Кімде-кім Отанымыздың келешекте де қуатты, мәдениетті және ерікті социалистік мемлекет болуына ұмтылса, ол большевиктер партиясына дауыс береді, ол коммунистер мен партияда жоқтар одағының кандидаттарына дауыс береді».

Елімізде социализм орнатуды көздеген, халқымыздың бахытты болуын, еліміздің көркеюін көздеген большевиктер партиясының орасан зор тарихи күресін қорыта келіп, БК(б)П Орталық Комитеті бұл үндеуінде: «Сондықтан да большевиктер партиясы алдағы сайлауларда халқымыздың сеніміне сүйенеді» деді.

Совет мемлекеті және социалистік қоғам құрылысының жыйырма жылдық тәжірибесінде партия саясатының дұрыстығына көзі жеткен совет халқы тегісінен коммунистер мен партияда жоқтар одағының кандидаттарына дауыс берді. Олардың бәрі де әлде қайда көпшілік дауыспен сайланды. ССР Одағының Жоғарғы Советінің сайлауында коммунистер мен партияда жоқтардың одағына 90 миллионға жуық сайлаушы, яғни дауыс беруге қатынасқандардың 98,6 проценті дауыс берді.

Халқымыз Ленин-Сталин партиясына зор сенім көрсетті. Ал большевиктер партиясы халықтың сенімін ақтады.

Ұлы отан соғысының барысында партия саясатының дұрыстығына совет халқының онан сайын көзі жетті. Соғыстың алғашқы кезеңінің ауыр сындарына және сәтсіздігіне қарамастан, халқымыз өзінің партиясына, өзінің туган үкметіне шын ниетімен сенді. Германияны талқандауды қамтамасыз ету үшін халқымыз құрбандық беруден тартынбады. Советтер Одағындағы барлық туысқан халықтар арасында ерекше орын алып, басшылық етіп отырған орыс халқы Ленин-Сталин партиясы бастаған совет үкметіне толық сенім көрсетті. «Орыс халқының совет үкметіне осы сенімі, адамзаттың жауы—фашизмді күйреткен тарихи жеңісті қамтамасыз еткен шешуші күш болды» (И. Сталин).

Большевиктер партиясы соғыс жылдарында фашист басқыншыларға қарсы бүкіл халық күресінің дем берушісі және ұйымдастырушысы болды. Марксистік-лениндік озат ғылыми теорияны қолдана отырып, большевиктер партиясы қазіргі соғыстың заңдарын ашып берді, халқымызды ұлы азаттық соғыс идеясымен жігерлендірді, халқымыздың жеңіске жететін жолын көрсетті.

Халқымыз ССР Одағының Жоғарғы Советіне ең алдымен Сталин жолдасты сайлады. Жоғарғы Бас қолбасшы, Советтер Одағының Генералиссимусы Сталин жолдас адамзаттың тарихындағы ең ұлы соғыста армиямызды және халқымызды толық жеңіске жеткізді. Халқымыздың герман және жапон басқыншыларын талқандап, дүние жүзілік-тарихи жеңіске жетуі ең алдымен Сталин жолдастың арқасы. Халқымыздың мұндай даңққа ие болуы, дүние жүзіндегі ең қуатты мемлекеттердің бірі—совет мемлекетінің халықаралық беделінің артуы Сталин жолдастың арқасы.

Ұлы Отан соғысындағы жеңіс—Советтік социалистік демократиямыздың жеңісі, дүние жүзіндегі ең демократияшыл конституция—Советтер Одағының Сталиндік Конституциясының жеңісі. Майдан мен елде совет адамдарының сансыз отрядтарына басшылық еткен халықтың қалаулы адамдары өздеріне көрсетілген сенімді атқарды. Олар Сталин жолдастың барлық депутаттарға берген нұсқауын бұлжытпай орындады. Москва қаласының Сталин сайлау округы сайлаушыларының сайлау алдындағы жыйылысында сөйлеген сөзінде Сталин жолдас халықтың қалаулы адамдарын өздерінің жұмысында ұлы Ленинен үлгі алуға шақырды. Соғыс жылдарында Советтер Одағының мемлекет қайраткерлері Ленин сыяқты ұрыста батыр, жауға рахымсыз болды, үрейлену дегенді білмеді, Ленин сыяқты адал, әділетті болды, Ленин және Сталин сыяқты өз халқын шын сүйді.



Советтік Социалистік демократияның, советтік халық мемлекетінің асқан артықшылығы еліміз соғыста ауыр сындарға түскен жылдарда ерекше айқын көрінді. Советтік демократияның творчестволық күші қазір, халқымыз барлық күшін бейбіт құрылыс міндеттерін орындауға жұмсап отырған күнде де айқын көрінеді. Өзінің дүние жүзілік-тарихи жеңісінің жемісін тататынын, соғыс түсірген жараны тез жазатынын, совет жерінде ерікті, бақытты, аukatты және мәдениетті тұрмысымыздың онан сайын гүлденетінін жақсы білген халқымыз келешегіне күшті сеніммен қарайды. Большевиктердің ұлы партиясы, кемеңгер Сталин халқымызды тұрмыстың қай саласында болса да жаңа табыстарға жеткізе береді.

---



# Ұлы Октябрь Социалистік революциясының 28 жылдығы.

Советтер Одағының еңбекшілері Ұлы Октябрь Социалистік революциясының 28 жылдығын совет халқының Гитлер Германиясына қарсы жүргізген Ұлы Отан соғысының және империалистік Жапонияға қарсы жүргізген соғыстың аяқталған жағдайында мейрамдап отыр.

Сталин жолдас 1945 жылғы 3 сентябрьде совет халқының соғыстың ауыр жылдарындағы күресі мен еңбегінің қортындысын шығарды. «Қазір,—деді Сталин жолдас,— әрқайсымыз: біз жеңдік деп айта аламыз. Бүгіннен бастап біз өзіміздің Отанымызды Батыста немстердің шабуыл жасау, Шығыста Жапондардың шабуыл жасау қаупінен құтқарылды деп есептей аламыз. Бүкіл дүние жүзінің халықтары үшін көптен күткен бейбітшілік тұды».

Совет адамдары неміс-жапон империалистер қарақшыларын толық және біржолата жеңуді заңды, аса шаттықпен тойлаумен қатар, бұл екі өте қауіпті және күшті мемлекеттер — Германия мен Жапонияны жеңуде бастан өткізген жолдарын да есіне түсіреді. Әрине, бұл жол оңай болған жоқ. Ол, біздің әрбір азаматтарымыздан өз міндеттерін терең ұғуды және өз істерінің әділ екендігіне сенімін арттыруды, нағыз ерлік көрсетуді, қызу еңбек етуді талап етті.

«Қазіргі соғыс,— дейді Сталин жолдас,— Лениннің соғыс әрбір халықтың барлық материалдық және рухани күштерін барлық жағынан бірдей сынайды деген белгілі қарғидасын барынша күшпен дұрыста шығарып отыр. Соғыстар тарихы, шаруашылығының дамуы және ұйымдастырылуы жөнінде, тәжірибесі жөнінен, өзінің әскерлерінің шеберлігі және жауынгерлік рухымен соғыстың өне бойына халықтың төзе білуі және бірлігімен бұл сығға төтеп берген мемлекет қана жеңіп шығады деп үйретеді. Біздің мемлекетіміз дәл осындай мемлекет болып табылады».

Ұлы Октябрь Социалистік революциясы жеңісінің нәтижесінде құрылған совет мемлекеті бұл сыннан ойдағыдай мүдірмей өтті. Советтік құрылыс бейбітшіліктің өркендеу кезінде экономикалық және мәдениеттік өрлеуді ұйымдастырудың ең жақсы формасы ғана болып қойған жоқ, сонымен бірге ол халқымыздың барлық күшін соғыс кезінде дұшпанды талқандауға жұмсаудың да ең жақсы формасы болып шықты.

Ленин мен Сталин Ұлы Октябрь Социалистік революциясы күндерінде басқа халықтармен қатынасын адамгершілік принципіте теңдік жолымен негіздеген жаңа Ресей ұйымдастырды.

Ұлы орыс халқы өзімен бірге еліміздің барлық халықтарына бостандық алып берді. Большевиктер партиясының басшылығымен Ленин-Сталин ұлт саясатын жүзеге асыра отырып орыс халқы Ресейдің бұрынғы артта қалған нашар халықтарына ғасырлық жекпіншіліктен—тапшылықтан құтылуға, өздерінің мемлекетін құруға, мәдениетін өркендетуге және экономика жағынан нығайып жетілуге көмек көрсетті.

Неміс империалистері өзінің шапқыншылық жолында бұрынғы саяси, шаруашылық жөнінен мешеу, артта қалған Ресейге емес, жаңа қуатты социалистік Ұлы мемлекетке — Советтік Социалистік Республикалар Одағына душар болды. Совет



өкмөті жылдарының тұсында елімізде әлеуметтік, шаруашылық және мәдениет жағынан негізінен қайта құрылған зор өзгерістер болды. Кешегі патшалы Ресей меншеу аграрлы елден, Советтер Одағына — қуатты индустриялы және колхозды, дұшпанды жеңіп шығу үшін не керек болса, соның бәрін қамтамасыз етіп отырған елге айналды.

Сталиндік бесжылдықтар тұсында Ұлы байтақ еліміздің кескіні мүлде өзгерді. Балтықтан Тынық мұхит жағалауына дейін, Қызыр Солтүстік тұндыраларынан Памирдің биік шыңдарына дейінгі тұрғындардың социализм орнамаған бір де бір жері жоқ. Мындаған жаңа кәсіп орындары салынды. индустрияның көптеген салалары құрылды.

Деревняда жеңіп шыққан колхоздық құрылыс совет мемлекетінің берік тірегі болды. Ол, ұсақ жеке шаруа шаруашылығына карағанда, өзінің анағұрлым артықшылығын, асқан күшін және өмірге өте қолайлылығын көрсетті. Колхозшы шаруалар соғыс кезінде өзінің отан алдындағы борынын терең ұғудың үлгісін көрсетіп, бүкіл совет халқымен бірге жеңіс үшін аяпбай еңбек сіңірді.

Бейбітшілік жылдарында совет халқының қолы жеткен тарихи жеңістердің қортындысы Советтердің Бүкілодақтық VIII Төтенше Съезі қабылдаған ССРО Конституциясы болды. Бұл Конституция — халқымыздың қолы жеткен тарихи табыстарын заң жолымен баянды етіп жазып берді.

Елімізді социалистік жолмен индустриаландыру және ауыл шаруашылығын коллективтендіру жөніндегі лениндік — сталиндік программаны жүзеге асыру, біздің елде социализмнің жеңіп шығуы Советтер Одағының Ұлы Отан соғысын жеңімпаздықпен аяқтап, Батыста да және Шығыста да шапқыншыларды толық қыйратуды қамтамасыз етті.

Совет халқы дұшпанды тек соғыс жөнінде ғана емес, сонымен қатар экономикалық жөнінде де жеңіп шықты. «Ұзаққа созылған жекпе-жек ауыр күресте фашист әскерлерін Қызыл Армияның жеңгені сияқты, совет тылының еңбекшілері де Гитлер Германиясымен және оның сыбайластарымен жекпе-жек күресте жауды экономикалық жағынан да жеңіп шықты» (Сталин).

Герман соғыс машинасының қызметін атқаруға жұмыс істеген бүкіл Европаның өнеркәсібіне біздің социалистік өнеркәсібіміздің төтеп беріп, қарсы тұруға шамасы келуі былай тұрсын, тіпті ол бізге қарсы соғысқан жаулардың экономикасынан анағұрлым асып түсіп, артық болып шықты. Қазір совет елінің экономикасы соғыстың ауыр сындарынан жеңімпаздықпен өтіп шығып отырған кезде, социалистік ұлы өзгерістер дәуіріне есімдері ұдайы байланысты болған Ленин мен Сталин данышпандықтарының асқан зор асыл тұлғасы біздің толық көз алдымызға ұдайы келеді.

Соғыста ССРО халық шаруашылығының күші сыңға түсті. «...Егер де Қызыл Армияға тылдан біздің бүкіл совет халқы, біздің бүкіл еліміз көмек көрсетіп тұрмаған болса, Қызыл Армияның табысы баянды болмас еді, және дұшпанның алғашқы елеулі қарсы соққысы тиісімен-ақ, ол табыс жоққа шыққан болар еді. Қызыл Армия Отан үшін болған ұрыстарда теңдесі жоқ ерлік көрсетті. Бірақ совет халқы да Қызыл Армия алдында борыншты болып қалған жоқ... Отан соғысы совет халқының небір керемет істерді істеуге қолынан келетінін және ең ауыр сындардан жеңіспен өтіп шыға алатынын көрсетті ...» деді Сталин жолдас өзінің соғыс кезіндегі баяндамаларының бірінде.

Большевиктер партиясы басшылық етіп отырған совет халқы өзінің Қызыл Армиясын алдыңғы қатарлы, қазіргі заманның соғысы талабына барлық жағынан сай келетін сапалы жауынгерлік техникамен жабдықтады.

Қызыл Армияның қазір көптеген қуатты артиллериясы бар, ал бұл Отан соғысы барысында бейбітшілік кезіндегі санымен салыстырғанда бес есе өсті. Соғыстың барысында, танктердің қазіргі түрлері соғыстан бұрынғы кездегі осындай танктердің санымен салыстырғанда онбес есе артты. Мұның үстіне, біздің соғыс өнер кәсібіміз соғыстың барысында жаңадан өздігінен жүретін күрделі және жеңіл артиллерия жасап шығарды.

Соғыстың екінші жартысында ұрыс далаларында біздің танктеріміз бен өз-



дігінен жүретін артиллериямыз басым болды. Ал, мұның өзі бізге зор көлемде ұрыс қыймылдарының маневрлерін жасауға, жаудың ірі-ірі топтарын қоршап алуға, оны толық жойып бітіргенше өкшелеп бет қаратпай қуып отыруға мүмкіншілік туғызды.

Біздің халық авиациялық өнеркәсібімізді өркендете отырып самолеттер шығаруды күшейтті. Самолеттер саны соғыстың бас кезімен салыстырғанда бес есе өсті. Сөйтіп жаудың әуедегі артықшылығын жойып, ол артықшылық біздің авиация жағына көшті.

Әскерлеріміздің техникалық түрлерінің өріс алуымен қатар даңқты жаңу әскерлеріміздің жауынгерлік техникасы да молайтылды.

Жаңу әскерлерімізді осындай техникалық жаңа соғыс құралдармен қаруландыру олардың қорғану және шабуыл ұрыстарын күшейтуіне жағдай жасап, аз ғана адамдар күшімен жауынгерлік міндеттер орындауға мүмкіндік туғызды. Әскерлеріміздің басқа түрлері де техникамен толық жабдықталды.

Соғыс бітпестен көп бұрын, біздің жеріміз гитлершіл басқыншылардан әлі толық тазартылып болмаған кездің өзінде-ақ партиямыз бен үкметіміз халқымыздың алдына уақытша неміс басқыншылардың қолында қалып, неміс-фашист айуандар бүлдіріп кеткен аудандардағы шаруашылықты, мәдениетті қалпына келтіру туралы өте игілікті, өте жауапты міндет қойды. Совет халқы бұл міндетті жүзеге асыруға бар ынта-жігерін салып кірісіп, ол өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығын қалпына келтіру жұмысының үстінде бұл міндеттің аса тез қарқынмен жүзеге асырылып жатқанын көріп отырмыз.

Еліміздің Оңтүстігінде 1945 жылдың орта кезінде ақ 19 домен пеші, 50ден аса мартен пеші, 30дан аса прокат пен трубалық станок, 52 коке батареясы қалпына келтірілді. Қаһарман Донбасс өзінің бұрынғы даңқын қайтадан қалпына келтіруде. Ол елімізге соғысқа дейінгі өзі беріп келген көмірдің 50дей процентін беріп отыр, сөйтіп еліміздің қай көмірлі ауданынан болса да Донбасс көмірді осы күннің өзінде-ақ артық беріп отыр. Халқымыздың көркі және мақтанышы — ДнепроГЭС барынша күшті қарқынмен қалпына келтірілуде.

Социалистік ауыл шаруашылығымыз да өнеркәсіптен кейін қалып қойған жоқ, қайта онымен жарыса отырып, ол армиямыз бен елімізді астықпен, өнеркәсібімізді ауыл шаруашылығының шикі затымен қамтамасыз ету міндетін ойдағыдай атқарып келді.

Совет халқы дұшпанды соғыс және экономикалық жағынан жеңумен қатар, идеология және моральдық жағынан да жеңді. Соғыста күресуші елдердің тек орасан көп құралды күштері ғана қарсы шайқасып қойған жоқ, сонымен қатар олардың бір-біріне мүлде қарсы идеологиялары да шайқасты. Айуандық-ұлтшылдық, нәсілдік, ортағасырлық, қаратүнек пен қарақшылық саясатына негізделген адамзатты жек көрушілік фашистік идеологияға қарсы Совет елі халықтарының достығына, олардың саяси экономикалық және мәдениет өмірінің бекінген теңдігіне негізделген социалистік, маркстік-лениндік идеологияны, басқа ұлттарды және олардың праволарымен өз алдына мемлекет болып өмір сүруін, тәуелсіздігін хұрметтейтін идеологияны қорғады.

Біздің елімізде жеңіп шыққан халықтардың достығы мен туысқандық идеясы, интернационалдық идеясы совет халқының сана сезіміне толық орнаған, көмейіне әбден қонған идея болды. Соғыс Ленин — Сталин партиясының ұлт саясатының тамаша салтанат кұрғандығын тағы да көрсетті.

«Совет Отаншылдығының күші. — деп үйретеді Сталин жолдас, — нәсілдік немесе ұлтшылдық соқыр сенімге негізделмей, халқымыздың өзінің совет Отанына шын берілгендігінде, адалдығында, еліміздің барлық ұлттары еңбекшілерінің туысқандық достығына негізделуінде, Совет отаншылдығында халықтардың ұлттық дәстүрлері мен Советтер Одағының барлық еңбекшілерінің өздеріне жалпы ортақ тұрмыс мүдделері жарастылықпен ұштасып отырады. Совет отаншылдығы еліміздің барлық ұлттары мен халықтарын ажырастырмайды, қайта бір тұтас туысқандық олақ етіп топтастырады. Советтер Одағы халықтарының барған сайын нығайып отырған мызғымас берік достығының негіздері осы деп білу керек. Мұнымен



бірге Советтік Социалистік Республикалар Одағы халықтары шет елдердегі халықтардың правасы мен тәуелсіздігін хұрметтейді, көршілес мемлекеттермен тату және дос болып тұруға әрдайым даярлық білдіріп келді. Мемлекетіміздің бостандық сүйгіш халықтармен екі арадағы өркендеп, нығайып отырған байланысының негізі осы деп білу керек».

Неміс-фашист басқыншыларға қарсы бүкіл халықтық күрестің ұйымдастырушысы және оның дем берушісі Ленин — Сталин ұлы партиясы болды.

Большевиктік партия еліміздің халықтарын Ұлы Октябрь Социалистік революциясының жеңісіне жеткізді. Ол 1918 жылы жас Совет республикасына тап берген неміс империалистеріне қарсы күрестің дем берушісі және ұйымдастырушысы болды. Большевиктік партия азамат соғысының қаһарлы жылдарында жұмысшылар мен шаруаларды ұйымдастырып, оларға дем беріп, оларды күреске бастады. Большевиктер партиясының басшылығы арқасында еліміздің еңбекшілері социализмнің саулетті үйін тұрғызды. Большевиктер партиясындай халық бұқарасымен мықты байланысты және халық мүддесін көксейтін ешбір партия жоқ. Өзінің саяси және ұйымдастырушылық тәжірибесінің молдығы жөнінен, өзінің идеялық ықпалының күштілігі жөнінен большевиктер партиясына тең келетін ешбір партия жоқ.

«Отан соғысы күндерінде партия фашист басқыншыларға қарсы бүкіл халықтық күрестің дем берушісі және ұйымдастырушысы болып көрінді. Партияның ұйымдастырушылық жұмысы барлық күшті біріктіріп, оны совет адамдарының барлық күшін жалнымызға ортақ іске қарай бағыттап отырды, біздің барлық күш-құралдарымызды дұшпанды талқандау ісіне бағындырып отырды» (Сталин).

Партия соғыс кезінде өзінің ең жақсы қызметкерлерін Қызыл Армия мен Флоттың қатарына жіберді, ал олар армия қатарын шыңдаушы топ, кұдыретті күш болды. Соғыс жылдарында партия бұрынғыдан да гөрі нығайды, оның қалың бұқара алдында беделі орасан артты, партияның халықпен байланысы бұрынғыдан да күшейді, өзінің туысқан большевиктер партиясына деген халықтың сүйіспеншілігі бұрынғыдан да күшейе түсті. Соғыс жылдарында большевиктер партиясының қатарына майданда және тылда өздерінің барлық күшін жеңіске жету ісіне жұмсаған жүз мыңдаған совет отаншылары алынды. Қазір партияның қатарында 5.700 мыңнан аса адам бар. Большевиктер партиясы өзінің қажымас еңбегімен және Отанға шексіз қызмет етудің үлгісін көрсетумен совет адамдарының отаншылдық еті безімдерін оятты, жігер берді, оларды ерлік істерге жұмылдырды, жеңіс үшін керекті біліммен қаруландырды, соғыстың алғашқы жылдарында еліміз бастан кешірген ауыр күндерде партия совет адамдарына жігер беріп отырды.

Елімізде Ленин — Сталин партиясы табанды түрде жүзеге асырып отырған халықтар достығының саясатына барлық бостандық сүйгіш халықтар да сүйсініп отырды, ал, мұның өзі Гитлерге қарсы және Жапонияға қарсы бостандық сүйгіш халықтардың одағын ұйымдастыруға, сөйтіп Германияны сыртқы саясаттан толық шеттетуге көмекші жағдай жасады. Партия өзінің данышпандық сыртқы саясаты арқасында елімізге бүкіл демократияшыл елдердің ішінде олардың фашизмге қарсы күресінде жетекші орын алып берді.

Германияға және Жапонияға қарсы соғыста совет халқының қолы жеткен жеңістің маңызы соншалық, дүние жүзілік тарихта бұған тең келерлік ешбір уақытқа болған емес.

Ресей тек Ұлы Октябрь Социалистік революциясы арқасында, социалистік ұлы өзгерістер арқасында ғана бұл соғыста Германияның соғыс күшін талқандап жойған негізгі күш бола алғанын қазір жұрттың бәрі мойындайды. Жеңіс үшін сансыз кұрбандық берген, бостандық сүйгіш халықтардың қас жауына қарсы күресте теңдесі жоқ ерлік істер көрсеткен совет халқының ерлігі алдында бүкіл адамзат бас иіп, алғыс айтады.

Сан миллион совет адамдарының бұл қаһармандық тамаша күресіне басшылық еткен адамның есімі қазір дүние жүзіндегі барлық халықтардың тілінде қошаметпен мақтан етіліп айтылады. Бұл есім: өз бойында даналық пен батылдықты, мүлтіксіз ғылыми есеппен шын ерлікті ұштастырған, өз бойында қаһарман халықтың,



жеңімпаз халықтың, азат етуші халықтың асыл хасиеттерін сақтаған Советтер Одағының көсемі және оның данышпан қолбасшысы, Жоғарғы Бас қолбасшы Генералиссимус Сталин жолдастың есімі.

Соғыстан әлде қайда бұрын, неміс империалистері Советтер Одағына тап беруден көп бұрын Сталин жолдас уақыттарының бет алысын күн ілгері болжады. Халқымызды өзінің Советтік Отанын қорғауға даярлады, Қызыл Армияны тәбиелеп өсірді, қуатты индустрия құрды, ауыл шаруашылығын социалистік жолмен қайта ұйымдастырды. Совет адамдарын Отанымызға шын беріліп қызмет ету рухында, мобилизациялық даярлық рухында, еліміздің халықтарының берік достығы рухында, қаһармандық, батырлық, табандылық және ерлік рухында тәрбиеледі.

1941 жылдың ызғарын төккен қаһарлы күндерінде көрегендікпен уақыттың алдын болжап, хасиетті жерімізге тап берген опасыз сұрхия жаудың талқандалатынын көрсеткен және өз күшімізге толық сенген Сталин жолдастың байсалды даусы естілді. Онда Сталин жолдас халқымызға жеңіске жеткізетін жолды көрсетіп, әділетті ісіміздің жеңетіндігіне сенімді нығайтты. Әрбір совет азаматын барлық күшін жеңіс жолына аянбай жұмысауға шақырды, социалистік мемлекетіміздің алып күштерін жауға қарсы күреске аттандырды. Соғыстың ең қиын күндерінде халқымыздың көсемі және ұстазы, данышпан стратегіміз соғысқа басшылық етудің бүкіл ауыртпалығын өз қолына алды, Мемлекеттік Қорғау Комитетінің басшысы болды.

Сталин жолдас көрегендік данышпандықпен совет халқының күшті және зұлым жауға қарсы күресінің программасын белгілеп берді. Қазіргі заманның соғыс заңдарын ашып айқындап, біздің жеңетіндігімізді ғылыми жолмен дәлелдеп көрсетті. Сталин жолдас бұрын-соңды болып көрмеген қырғын ұрыстардың тағдырын кездейсоқ, өткірші күштер емес, тұрақты, ұдайы өсіп отыратын негізгі күштердің шешетіндігін, ал оның біздің пайдамызға шешілетіндігін көрсетті.

Сталин жолдас халқымызды оған дейін болып көрмеген ерлік істерге жұмылдырды. Совет адамдары не үшін соғысатынын жақсы білді. Соғыстың сыбатын ашып көрсетіп, совет жауынгерлерінің алдына ұлы отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігін, Октябрь Социалистік революциясының табыстарын қорғауды ең ардақты және ең жоғарғы мақсат етіп қойды.

Сталин жолдас соғыстың барысына айқын баға бере отырып, Қызыл Армия мен бүкіл совет халқының кезекті міндеттерін дәл уағында белгілеп беріп отырды. Оның әрбір сөйлеген сөзі шешілуді керек етіп отырған өте маңызды мәселелерге жауап беріп, халқымызға жаңадан күштер қосып, ұдайы жігер беріп отырды.

Совет мемлекетінің басшысы Сталин жолдас, жауға қарсы күресте бүкіл тетікті іске кірістірді, совет экономикасының бүкіл күш-қуатын пайдаланды, халықтың барлық күшін жұмылдырды. Совет мемлекеті Сталин жолдастың басшылығымен неміс-фашист мемлекетінің қабырғасын қыйратып, омыртқасын күйреткен басты күш болды және бостандық сүйген халықтардың Гитлер Германиясын жеңіп шығуын қамтамасыз етті.

Демократиялық ұлы державалар — Советтер Одағының, Ұлы Британияның АҚШтардың күш біріктіруінің нәтижесінде Германия мен Жапония толық жеңілді. Бірақ, дүние жүзі бұл соғыстан шыққанда, соғысқа кірген кездегісіндей болып шыққан жоқ. Еуропаның азат болған Польша, Чехословакия, Югославия, Румыния сыяқты елдеріндегі орнаған демократиялық тәртіпті халықтың қалың бұқарасы әбден қолдап отыр.

Қызыл Армия азат еткен елдерге, Советтер Одағынан моральдық және материалдық жәрдем алған елдерге жаңа тұрмыстың таңы атты. «Бүгіннен бастап, — деді Сталин жолдас, — Еуропа үстінде халықтар бостандығының және халықтар арасындағы бейбітшіліктің ұлы туы жембірейді».

Соғыстың барысында жер жүзі жұмысшы қозғалысының бірлігі құрылды. Көсіпшілер одағының Лондонда болған дүние жүзілік конференциясы фашизмге қарсы барлық елдер жұмысшыларының күшін біріктіру керек деп бір ауыздан қаулы алды. Көсіпшілер одағының Парижде жақында ғана болып өткен дүние



жүзілік екінші конференциясы жаңа демократиялық негізде жұмысшы қозғалысының халықаралық орталығын құрды.

Сан-Францискода болған конференцияда бейбітшілік пен қауіпсіздікті қорғап отыратын ұйым құрылды. Біріккен ұлттардың бұл ұйымы басқыншылықтың қандайына болса да жол бермейтін, ал егер ондай басқыншылық шыға қойса, басқыншыларды ауыздықтап, оларды басып-жаншуға, талқандап жоюға хұдыреті келетін күшті құрал болып табылуға тиіс. Бұл ұйымның алдында тұрған басты міндеттерді жүзеге асырудың қажетті шарты—ұлы державалардың Германия және Жапониямен соғыс кезіндегідей бейбітшілік кезінде де бір ауыздылықпен және ынтымақпен бірігіп жұмыс істеуі болып табылады.

Әрбір бостандық сүйгіш мемлекет бейбітшілік өмір орнатып, өзінің ұлттық байлығын арттыра беруге мүмкіндік алды. ССР Одағы бейбітшілікпен социалистік құрылысты өркендетуге мықты сеніммен кірісті. Соғыс аяқталысымен, төрт айдың жүзі толмай-ақ БК(б)П Орталық Комитеті мен ССРО Халық Комиссарлары Советі ССРО халық шаруашылығы мен темір жол транспортын қалпына келтірудің және оларды бұдан былай да өркендете берудің төртінші бесжылдық (1946-1950 жж.) жоспарын жасау туралы қаулы қабылдағаны мәлім.

Төртінші бесжылдық жоспар еліміздің экономикалық және соғыстық қуатының мұнан былайда өсуінің, Советтер Одағы еңбекшілерінің мәдениеті мен ғылымының керкеуіп, олардың тұрмыс-халін жақсартудың орасан зор программасы болып табылады. Бұл жоспарды орындаудың нәтижесінде ССРОның шаруашылық және мәдени тұрмысының дәрежесі соғыстан бұрынғыдай едәуір асып түсетін болады. Төртінші бесжылдықта Қазақ ССРның халық шаруашылығына да әлденеше миллиардтаған сомдар жұмсалады.

Қазақстанның еңбекшілері Ұлы Октябрь Социалистік революциясының 28 жылдық мерекесі мен Қазақ ССРның 25 жылдық мерекесінің қарсаңында Жеңіс хұрметіне арналған Бүкілодақтық Социалистік жарысқа түсе отырып, социалистік құрылысымыздың кейбір салаларында елеулі табыстарға ие болды.

Жақсы қызмет істегендері үшін Мемлекеттік Қорғау Комитетінің ауыспалы Қызыл туын бірнеше рет алған одақтық кәсіп орындары республикамызда аз емес.

Соғыс жылдарында Мемлекеттік Қорғау Комитетінің туы Балқаш мыс заво­дына 18 рет берілді. Жезқазған кені Мемлекеттік Қорғау Комитетінің туын 16 ай үздіксіз, Эмба­нефтінің мұнай кенінің Ескене кәсіп орны 7 ай үздіксіз ұстап тұрды. Қарағанды, Түрксиб темір жолдарына және олардың бірсыпыра бөлімшелеріне Мемлекеттік Қорғау Комитетінің туы 6 рет берілді, Қарағанды көміршілеріне бұл ту төрт рет берілді.

Республикамыздың жеке облыстары мен аудандарына мал басын көбейтіп, мал өсірудің жоспарын орындағандықтары үшін Мемлекеттік Қорғау Комитетінің қызыл туы әлденеше рет берілді.

Социалистік жарыстың өнеркәсіптегі, транспорттағы, ауыл шаруашылығындағы, мәдениет пен ғылым жөніндегі озаттарынан 11.565 адамға республикалық наградтар берілді.

Егіннен мол өнім алу және астық тапсырудың жоспарын орындап шығу жолында күресті күшейте отырып, Алматы, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Гурьев, Қарағанды, Ақтөбе, Батыс Қазақстан облыстары 1945 жылғы астық дайындаудың мемлекеттік жоспарын мерзімінен бұрын және артығымен орындап шықты және олар жоспардан тысқары өздерінің алған міндеттемелерінің есебінен Жеңіс қорына жүз мыңдаған пұт астық өткізді. Осы жылдың 20 октябріне республикамыздың 55 ауданы, 2.5 мыңнан аса кәлхозы, 100ден аса совхозы астық дайындау жоспарын орындап шықты. Бұл табыстар республикамыздың қалып бұқарасы бүкіл совет халқымен бірге, Германия және Жапониямен арамыздағы соғыстың жеңісті түрде аяқталуында, зор қуанышпен саяси рухының көтерілуінің нәтижесінде болып отыр.

Сонымен қатар, республикамызда мемлекетке астық өткізудің белгіленген жоспарын орындай алмай, кейін қалып отырған облыстар да аз емес.

Ендігі міндет — таяу уақыт ішінде жеке облыстар мен аудандардың, колхоздар мен совхоздардың, МТСтарымыздың алған міндеттемелерін толық орындауды,



мемлекетке астық және басқа да ауыл шаруашылық өнімдерін тапсыру жоспарын толығымен орындауды қамтамасыз ету болып табылады.

Бұл үшін барлық партия, комсомол ұйымдары, үгітшілер мен прокатандистер, партия және совет қызметкерлері халық арасында партия-саяси жұмыстарын бұрынғыдан да жоғары сатыға көтерулері керек, жарысты кеңінен өрістетіп отырып, социалистік жарыс міндеттемелерінің толық орындалуы үшін мықты күрес жүргізіп, республикамыздың быйылғы жылдағы халық шаруашылығының жоспарының толық және артық орындалуын қамтамасыз ету керек.

Республикамыздың партия, совет және шаруашылық ұйымдарының алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі—еңбекшілердің мәдени-тұрмыс жағдайларын жақсарту үшін олардың күнделікті тұрмыс хажеттігін орындауды дұрыс ұйымдастыру болып табылады. Адамның қамын жеу, оның бейбітшілік кездегі мұхтаждығын шешіп отыру өте маңызды міндет. Әрбір азаматымыз партиямыз бен және шаруашылық ұйымдарының олардың қамын ойлап, совет халқының соғыс жылдарындағы басынан кешірген көп ауыртпалықтары, шығындарының орнын толықтыру үшін, көрсеткен жоғары саяси саналылығы үшін, еңбектегі бұрын-соңды болып көрмеген ерліктері үшін олардың қамын үзбей ойлап отырғандарын сезетіндей болулары керек. Кәсіп орындарын және пәтер үйлерді қысқа даярлау, жұмысшылар мен қызметкерлерді отынмен қамтамасыз ету, облыс, аудан орталықтарын, деревнялар мен ауылдарды қысқы жағдайға даярлау таяу күндерде бітуі керек. Жергілікті өнеркәсіптің кәсіп орындарының жұмысын ұлғайту, өнеркәсіп орындарында халыққа хажетті көпшілік қолды товарлар жасап шығаратын цехтар ұйымдастыру керек. Бірақ, бұлардың барлығы да партия, совет және шаруашылық ұйымдарының күнделікті көңіл бөліп, істің жайын қадағалап отыруын талап етеді.

Совет халқының аса сүйікті мейрамы — Ұлы Октябрь Социалистік революциясының 28 жылдық мерекесін Қазақстан еңбекшілері Қазақтың Советтік Социалистік Республикасының 25 жылдық мерекесін тойлау қарсаңында өткізгелі отыр. Бұл ширек ғасыр өмір сүру тек Ұлы Октябрь Социалистік революциясы жеңіп шығуының, біздің большевиктер партиясы мен Совет үкметінің және ұлы көсемдеріміз Ленин мен Сталиннің қазақ халқының қамын ұдайы ойлап, оның өз алдына мемлекетін ұйымдастырып және оны нығайта беру жөнінде күн сайын көрсетіп отырған аталық қамқорлықтарының нәтижесінде ғана мүмкіндік туды. Қазақстанның өсуі және гүлденуі, бұрынғы ең артта қалған қазақ халқының экономика және мәдениет жөнінде ұлы Советтер Одағының алдыңғы халықтарының қатарына жеткізу жөнінде орасан көп еңбек сіңірген ұлы орыс халқының қазақ халқына және оның республикасына көрсетіп отырған басшылық жәрдемінің және үнемі қамқорлық етіп отыруының нәтижесінде ғана мүмкіндік туды. Қазақстандықтар Отанымыздың барлық халықтарымен бірге, ұлы орыс халқы бас болып, Ұлы Отан соғысының қызу ұрыс майдандарында туған советтік жерімізді неміс-фашист басқыншылардан ерлікпен қорғайы. Қазақстандықтардың бұл ерліктерін Совет үкметі бағалап отыр. Советтер Одағының даңқты батырлары ішінде 330 қазақстандық батырлар бар, — олардың ішінде қазағы — 90. Советтер Одағының батырларының атағын екі рет алғандарының ішінде Қазақстаннан: Луганский, Павлов. Бөде және Советтер Одағының батыры атағын екі рет алған қазақ Бигелдинов Талғат жолдастар бар. Біздің жеңімпаз Қызыл Армиямыздың ордендар мен және медальдармен наградталған офицерлері мен солдаттарының ішінде Қазақстандықтар бірнеше онмыңдан саналады. Олардың ішінде қазағы 40 мыңнан асады.

Тылда жұмыс істеген қазақстандықтар да майдан үшін аз еңбек сіңірген жоқ. Колхозды шаруалар соғыс уақытының барлық қиыншылықтарын жоя отырып, соғыстың төрт жылы ішінде соғыстан бұрынғы төрт жылғыдан әлденеше миллион пұт астық артық берді. Сол сыяқты соғыс кезінде, соғыстан бұрынғы төрт жылға қарағанда елімізбен майданға етті, майды, сүтті, жүнді және өнеркәсібімізге ауыл шаруашылығынан өнетін түрлі шикі заттарды едәуір көп берді.

Түсті метал, мұнай және көмір өнеркәсіптерінің жұмысшылары, инженер-техника мамандары мен қызметкерлері өз өндірістерінің көлемін айта қаларлықтай мөлдітіп, жаумен күресте еліміз бен майданды керек нәрсенің бәрімен жеткілікті



түрде қамтамасыз етіп отырған алдыңғы өнеркәсіп орындарымыздың қатарында болды.

Жауды жеңу ісіне республикамыздың өнеркәсібінің басқа салалары да зор үлес қосты. Ірі ғылыми мекемелер ССРО ғылым Академиясының Қазақ филиалы мен В. И. Ленин атындағы Бүкілодақтық Ауыл Шаруашылық Академиясының Қазақ филиалы біріктіріп отырған Қазақстанның білімпаздары мен ғылыми қызметкерлері жеңіс ісіне өте бағалы үлес қосып, республикамыздың майданға көмегін күшейтті.

Міне, бұл жәрдемнің барлығы да Совет отаншылдығының, Отанымыздың зор байлығының, миллиондаған Совет адамдарының сарқылмайтын қайнаған творчестволық күшімен жігерінің жарқын айрағы болады.

Бұл қол жеткен табыстарға тоқтамай ілгері баса берейік, социалистік құрылыстың барлық салаларында жаңа табыстарға жете берейік. Өнеркәсіпті, ауыл шаруашылығын, ғылымды, мәдениетті және техниканы ілгері дамыта берейік, осы негізде, большевиктер партиясының басшылығымен, ұлы көсеміміз Сталин жолдастың басшылығымен коммунизмнің көркем қорғанын қалай берейік.



Қазақ халқы өз республикасының даңқты 25 жылдық мерекесін Советтер Одағы гитлершіл Германияға қарсы жүргізген Ұлы Отан соғысы және империалистік Жапонияға қарсы соғыс жеңіспен аяқталған жағдайда қарсы алып отыр. Жауға қарсы кескілескен күресте совет халқы мен оның Қызыл Армиясы өз отанының намысын, бостандығы мен тәуелсіздігін қорғап қалды және неміс пен жапон империализмінің қарақшылық күштерімен дүние жүзінің цивилизациясын құтқарды.

Қазақстанның еңбекшілері күрес пен жеңіс үстінде өткен жолдарына зор мақтанш сезіммен көз жібереді. Большевиктер партиясының және оның данышпан көсемдері Ленин мен Сталиннің басшылығы арқасында Ресейдің жұмысшы табы кедей шаруалармен бірлесе отырып жасаған Ұлы Октябрь Социалистік революциясы қазақ халқын отарлық езлу қысымынан және саяси правосыздықтан азат етті. Сан ғасыр жасаған қазақ халқы тұңғыш рет Совет өкметінің қолынан ұлттық және мемлекеттік тәуелсіздік алды.

1920 жылғы 4 октябрьде бас қосып, большевиктер партиясының идеялық басшылығымен өткен Қырғыздың (Қазақтың) Советтік Социалистік Республикасы Советтерінің I Құрылтай съезі ҚССР еңбекшілері право декларациясын қабылдап, ҚССРды жұмысшы және қызыләскер депутаттары Советтерінің автономиялы республикасы деп жариялады.

Өзінің 25 жылдық өмірінде Советтік Қазақстан мешеу қалған патриархалдық, феодалдық елден мейлінше өркендеген, алдыңғы қатарлы индустриясы бар республикалардың біріне айналды. Октябрь революциясы арқасында, Совет мемлекеті мен Ұлы орыс халқының барлық жағынан көмектесуінің арқасында Қазақстанда тарихи қысқа мерзімнің ішінде социализм орнатылды. Лениннің «Неғұрлым алдыңғы қатарлы елдердің пролетариатының көмегімен артта қалған елдер дамудың капиталистік сатысынан аттап өтіп, социалистік құрылымға көшуіне және дамудың белгілі сатылары арқылы коммунизмге жетуіне болады» деген данышпандық ғылымы іс жүзіне асты (XXV том, 354-бет).

Ленин — Сталин партиясы басқарған қазақ халқы Қазақ ССР өмір сүрген 25 жыл ішінде социализм жолында өркендеудің күрделі және даңқты жолын өтті.

1921 жылғы апрельде Владимир Ильич Ленин былай деп жазды: «РСФСРдың картасына қараңыздаршы ... Оренбургтің және Омскінің оңтүстігінде, Омскінің солтүстігінде ұлан байтақ жер жатыр. Оған ондаған мәдениетті ірі мемлекеттер сыйып кетер еді. Осы ұлан байтақ жердің бәрінде патриархальщина, жартылай тағылық және пағыз тағылықтың өзі мендеп отыр» (XXV том, 338-бет).

Ширек ғасыр өмір сүрген Қазақстанның бейнесі бұдан мүлдем өзгеріп кетті. Лениндік — Сталиндік индустриаландыру саясатын іске асырудың арқасында Қазақстан Шығыстағы алдыңғы қатарлы индустриалы-аграрлы елге, неше алуан өнеркәсіп өнімін мол беріп тұратын елге айналды.

Сталиндік бесжылдықтар кезінде кең өрістеген өнеркәсіп құрылысы нәтижесінде Қазақстанның жерінде көптеген ірі өнеркәсіп орындары салынды. Олар рес-



публикамыздың сарқылмас өнеркәсіптік шикі зат байлығын, орасан мол энергетикалық қорын пайдаланып отырады.

Сталиндік үшінші бесжылдықта Қазақстанның түстіметаллургиясы Советтер Одағында өндіретін қорғасынның 85 процентін, мыстың 16,2 процентін беретін, көп мөлшерде калайы, никель беретін, Советтер Одағында шығарылған молибденнің үштен екі бөлегін, қорғасынның бестен төрт бөлегін, мыстың бестен екі бөлегін, вольфрамның жетіден бір бөлегін беретін дәрежеге жетті. Қорғасын сыяқты металды шығару мөлшері Совет өкмәті тұсындағы жылдарда 600 есеге жуық артты. Әресе отан соғысы кезінде сирек кездесетін асылметалдарды шығару мөлшері ерешен артты.

Қазақстанда орасан мол шикі зат қорына сүйенген қараметаллургия жасалды. Темір кенінің қоры неше жүз миллион тоннадан саналады. Марганец кені мен хормик кенінің қоры да орасан мол. Қазақстанда тұңғыш салынған қараметаллургия заводтары — Қарағанды металлургия заводы, Ақтөбе ферросплав заводы өзінің қуатын үздіксіз арттырды. Олар таяу уақыттың ішінде Советтер Одағының Қараметаллургия жөніндегі күрделі заводтарының қатарынан орын алмақ.

Сталин жолдастың бастауы және оның нұсқауы бойынша Советтер Одағының үшінші көмір ордасы — Социалистік Қарағанды жасалды. Ол отан соғысы кезінде ерекше маңызды орын алды. Әресе оның маңызы Донбасты немесе басқыншылар уақытша алып қойған кезде ерекше артты. Қарағанды көмір бассейні елімізге күн сайын саң мың тоннадаған көмір беріп отырды. Соғыс жылдарында мұнда көмір шығару мөлшері екі есеге жуық артты. 1920 жылға қарағанда 1944 жылы көмір 158 есе артық шығарылды. Республикалық бұдан басқа да көптеген көмірлі аудандарында көмір шығару мөлшері ылғый артып отырды.

Халық шаруашылығы мен Қызыл Армияның қорына Қазақстанда мұнайды мейлінше көп шығару қажет болды. Ескі Әмба революциядан бұрынғы жердің өзінде-ақ белгілі болатын. Бірақ оны өндіретін жағынан пайдаланудың дәрежесі өте төмен болатын. Мысалы, 1915 жылы мұнда небәрі 250 мың тонна ғана мұнай шығарылған.

Совет өкмәті тұсындағы жылдарда жарты миллион шаршы километрден де артығырақ көлемдегі жерде жүзеге келген мұнай скважиналары, ондаған промыселдер орнатылды. Мұнайдың бәрі дерлік қазіргі заманның техникасының күшімен — насосстармен, компрессорлармен, газолифталармен шығарылатын болды.

Соғыс кезінде мұнай шығаруының мөлшері соғыстан бұрынғы кезде шығарылған мұнайдың үш бөлегінің бір бөлегіндей өсті.

Совет өкмәті тұсындағы жылдарда Қазақстанда шикі зат қоры мол химия өнеркәсібі жасалды. Ақтөбе химия комбинаты ауыл шаруашылығын жер тығайтқыштармен жабдықтап отырғаны, Аралдың сульфат заводы Советтер Одағының ондаған шыны заводтарын сульфатпен қамтамасыз етіп келе жатқаны, оның бер жағында дүние жүзінде фосфорит қоры ең мол жер Қаратауда қуатты завод салынып жатқаны, ол ауыл шаруашылығына жер тығайтқыштар беретіні жалпыға мәлім.

Совет өкмәті тұсындағы жылдарда Қазақстанның тамақ өнеркәсібі мейлінше өркендеді. Өнеркәсіптің бұл саласының беретін өнімі соғыстан бұрынғымен салыстырғанда 11-12 есе артты. Семейдің ет комбинаты, Гурьевтің балық-консерв комбинаты сыяқты кәсіп орындары жыл сайын он-он миллиондаған банк консерв шығарады. Алматының темекі фабрикасы жылына 5 миллион данаға дейін папирос шығарады.

Қант өндірісі сыяқты Қазақстанда тамақ өнеркәсібінің жаңа саласы жасалды. Мерке, Талдықорған, Жамбыл және Алматы қант заводтары жылына неше жүз мың пұттан қант шығарады.

Нап, жеміс-көкөніс, темекі тағы басқа заводтар мен фабрикалар салынды.

Жеңіл және тоқыма өнеркәсіптері өркендеді. Мақта тазарту өнеркәсібінің жалпы өнімінің өзі 1913 жылғы өніммен салыстырғанда 65 есе артты. Балықтары — аяқ киім өнеркәсібінің жаңа заводтары мен фабрикалары салынды.

Социалистік құрылыс жылдарында Қазақстанда темір жол құрылысы көп өрістетілді. Бұл құрылыстың көлемі жағынан Қазақ ССР басқа республикалардың



ішінде бірінші орын алды. Сталин жолдастың бастауымен салынған Түркістан — Сібір темір жолы сыяқты ірі жол экономика жағынан бірімен бірі байланысты болуын тлеген Сібірдің, Орта Азия мен Қазақстанның аудандарын жалғастырды. Совет өкметі тұсындағы жылдарда Қазақстандағы темір жолдардың ұзындығы төрт есе артып, қазір 9.000 километрге жетті. Су жолдарының ұзындығы 6 мың километрге жетті. Сталиндік бесжылдықтар ішінде бір неше мың километрлік қара жолдар, тас жолдар салынды. Бұларда, көбінесе автотранспорт жүретін болды. 1940 жылы Қазақстанда автомашиналардың саны 27 мыңға жетті. Бұл революциядан бұрын бүкіл Ресейде болған машиналар санынан әлде қайда артық.

Қатынас пен байланыстың басқа түрлері де үздіксіз өркендеумен болды.

Қазір авиация жолының ұзындығы 13 мың километрге, телеграф — телефон жолы 38 мың километрге жетті. Қазір Қазақстанда 225 почта — телеграф станциясы, 300 телеграф пункті, 82 радио — телеграф станциясы, 420 радио торабы бар.

Революциядан бұрын Қазақстанда электрстанцияларының қуаты небәрі 2,5 мың киловат болатын. Ал электр қуатын өндіру жоқтың қасы еді. Сталиндік бесжылдықтар ішінде электр қуатын өндіру 60 еседен аса артты, сөйтіп, халық шаруашылығы үшін хажетті мөлшерде энергетика базасы жасалды.

1945 жылы электрстанцияларының қуаты бірнеше жүз мың киловат артты, ал өндірілген электр қуатының мөлшері қазірдің өзінде неше жүз миллиондаған киловатқа жетті.

Соғыс жылдарында көбінесе халықтық құрылыс әдісін қолдану негізінде көптеген ұсақ электр станциялар салынды. Олар Қазақстанның су қуатын пайдаланады. Жүздеген колхоздарға, МТС-тар мен ауылдарға электр жарығы берілді.

Қазақстанда ірі өнеркәсіп мейлінше күшті қарқынмен өркендеді. 1939 жылдың өзінде республикамызда ірі өнеркәсіптің кәсіп орындары нешемыңдап саналған болатын. Олардың бәрі дерлік жаңадан салынған немесе негізінен қайта құрылған. Қазақстанның бүкіл халықшаруашылығында өнеркәсіп өнімінің үлес салмағы 1920 жылы 6,3 процент болса, 1932 жылы 39,5 процентке, ал, 1940 жылы — 60 процентке жетті. 1944 жылы өнеркәсіп өнімі 1913 жылмен салыстырғанда 28-29 есе артты.

Екінші бесжылдықтың аяғында Қазақстан ауылшаруашылығы басым, экономика жағынан артта қалған елден индустриялы-аграрлы елге айналды. Мұның өзі лениндік-сталиндік ұлт саясатының зор жеңісі, лениндік-сталиндік индустрияландыру жоспарының жеңісі, қазақ халқының зор жеңісі болды.

Елімізді индустрияландыру сыяқты тарихи міндет шешілді. Бұған партияның сара жолын берік іске асыру, партия мен халықтың жауларына қарсы, социалистік индустрияландырудың жаулары троцкистіл-бухариншіл опасыздарға, отанын еатқандарға қарсы, олардың құйыршықтары контрреволюцияшыл буржуазиялық ұлтшылдарға қарсы аяусыз күрес арқылы қолымыз жетті.

Совет өкметі тұсындағы жылдарда, әсіресе сталиндік бесжылдықтар кезінде Қазақстанда жұмысшы табы жасалды.

Революциядан бұрын Қазақстанның ірі өнеркәсібінде ең көп дегенде 20-25 мың жұмысшы істеген болатын. Қазақтан шыққан маман жұмысшы жоқ дерлік еді.

Бірінші бесжылдықтың аяғында Қазақстанда жұмысшылар саны 600 мың адамға жетті. Оның ішінде 232 мың адам қазақ болды. Қазақ жұмысшыларының ішінен өндірістік — техникалық интеллигенция өсіп жетілді. Олардың таңдаулылары қазір көптеген кәсіп орындарын, цехтарды, шахталар мен кендерді басқарады.

Өнеркәсібі және жұмысшы табы артуымен қатар, жаңадан индустриялық орталықтар жасалумен қатар, қалалардың, жұмысшы поселкаларының саны тез көбейді. Бұлар қазақ халқының саяси және мәдени өмірінің орталықтарына айналды. Бұл жылдар ішінде Қазақстанда жаңадан 9 қала, 103 жұмысшы поселкесі салынды. Қалалардың бейнесі өзгерді. Жаңадан жүздеген көп этажды үйлер, жаңа көшелер, асфалтталған жұмсақ көшелер салынды. Қала халқының саны 1945 жылы 2.290 мың адамға жетті.

Ауыл шаруашылығын коллективтендіру партия мен совет үкметінің саясаты-



ның ұлы жеңісі болды. Ол социалистік жолмен қайта құрылды. Мұның өзі бұрын өте артта қалған, ауыл шаруашылығының атам заманғы нашар техникасын қолданған, көшпелі және жартылай көшпелі қазақ шаруашылығының жаңадан өркендеуіне жол ашты.

Қазақстанда ауыл шаруашылығын коллективтендіру, екінші бесжылдықтың аяғында аяқталды. Шаруалар шаруашылығының 97,5 проценті колхозға кіріп, бүкіл егісжерінің 99,8 процентінің өңдеу жұмысын өз қолына алды. Өндірілген астықтың, мақтаның, жүннің, темекінің, күнбағыстың, ауыл шаруашылығының тағы басқа азық-түліктері мен шикі заттарының мөлшері әлдеқайда артты. Қазақстан Советтер Одағының шығыстағы күрделі астықты ауданына айналды.

Жаппай коллективтендіру негізінде кулактар мен байлар жойылды, олардың өндіріс құралдары колхоздардың меншігіне көшті. Қазақ шаруалары, республикамыздың барлық шаруаларымен бірге таптық езуден және қанзудан азат болды, өзі үшін, өзінің советтік мемлекеті үшін жұмыс істейтін дәрежеге жетті.

Социалистік ауыл шаруашылығы өзінің алдына партия мен үкмет қойған міндеттерді ойдағыдай орындады. Совет өкметі тұсындағы жылдарда егіс көлемі 1.354 мың гектар артты. Өересе техникалық егістер көлемі тез өсті. Мысалы, мақта егісінің көлемі үш есе, күнбағыстың көлемі 6 есе артты. Басқа техникалық егістердің көлемі де осындай артты.

Совет Өкметі Қазақ ССР-нің ауыл шаруашылығын орасан көп машиналар мен және ауылшаруашылығының құрал-жабдықтарымен қаруландырды.

Қазақстанда 363 машина-трактор станциясы, 300 машина-трактор мастерскойы, 16 жөндеу заводы ұйымдастырылды. Колхоздар мен совхоздардың егіс даласында 25 мыңдай трактор, 12 мың комбайн істейді. Бұлардан басқа да ауылшаруашылығының мыңдаған күрделі және жай машиналары істейді.

Совет өкметі тұсындағы жылдарда су құрылысына 640 миллион сом жұмсалды. Жаңадан салынған неше мың километрлеген ірі каналдар, жүздеген ірі гидротехникалық құрылыстар колхоз және совхоз даласында суармалы егіс көлемін едәуір арттырды. Ауылшаруашылық жұмыстарын механизациялау мейлінше күшеюінің арқасында, дұрыс ауыспалы егісті қолдану, қазіргі заманның агрономиялық ғылымдарының табыстарын қолдану, суармалы егіс көлемін ұлғайту, егісті қорғайтын ағаштар егу тағы басқа шараларды қолдану арқасында колхоз және совхоз даласында егін өнімі артты. Дәнді егістің гектарынан алынған өнім мөлшері орта есеппен 2 центнер және одан да көп, күріштен алынған өнім мөлшері гектарынан 16 центнер және одан да көп, мақтаның өнімі 5 центнерге жуық артты. Басқа егістердің өнімі де осындай артты. Осының нәтижесінде республиканы тұтас алғанда дәнді егістің жалпы өнімі екі есе, техникалық егістердің өнімі бірнеше есе, оның ішінде мақта өнімі 8 есе артты.

Колхоз еңбегі халықтың ішінен бүкіл ешкімге атағы жайылған, егіннен үздік мол өнім алған таңдаулы адамдардың, оның ішінде тары шебері Шығанақ Берсиевті, күріш шебері Қим-Мам-самды, комбайншы Макеевті, Липодатты, қызылшашы Демченбонны тағы басқаларын шығарды.

Быйылғы жылы Қызылорда облысындағы «Қызыл ту» колхозының мүшесі Ыбырай Жақаев өз учаскесіндегі күріштің гектарынан 900 пұттан өнім алды. Жамбыл облысының «Ынтымақ» колхозының алдыңғы қатарлы мүшелері — әйелдер қызылшаның гектарынан 400 центнерден өнім алды. Алматы ауданының «Красный комбинат» колхозындағы Трешова және Панченко сыяқты колхозшы әйелдер әрбір жарты гектар жерден 20 тоннадан пияз алды. Оңтүстік Қазақстан облысының Бостандық ауданының колхозшы әйелдері 84 килограмнан жібек құртының жібегін мемлекетке өткізді.

Германия мен Жапонияға қарсы соғыста қол жеткен ұлы жеңісте жерленген колхозшы шаруа 1945 жылы мемлекетке астық тапсырудың жоспарын толық және асыра орындау жөніндегі күресте ерлік еңбектің үлгісін көрсетті.

Быйыл Қазақ республикасын тұтас алғанда астықты өткен жылғыдан аяғұрлым көп бергелі отыр. Бұл сыяқты мемлекеттік аса маңызды міндет быйыл



өткен жылдардағыдан анағұрлым ұйымшылдықпен, анағұрлым жақсы орындалым келеді.

Егін шаруашылығы өркендеумен қатар, Қазақстандағы социалистік ауыл шаруашылығының ең маңызды саласы-мал шаруашылығы да мықтап өркендеді. Сталин жолдас Қазақстанды еліміздің Шығыстағы мал шаруашылығы базасы деп атады. Мал шаруашылығының күлдыран төмен кетуі, мал санының азаюы сияқты ауыр жылдардан өтіп, БК(б)П Орталық Комитеті мен совет үкметінің қолданған шаралары арқасында, малшы колхозшылардың жанқиярлық жұмысы арқасында Қазақстанның мал шаруашылығы кемпіліктердің бәрінен айырып, ойдағыдай өркендеу жолына түсті.

Соғыс кезінде мемлекетке ет тапсыру мөлшері едәуір артқанына қарамастан, мал саны үздіксіз көбейіп отырды. Колхоздарда қой мен ешкі саны бір жарым есеге жуық артты. 1944 жылы республикамызда мал саны 692 мың бас артты. Гурьев сияқты облыстар мал өсірудің 1944 жылғы мемлекеттік жоспарын барлық түліктен едәуір асыра орындап, жоспардан тыс 72 мың бас мал өсірді. Гурьев пен Қарағанды облысы мал шаруашылығын ойдағыдай өркендеткені үшін ауылшаруашылықтың Қызыл тулар алды.

Қазақстанның малшылары мал санын бұрынғыдан да арттыра беру жолында қажырлы қайратпен күрес жүргізіп, ойдағыдай табысқа жетіп келеді. 1946 жылдың аяғында мал саны 1944 жылмен салыстырғанда 6 миллион бас артуға тиіс.

Отан соғысы жылдарында Қазақстанда социалистік мал шаруашылығының жана саласы-қаракөл шаруашылығы жарыққа шықты. Одақтық үкмет республикамыздың малшыларының табысын жоғары бағалап, қаракөл шаруашылығындағы 104 таңдаулы адамға ордендер мен медальдар берді.

Қазақ халқының сан ғасырдан бергі мәдениет жағынан мешеу қалғанын жою жөнінде қазақ республикасы тамаша табысқа жетті. Большевиктер партиясының және совет үкметінің данышпанлық саясатының арқасында бұрын-соңды болып көрмеген қысқа мерзім ішінде Қазақстанда шын мәнісінде мәдени революция жасалды.

Революциядан бұрынғы Қазақстанда әрбір 1000 адамның тек екеуі ғана сауатты болатын. Қазір сауатсыздық толық жойылды деуге болады. Республиканың бастауыш және орта мектептерінің оқушыларының саны 700 мыңнан артты. Оның ішінде 220 мыңы қазақ балалары. Қазақстанда 5.066 бастауыш мектеп, 1.811 жетіжылдық мектеп, 858 орта мектеп бар. Бұларда 40 мыңдай оқытушы істейді. Революциядан бұрын Қазақстанда бірде бір жоғары дәрежелі мектеп болмаған. Ал қазір Қазақ ССР-нің жоғарғы дәрежелі 22 мектебі бар, онда 10 мыңнан аса студент оқиды, оның ішінде едәуір бөлегі қазақтар. Жоғары дәрежелі мектептермен қатар республикамызда 59 ауыл шаруашылығы мектебі және 85 техникум бар. Қазақ республикасының бюджетінің 40 процентке жуығы халық ағарту жұмысына жұмсалады.

Совет үкметі тұсында өсіп жетілген қазақ интеллигенциясы халық шаруашылығы мен мәдениеттің барлық саласында орасан зор игілікті жұмыстар істеп келеді. Республиканың жоғары дәрежелі мектептері мен техникумдары бұл уақыттың ішінде қазақтан 1.500 ден астам маман даярлап шығарды. 1932 жылы Қазақстанда ССР Одағы Ғылым Академиясының филиалы құрылды, оны геология-минералогия ғылымдарының докторы Сәтбаев жолдас басқарады. Бұл шын мәнісінде республиканың ғылыми орталығы. Ол ғалымдар мен ғылыми қызметкерлердің ғылыми жұмыстарын бір ізге салып отырады. Бұлардың ішінде 5 академик және ССР Одағы Ғылым Академиясының мүше-корреспонденті, 60 ғылымдар докторы мен профессорлар, 140 ғылымдар кандидаты және басқа ғылыми қызметкер бар. Ғылыми қызметкерлердің ішінде қазағы 103, оның ішінде ғылымдар докторлары мен кандидаттары 45 адам. Филиалдың жанынан ұйымдастырылған көп институттар және ғылыми мекемелер бар. 180 аспирант, оның ішінде 80 қазақ ғылыми дәреже алу үшін диссертация қорғауға әзірленіп жатыр.

Совет үкметі мен ССР Одағы Ғылым Академиясы Советтік Қазақстанның ға-



лымдары мен ғылыми мекемелеріне орасан зор көмек көрсетіп келеді. Орыстың көрнекті ғалымдары академик В. Л. Комаров, И. И. Мещанинов, Пряничников, Просолов тағы басқалары Қазақстанмен, оның ғылыми қызметкерлерімен тығыз байланыс жасап отырады.

ССР Одағы Халық Комиссарлары Советінің қаулысына сәйкес ССР Одағы Ғылым Академиясының қазақ филиалы бұйып Қазақ ССР Ғылым Академиясына айналдырылады. Мұның өзі алға басудың асқар белдей кезеңі және Қазақстанда совет өкметі тұсындағы 25 жыл ішінде ғылымның зор табыстарға жеткенін тағы бір айқын белгісі болып табылады.

1941 жылы Қазақстанда В. И. Ленин атындағы Бүкіл одақтық ауылшаруашылық ғылым академиясының филиалы құрылды.

Бұл аса зор ғылыми мекемені биология ғылымдарының докторы Мыңбаев жолдап басқарады.

Бұл филиал 4 ғылыми-зерттеу институтын, 24 тәжірибе станциясы мен тәжірибе далаларын, басқа да ғылыми мекемелерді біріктіріп отырады.

Бұл филиалда және оның институттары мен ғылыми мекемелерінде 620 ғылыми қызметкер, оның ішінде ғылымдардың 34 докторы мен кандидаты, 33 доцент және аға ғылыми қызметкерлер істейді.

Марксизм-ленинизм классиктерінің көп шығармалары, орыс және дүние жүзі көркем әдебиеті классиктерінің шығармалары қазақ тіліне аударылды. 1940 жылдан 1945 жылға дейінгі бес жылдың өзінде қазақтың Бірінкеші баспасы тиражы 31.562 дана 2.153 кітап шығарды. Оның ішінде 1.349 кітап қазақ тілінде шықты. Бұлардың жалпы тиражы 19.381 дана. Республикада 7 журнал, 4 республикалық газет, облыстық 33 қазақ және орыс газеті, 196 аудандық газет шығады. Бұлардың жалпы тиражы 700 мыңнан аса дана. Бұлардың жартысынан көбі қазақ тілінде шығады.

Қазақ халқының түрі ұлттық мазмұны социалистік көркем өнері жаңадан жасалып, мейлінше өркендетілді. Мысалы, опера және драма көркем өнері революциядан бұрын қазақтар арасында мүлдем болмайтын еді. Қазір Қазақстанда 41 театр бар. Оның ішінде 21 қазақ театры. Республиканың театрларының санына орыстың және қазақтың, батыс Еуропа драматургтері мен композиторларының опералары мен пьесалары қойылып отырады. Қазақстанда Жамбыл атындағы республикалық филармония құрылды. Оның мамандығы жоғарғы зор қазақ ансамблі бар. Алматыда консерватория ашылып, жұмысқа кірісті. Бұл театрлар мен эстрадаларға жүздеген маман қызметкерлер даярлап шығарады. Көркем өнер қызметкерлерінің кадрлары 2,5 мың адамға жетті. Оның ішінде 650 адам қазақ.

Қазақтың ұлттық әдебиеті өркендеді. Отан соғысы кезінде Қазақстанның жазушылары, акындары, драматургтері жаңадан көп шығармалар жазды.

Қазақстанда кино мейлінше өркендеді. 400 кино орны қалалардың, поселкелер мен ауылдардың еңбекшілеріне жаңа кинофильмдер мен кино журналдар, оның ішінде Алматы киностудиясының шығарғандарын көрсетіп отырады. Оның шығарған «Иван Грозный», «Черевички», «Жорық» атты тағы басқа кинолары Советтер Одағының кинотеатрлары мен шет елдерде жақсы баға алып келеді.

Совет өкметі қазақ әйелдерін күндіктен азат етті, оның саяси және мәдени жағынан өсуіне, еліміздің саяси, өндірістік және мәдени тіршілігіне белсене қатысуына керекті жағдайдың бәрін жасады. Бұрын езілген, еріксіз болған, сауатсыз қалған қазақ әйелі республиканың мемлекеттік, қоғамдық жұмысына белсене қатысып халық шаруашылығының, қоғамдық-саяси өмірдің барлық саласында еркектермен бірдей басшылық жұмыс атқарып келеді. 61 әйел, оның ішінде 37 қазақ әйелі ССР Одағы Жоғрағы Советінің депутаттығына және Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаттығына сайланды. Мыңдаған әйелдер облыстық, қалалық, аудандық, селолық және ауылдық Советтердің депутаттығына сайланды. Ауыл-селолық советтердің председателігіне жүздеген әйелдер, оның ішінде 345 қазақ әйелі, колхоз председателіне 251 әйел, оның ішінде 90 қазақ әйелі сайланды. Мыңдаған әйелдер мал фермаларының бастығы, егіс және трактор бригадаларының бригадирі



болып істейді. Республикамыздағы тракторшылардың, комбайншылардың, шоферлардың жартысы әйелдер. Мыңдаған қазақ әйелдері халық-ағарту, денсаулық сақтау бөлімдерінде, республиканың ғылыми мекемелерінде істейді.

Қазақ әйелдерінен оқытушылар даярлау үшін Алматыда арнаулы педагогикалық институт ұйымдастырылды. Онда 350 қазақтың қыздары оқыйды.

Советтер Одағының батырлары Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Маметова сыяқты халқымыздың даңқты қыздарын Қазақстан мақтан етеді.

Бұрын Қазақстанда мемлекет тарапынан ана мен баланы қорғау мүлдем болған емес. Қазір ана әйелдерге, балаларға мемлекет барлық жағынан қамқорлық жасап отырады. Аналар мен балалар үшін арнаулы сақтық мекемелері, демалыс үйлерімен санаторийлер ұйымдастырылды. Оларға азық-түлік, ақша жағынан көп көмек көрсетілуде, неше алуан түрлі мыңдаған балалар үйлері бар.

Ана әйелдің өндірістегі еңбегін мемлекет орындары қорғап отырады.

ССР Одағы Жоғарғы Советінің көп балалы әйелдерге «Ардақты ана» атағын беру, сонымен қатар «Ана данқы» ордені мен наградалау жөніндегі Указына сәйкес Қазақстанда 11.000 нан аса ана әйелдерге награда берілді, 79 ана «Ардақты ана» деген хұрметті атақ алды.

Совет өкметі тұсындағы жылдарда қалың бұқараның тұрмыс жағдайы үздіксіз жақсарып отырды, мемлекеттің әлеуметтік-мәдени шараларға бөлген қаржысының мөлшері артып отырды.

Қазір Қазақстанда жұмысшылар мен қызметшілердің саны 1 миллионға жуық адамға жетті. Жұмысшылар мен қызметшілердің жалақысы 1940 жылға қарағанда он есеге жақын артты. Жұмысшылар мен қызметшілердің еңбегі қорғалып отырады, оларға еңбекақысы сақталып, демалыстар беріледі, олар демалыс үйлеріне, курорттарға жіберіледі, оларға дәрігерлік тегін көмек көрсетіледі, ауырып қалса немесе іске жармай қалса, мемлекет оларды қауіпсіздендіріп отырады.

Қазақ ССР-нда шаруаларының жағдайы мүлдем өзгерді. Колхоз құрылысының жемісі арқасында қазақ шаруалары феодалдық-байлардың қанауынан азат етілді. Біздің колхоздарымыз жаңадан үйлер, мектептер, ауруханалар, балалар бақшасын, кітапханалар, электростанцияларын т. басқаларын салуда.

Біздің елімізде Октябрь революциясынан бергі жерге болған ұлы өзгерістер Сталиндік Конституцияда — жеңген социализм және совет демократиясы Конституциясында айқын бейнеленді. Конституция халықтардың социализм жолындағы күресте қолы жеткен ұлы жеңістерін баянғы етті, сөйтіп халықтың еңбек ету, тынығын лем алу, оқып білім алу, қартайғанша, сол сыяқты ауырған және еңбекке жарамай қалған жағдайларда материалдық жағынан қамтамасыз ету сыяқты хаспетті правосын қамтамасыз етті. Мұндай правосол бүкіл дүние жүзінде тек совет мемлекетінің халықтарында ғана бар.

Совет өкметі тұсындағы жылдарда мемлекетіміздің халықтары арасындағы қарым-қатынаста үлкен өзгеріс болды. Лениндік-Сталиндік данышпантық ұлт саясаты көп ұлтты Советтер Одағы халықтырының достығын күшейтіп нығайтты. Советтер Одағының халықтары бір-біріне бірі мықтап сенетін болды, өз-өзін тағдырымен мүддесінің ортақ екенін терең түсінетін болды. Бұрынғы кезде патша үкметі және Ресей империясының қанаушы таптары қасақана өршітін келген халықтар арасындағы сенімсізлік және алауыздық мәңгі жойылды.

Әрине қазақ халқының ұлы орыс халқымен ұлы достығы ерекше зор, оған деген алғысы да зор. Ұлы орыс халқы бүкіл өмір сүру тарихы бойына қазақ халқын қайта өңкелетін, гүлдендіру ісіне игілікті ықпалын тигізіп, достық көмегін көрсетіп келді. Бұл достықтың түпкі тамыры арғы заманға жатыр. Бірақ бұл достық совет өкметі тұсындағы жылдарда бұрынғыдан да айқын көрініп, бұрынғыдан да нығайды. Соғыс сыны жылдарында орыс халқы асқан қажырлылық, табанлылық, төзімділік көрсетті, өз үкметіне, өзінің большевиктік партиясына, ұлы көсемі Иосиф Виссарионович Сталинге шексіз сенетіндігін көрсетті.

Туған мемлекеттің бостандығы мен намысын қорғау жолында орыс халқы майданда да, тылда да тарихта болып көрмеген ерліктің, қаһармандықтың үлгісін көрсетті.



Советтер Одағының басқа барлық халықтары сыяқты қазақ халқы да орыс халқынан үйреніп, майдандағы, еңбектегі ерлік істерде оған еліктеп отырды. Қазақ халқы Советтер Одағының туысқан дос халықтарының лайықты мүшесі бола білді. Мұны ол мақтан етеді.

Қазақтың Советтік Социалистік Республикасы 25 жыл ішінде даму жөнінен мұндай зор табыстарға жеткені елімізде социалистік революцияның және совет өкметінің жеңгендігінің арқасы.

Қазақстанның мұндай бұрын-соңды болып көрмеген табысқа жетіп, барлық жағынан өркендегені партиямыздың лениндік-сталиндік саясатының мүлтіксіз және берік іске асырылғандығының арқасы. БК(б)П Орталық Комитеті мен Одақтық Совет Үкметі тарапынан Қазақстанға барлық жағынан орасан зор көмек берілгендігінің арқасы.

Қазақстанның партия, совет және шаруашылық ұйымдарының жұмысына Бүкіл Одақтық Коммунист (большевиктер) Партиясының Орталық Комитеті, Совет Үкметі және Сталин жолдастың өзі үнемі болысып, көмектесіп отырды, олардың жұмысында болған қателерді асқан байсалдықпен түзеп отырды. Қазақстанның халық шаруашылығын, ғылымы мен мәдениетін өркендетуге Одақтық бюджеттен миллиардтаған сом беріп отырды, Ресейдің орталық облыстарынан Қазақстанның ұйымдарына көмекке мыңдаған коммунистер мен жұмысшыларды жіберіп отырды.

Қазақстанның ұлы жеңістерге жеткені қазақ халқы, Қазақстан еңбекшілері саяси, экономикалық және мәдениет құрылысы жөнінде партия жүргізген маңызды шаралардың бәрі іске асыруға шын ниетімен жұмылып отырғандығының арқасы.

Қазақстанның жұмысшылары, шаруалары мен интеллигенциясы большевиктер партиясы мен Совет Үкметінің төңірегіне, ұлы Сталиннің төңірегіне берік топтанып, олардың басшылығы арқасында сеніммен ілгері басты, жан аямай еңбек етіп, Лениннің-Сталиннің данышпандық идеяларын іске асырып отырды.

БК(б)П Орталық Комитетінің және оның көсемі Сталин жолдастың басшылығы арқасында Қазақстанның Коммунист (большевиктер) партиясы өсіп жетілді. Ол өзінің барлық күшін партия мен үкметтің нұсқауларын орындауға жұмсады. елімізді индустрияландыру және коллективтендіру жылдарында Сталин жолдас алға қойған міндеттерді, сол сыяқты гитлершіл Германияға қарсы ұлы Отан соғысы жылдарында және империалистік Жапонияға қарсы соғыс кезінде еңбекшілерді Сталин жолдас алға қойған міндеттерді орындауға жұмылдырып отырды.

Партияның сара жолын іске асыру үшін күресе отырып, партияда бар және партияда жоқ большевиктерді БК(б)П Орталық Комитетінің, Совет Үкметінің және Сталин жолдастың төңірегіне топтандыра отырып, Қазақстанның Коммунист (большевиктер) Партиясы өзінің бұқарамен байланысын нығайтты, олардың Қазақ ССР халық шаруашылығын, ғылымы мен мәдениетін өркендету жолындағы күресін басқарды.

Өнеркәсібінің қызу өркендеуі, Қазақстанда күшті жұмысшы табы жаасалуы, ауыл шаруашылығының социалистік жолмен қайта құрылуы, халық бұқарасы арасында коммунист партиясының беделі орасан зор артқаны партия қатарын жұмысшы табының, колхозшы шаруаның, интеллигенцияның таңдаулы бөлегі есебінен өсіріп отыруға үлкен негіз болды.

Қазақ ССР ұйымластырылғаннан бергі жердегі 25 жыл ішінде партия ұйымының қатарындағы коммунистер саны 5 еселей көбейді.

Қазақстанның Коммунист (большевиктер) Партиясының қатары республиканың жергілікті халқы қазақтардан едәуір өсті. 1922 жылы Қазақ ССР-індегі партия ұйымының қатарында не бәрі 1.480 қазақ коммунисті болса, 1945 жылы партия мүшелері мен кандидаттарының ішінде қазақтың саны 50 мың адамға жетті.

Қазақстан большевиктері республиканың 25 жылдығына бірлігі, бынтымағы берік. Бүкіл Одақтық Коммунист (большевиктер) Партиясының лениндік-сталиндік Орталық Комитетінің төңірегіне, оның данышпан көсемі Сталин жолдастың төңірегіне берік топтанған ұйым болып келіп отыр.



Халық шаруашылығы мен транспортты қалпына келтіру және өркендету программасын іске асыру күресінде, халық шаруашылығының, ғылым мен мәдениеттің барлық саласындағы социалистік құрылыс үшін жүргізілген күресте Қазақстан большевиктері ВК(б)П Орталық Комитетінің және Сталин жолдастың сенімді таянышы болады.

Советтер Одағының басқа халықтарының ұлдары мен қыздарының қатарында болып, социалистік мемлекеттің бостандығы мен тәуелсіздігін жаулардан сақтап қалу үшін Советтік Қазақстанның еңбекшілері таңдауды ұлдары мен қыздарын майданға аттандырды. Ұлы орыс халқы бас болған қазақ халқының адал ұлдары украин, белорус, грузин, өзбек, латыш, литва, эстон, татар басқа ұлттардың жауынгерлерімен бірлесе қыймылдай отырып, Советтер Одағының туған астанасы — Москваны, Ленин қаласын, қаһарман Сталинградты асқан ерлікпен, жүректілікпен қорғады, Солтүстік Кавказды, Украинаны, Белоруссияны қорғады және неміс-фашист басқыншылардан азат етті, Германия, Польша, Румыния, Венгрия жерінде, европалық басқа да елдер жерінде фашистік шапқыншылардың әскерлерінің көзін жойды.

Совет жерінде гитлершіл шапқыншылардың қалың қолын талқандау басталған Москва үшін жүргізілген қанды ұрыстарға Алматыда құрылған, генерал-майор Панфилов бастаған 8-гвардия дивизиясы өшпес даңққа бөленді. Бұл дивизияның 28 жауынгерінің теңдесі жоқ ерлігін бүкіл дүние жүзі біледі.

Қазақстанда ұйымдастырылған 4 дивизияға неміс басқыншыларға қарсы ұрыстарға ерлік, табандылық, тәртіпшілік, ұйымшылдық көрсеткені үшін, оның адамдарының қаһармандығы үшін гвардия атағы берілді.

Қазақ халқы, Қазақстанның ержүрек, батыр жауынгерлері өзінің ұлы социалистік отанына лайық жалынды жауынгерлер болып шықты. Қазақстанның көптеген ұлдары мен қыздарына неміс-фашист басқыншыларға қарсы күресте жүректілік, ерлік, табандылық, қаһармандық көрсеткені үшін совет үкметі наградтар берді. Он мыңдаған жауынгерлер мен офицерлер ордендармен, медалдармен наградталды. Оның ішінде 40 мыңнан аса қазақ бар. 330 жауынгер мен офицерге Советтер Одағының Батыры деген ардақты атақ берілді. Оның ішінде 90 қазақ бар. Наградталғандардың ішінде ұшқыштар, артиллерияшылар, танкшілер, саперлер, жаяу әскерлер, атты әскерлер, әскердің басқа түрінің жауынгерлері бар.

Қазақстан еңбекшілері Советтер Одағының Батыры деген атақты екі рет алған өзінің жерлестері Сергей Луганскийді, Талғат Бигеллиновті, Иван Павловты, Леонид Бедяйі, Советтер Одағының Батырлары Мәлік Ғабдуллинді, Владимир Бреусовты, Владимир Засядьконы, Аблай Әлімбетовты, Қолбай Тосқұловты, Сәду Шакировты, Қамсай Мұхамедовты, Төлеген Токтаровты, Василий Ключковты, Мәншүк Маметованы, Әлия Молдағұлованы тағы жүздеген батырларды мақтап етеді.

ССР Одағының басқа халықтарының жауынгерлері сияқты қазақ жауынгерлерінің жаппай ерлік көрсетуінің қайнар бұлағы жалынды совет отаншылдығы, социалистік отанға деген сүйіспеншілік, большевиктер партиясына, Ұлы Сталинге шын берілгендік болды.

Совет жауынгері Матросовтың, орыс халқының тағы басқа ұлдарының мәңгі өшпес ерлігін қазақ халқының ержүрек, батыр ұлдары Қарсыбай Сыпатаев пен Сұлтан Баймағамбетовта істеді. Минометші Қарсыбай Сыпатаев көтерген ауыр минасымен неміс танкінің астына барып түсті, коммунист Сұлтан Баймағамбетов «Сталин үшін! Отан үшін!» деген ұранмен жаудың атыс ұясының аузын өзінің денесімен жапты, сөйтіп, жаудың пулеметінің үнін өшірді.

Даңқты Гастеллоның үлгісімен ұшқыш қазақ жауынгері Пүркен Әбдіров өзінің өртенген самолетін жаудың танктер колоннасы үстіне түсіріп, фашист жауыздарды қыйратты.

Қазақстанның ұлдары мен қыздарының ерлік істерін халқымыз хұрметтеп мәңгі есте сақтайды.

Отан соғысы кезінде көптеген ұлттық командирлер өсіп жетілді. Қазақ халқы арасынан талантты командирлер шықты. Олардың ішінде генерал-майор Шәкір



Жексембаев, гвардия полковник Бауыржан Момышұлы, гвардия полковник Сүлейменов және басқа мыңдаған офицерлер бар.

Қазақтың соғыс кадрлары Қазақстанда ұлт әскері бөлімдерін құруға негіз болды. Бұл істің маңызын Сталин жолдас Қызыл Армияның 26 жылдығындағы бұйрығында атап көрсетті.

«Отан соғысында ССР Одағы халықтарының жауынгерлік достығы және мемлекетіміздің бүкіл тарихи даярлаған, одақтас республикаларда жаңа әскер бөлімдерін құру Қызыл Армияны онан сайын нығайтып, оның қатарына жаңа жауынгер күштер қосады».

Германияға қарсы Ұлы Отан соғысы жылдарында және Жапонияға қарсы соғыс кезінде Қазақстан Қызыл Армияның және совет мемлекетінің қуатты арсеналдарының бірі болды.

Партияның, совет үкметінің және Сталин жолдастың нұсқауларын орындай отырып, Қазақстанның коммунист (большевиктер) партиясы бүкіл жұмысты соғыс жағдайына бейімдеп қайта құрды, республикамыздың еңбекшілерін жаңғырлық еңбекке жұмылдырды, Қазақстанның барлық күші мен байлығын советтік мемлекетті қорғау ісіне пайдаланды. Республикамыздың халқының барлық күші «Бәрі майдан үшін, бәрі жеңіс үшін!» ұранын орындауға бағытталды.

Қазақстанның еңбекшілері неше алуан қару-жарақ, жабдық, оқ-дәрі жасау, азық-түлік даярлау жұмыстарының бәріне ат салысты. Советтік Қазақстан көмір мен марганец, қорғасын мен хром, мыс пен мырыш, вольфрам мен молибден, каучук пен авиациялық бензин, жағар май және басқа сондай заттар беріп тұрды. Қазақстан майдан мен елімізді астықпен, етпен, маймен, сүтпен терімен, жүнмен және ауыл шаруашылығынан өнетін басқа шикі заттармен, азық-түлікпен жабдықтап тұрды.

Большевиктер партиясының басшылығымен республикамыздың еңбекшілері соғыстың қиын жағдайында советтік Қазақстанның халық шаруашылығын онан сайын өркендетті. Соғыс жылдарында Қазақстанның шаруашылығы онан әрі өсе берді. Жұмысшылардың, инженерлер мен техниктердің жаңғырлық еңбегі арқасында өнеркәсіп өнім шығаруды арттырды. Қарағанды көмірдің күнбе-күнгі өнімін соғысқа дейінгіден екі есеге жуық, Әмбі мұнайшылары мұнайдың өнімін үштің біріндей арттырды. Тазартылмаған мыс өнімі екі есе, мыс рудасының өнімі екі жарым еседен артық, сирек кездесетін металдар шығару 4 есе көбейді. Соғыс жылдарында республикамыздың көптеген алдыңғы қатарлы өнеркәсіп орындарына, оның ішінде Балқаш мыс заводына, № 517 заводқа, Қоңырат рудниктеріне, Қарағандының жеке шахталарына, Әмбінің мұнай промыселдеріне және басқаларына сан рет Мемлекеттік Қорғау Комитетінің ауыспалы Қызыл Тулары берілді.

Қиырдағы Қазақстанға Советтер Одағының батыс облыстарынан ондаған аса маңызды кәсіп орындары көшірілді. Көшірілген кәсіп орындары республика еңбекшілерінің көмегімен аз уақыттың ішінде өздерінің өндірісін қалпына келтіріп, өнімді көшірілгенге дейінгіден де көп бере бастады.

Соғыс кезінде Қазақстанда жаңадан ондаған өнеркәсіп орындары, рудниктер, шахталар салынып, пайдалануға тапсырылды. Марганец кенін шығару жаңадан ұйымдастырылды. Қазақстанның еңбекшілері марганецті шығаратын рудникті соғыс кезіндегі күшті қарқынмен, Магнитогор металлургия алыбын марганецпен жабдықтауды қамтамасыз етті, сойтін, немістер уақытша басып алған Никополь марганецінің орнын толтырды.

Соғыс уақытының қиын жағдайында Ақтөбеде ферросплав заводы, Қарағандыда металлургия заводы салынып, пайдалануға тапсырылды. Қарағанды бассейнінде үлкен көмір разрезі шапшаң әдіспен салынды. Мұның бірінші кезектегі бөлімі пайдалануға тапсырылды.

Отан қорғау заказдарын орындаумен қатар республикамыздың өнеркәсібі соғыс кезінде көпшілік қолды товарлар жасауды көбейтті. Былғары аяқ киім өндірісі 36 процент, пима 50 процент, жергілікті тұз өнімі 37 процент артты. Бұл уақыттың ішінде жергілікті республикалық өнеркәсіптің жалпы өнімі 40 процент, көпсериялы өнеркәсібінің өнімі 85 процент артты.



Қазақстанның темір жолдары халық шаруашылығына керекті жүктерді және соғыс жүктерін тасу міндетін ойдағыдай орындады. 1941—1945 жылдарда бір-сыра жаңа темір жолдар қатарға қосылды. Совет өкметі теміржолшылардың жан-қиярлық еңбегіне зор баға берді. Соғыс кезінде 600ден аса теміржолшы ордендермен, медальдармен наградалды. Түрксибке, Қарағанды темір жолына және Қазақстандағы басқа темір жолдардың кейбір бөлімдеріне Мемлекеттік Қорғау Комитетінің ауыспалы Қызыл Туы 13 дүркін тапсырылды.

Ұлы Отан соғысы кезінде Қазақстанның ауыл шаруашылығы да өркендей берді. Майдан мен елімізді азық-түлікпен, өнеркәсіпті шикі затпен жабдықтау ісінде өздерінің алдына қойылған міндеттерді Қазақстанның колхоздары мен совхоздары жалпы алғанда ойдағыдай орындады.

Соғыс кезінде колхоздарда, совхоздар мен МТС-тарда өндіріс кемімегені былай тұрсын, қайта оған әрі арта түсті. Егіс көлемі артты. Жаңа ауыл шаруашылық егістері егілді. Колхоздар мен совхоздар 1944 жылы мемлекетке астықты 1943 жылғыдан 18,2 миллион пұт, қант қызылшасын 560 мың центнер, мақтаны 150 мың центнер, омыртқы 70 мың центнер артық тапсырды. Мемлекет пен Қызыл Армия қорына мал соғысқа дейінгіден 2,5 есе көп тапсырылды. Республикамызда сыйыр малы 28,9 процент, қой 95,5 процент, жылқы 29 процент көбейді. Немістерден азат етілген аудандарға 500 мың мал берілді. Республикамызда орта есеппен, колхоз фермаларының әрқайсысында мал 650 бас көбейді.

Қазақ ССР-ның даңқты 25 жылдығы атындағы социалистік жарыста көп колхоздар мен совхоздар алдыңғылар қатарына қосылды, мал шаруашылығын өркендетудің мемлекеттік жоспарын Қазақстанның колхоздары быйылғы 1 сентабрге сыйыр малы жөнінде 103,8 процент, қой мен ешкі жөнінде 113,1 процент, жылқы жөнінде 103,9 процент, түйе жөнінде 106 процент орындады.

Колхозшылар, фермалар мен совхоздардың қызметкерлері кеңестер Сталин алға қойған міндетті орындау — Қазақстанды Советтер Одағының шығыстағы негізгі мал шаруашылығы базасына айналдыру үшін аянбай күресуде.

Жұмысшылармен, колхозшылармен бірге республикамыздың совет интеллигенциясы да жанқиярлықпен еңбек етті, өздерінің барлық күші мен білімін сүйікті отанымыздың игілігі жолына, социалистік мемлекетіміздің жауларын жеңу жолына жұмсады. Қазақстанда жұмыс істеген, ССР Одағы Ғылым Академиясының президенті академик Комаров бастаған үкмет комиссиясы Қазақстанның жаратылыс байлықтарын совет мемлекетін қорғау хажетіне пайдалану жөнінде көп еңбек сіңірді. Комиссия соғыс хажетіне керекті өнімді көбейту, республикамызда жаңа кәсіп орындарын салудың кең программасын жасады.

Қазақстанның геологтары соғыс кезінде отын, қараметалл, түсті металл, сирек кездесетін металдар шығатын жаңа мол кендерді зерттеді. Геология-минералогия ғылымдарының докторы, сталиндік сыйлықтың лауреаты К. И. Сәтбаевтың басшылығымен ССР Одағы Ғылым Академиясы Қазақ филиалының бір топ геологтары Орталық Қазақстанда мол марганец және темір кендерін ашып, зерттеді. Мұның өзі үлкен ферросплав зауытын салуға мүмкіншілік берді. Вольфрам, басқа сондай сирек кездесетін металдардың, химиялық шикі заттардың, тұздың және құрылыс материалдарының орасан мол қорлары зерттелді.

Агрономдар және ауыл шаруашылығының басқа мамандары отан соғысы күндерінде совхоз бен колхоз егін даласының өнімін арттыру, малдың тұқымын асылдандыру, өнім мен молайту мәселелерімен шұғылданып, аянбай еңбек етті.

Жоғарғы мектептердің, техникумдардың, орта мектептердің қызметкерлері соғыс уақытының зор қиыншылықтарын жеңді, майдан мен елімізге керекті қызметкерлерді қажырлылықпен даярлады, жастарды совет отаншылдығы, отанымызға сүйіспеншілік, совет мемлекетінің жауларына өшпенділік рухында тәрбиеледі.

Ғылыми-зерттеу медицина орындарының — емханалардың, ауруханалардың қызметкерлері әртүрлі ауруларды емдеудің жаңа тыңғылықты әдістерін, дәрі-дәрмек даярлау әдістерін тапты, жұқпалы ауруларға қарсы күресу жөнінде көп жұмыс



істеді, совет жауынгерлерінің денсаулығын қалпына келтірді, майдан мен ел үшін толын жатқан медицина және санитария қызметкерлерін даярлады.

Қазақстанның мәдениет, көркем өнер, әдебиет қызметкерлері де жауға қарсы күресушілердің алдыңғы қатарында болды. Қазақстанның жүз жастағы ақыны Жамбыл отан соғысы кезінде тамаша патриоттық өлеңдер шығарды: «Отанымның жауынгерлеріне», «Отанымыздың бұйрығы», «Сталинградтықтарға жаңа жылдық хат», «Ленинградтық балаларым» тағы басқалары. Қызыл Армияның жауынгерлерін неміс-фашист басқыншыларға қарсы күресте жұмылдыру ісінде оның бұл өлеңдерінің орасан зор маңызы болды. Қазақстанның атақты ақыны Нұрпейіс Байғанин Советтер Одағының Батыры Төлеген Тоқтаров туралы поэма және басқа тамаша өлеңдер шығарды. Театрлардың және Жамбыл атындағы Қазақ Мемлекеттік Филармониясының артистері көпшілік арасында күрделі мәдениет жұмысын жүргізді, отан соғысы жылдарында майдандарға барып, талай концерттер қойды, ойындар көрсетті.

Қазақстанның суретшілері соғыс кезінде 3,5 мыңнан аса көркем суреттер, скульптуралар жасады, көп плакаттар шығарды.

Өздерінің социалистік отанына шексіз шын берілгендігін, сүйіспеншілігін көрсете отырып, Қазақ республикасының отаншылдары танк колонналарын, авиация эскадрильяларын жасауға өздерінің қаржысынан 475 миллион сом берді. Еңбекшілердің өздерінің жыйнақтарынан барлығы 1 миллиард сомнан аса қаржы жыйналды. Қазақстан еңбекшілері майданға 2 миллион жылы киім, біржарым мың вагоннан аса сыйлықтар жыйнап жіберді. Ленинград қоршауда болған кезде Қазақстаннан Ленинградтықтарға жүздеген вагон азық-түлік жіберілді. Мемлекет заемдарына, лотереяларға, Отан Қорғау Қорына Қазақстанның еңбекшілері соғыс кезінде 2 миллиард сомнан аса қаржы берді.

Қазақстанның еңбекшілері неміс басқыншылардан азат етілген аудандардың халық шаруашылығын, қалаларын қалпына келтіруге көп көмек көрсетті. Бұл аудандарға жүздеген тракторлар, мыңдаған ауыл шаруашылық машина-саймандары, жүздеген тракторшылар, комбайншылар және ауыл шаруашылығының өнеркәсіптің, мәдениет құрылысының басқа да сондай маман қызметкерлері жіберілді. Колхоздар мен колхозшылар азат етілген аудандарға өздерінің шаруашылықтарынан жарты миллионнан аса мал жөнелтті.

Германияға қарсы жүргізілген Отан соғысы және Жапонияға қарсы соғыс жеңіспен аяқталды. Елміз социалистік бейбіт кұрлыс дәуіріне көшті, сондықтанды алдымызда дәл осы күні шешуді керек етін отырған аса маңызды міндеттер тұр.

Советтік Социалистік мемлекеттің соғыс және экономикалық қуаты онан сайын арттыра беру — совет халқының ең басты міндеті. Бұл міндетті орындау үшін, ең алдымен, неміс-фашистер уақытша басып алған аудандарда олар қыйратқан, жойған дүние мүлктің, шаруашылықтың бәрін қалпына келтіру керек. Бұл ардақты және қыйын іс бізден барлық күш қаржымызды аянбай жұмсауды талап етеді.

Екіншіден, совет халқы алдына халық шаруашылығының, темір жол транспортының, ғылым мен мәдениеттің барлық салаларын онан әрі өркендету міндеті қойылады.

Қазіргі уақытта жасалып жатқан төртінші бесжылдық жоспар елміздің шаруашылығы мен мәдениетін онан әрі өркендетуді көздеген ұлы программаны жүзеге асырудағы елеулі қадамымыз болып табылады.

Қазақстан да бұл жоспардан көрнекті орын алады. 1946-1950 жылдарда республикамыздың халық шаруашылығына жұмсалатын көп қаржы Қазақстанның социалистік шаруашылығы мен мәдениетін онан әрі өркендетін, еңбекшілер бұқаралық тұрмыс жағдайын жақсартады.

Ауыр өнеркәсіп үнемі күшейтіле береді. Өндірістің электр машиналар жасау, химия өнеркәсібі, түсті металдар өнеркәсібі, отын өнеркәсібі, электр станциялары құрылысы сыяқты салалары күшті қарқынмен өркендетіледі.

Көпшілік қолды бұйымдар жасау көрнекті орын алатыны түсінікті.



Көмір, мұнай өнеркәсібінің қара және түсті металл өнеркәсібінің, жеңіл өнеркәсіптің, отын, тамақ өнеркәсібінің және республикамыздың өнеркәсібінің барлық басқа салаларының қызметкерлері жұмыс қарқынын үнемі күшейтіп, өнімнің санын да, сапасын да арттыра беруге, кәсіп орындарының, шахталардың, рудниктердің, промыселдердің, темір жолдардың және транспорттың басқа түрлерінің жоспарларын орындау үшін күресуге міндетті.

Қазақстанның ауыл шаруашылығы жөнінде де алдымызға күрделі міндеттер қойылып отыр. Колхоздар, совхоздар мен МТС-тар оған әрі өркендей отырып, ауыл шаруашылығының өнімділігін, егін шаруашылығы, сол сияқты мал шаруашылығының товарлылық өнімін неғұрлым арттырулары керек.

Егіс көлемін арттыру, суармалы егінді көбейту, бидай және техникалық өгістерді көбейту үшін қажырлықпен күресу керек.

Мал шаруашылығының қызметкерлері Сталин жолдас алға қойған міндетті-Қазақстанды еліміздің шығыстағы негізгі мал шаруашылығы базасына айналдыру міндетін таяудағы уақыттың ішінде толық орындаулары керек.

Астық дайындау жоспарын толық орындау-республикамыздың партия және совет ұйымдарының ең таяудағы міндеті, бұл жөнінде Алматы, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл облыстарынан және ондаған аудандардан, мыңдаған колхоздардан үлгі алуға болады. Олар астық дайындау жоспарын толық және асыра орындап, Жеңіс қорына жоспардан тыс мыңдаған пұт астық берді. Тек Алматы облысының өзі ғана жоспардан тыс 300 мың пұттай астық тапсырды.

Астық дайындау қарқынын күшейту, облыстардың барлық халқын бұл аса маңызды шаруашылық-саяси міндетті орындауға жұмылдыру — республикамыздың партия және совет ұйымдарының борышы.

Республикамыз өзінің мерекесін халық шаруашылығының барлық салаларында жаңа табыстармен қарсы алуы керек.

Бейбәт социалистік құрылыс жағдайында еңбекшілердің тұрмыс және мәдени хажетін өтеу мәселелерінің ерекше маңызы бар. Мемлекет бұған көп қаржы шығарды. Еңбекшілік қолды заттар жасай алатын орасан зор өндіріс күштері шынара немесе толығынан босатылады.

Пәтер-үйлерді, мопшаларды, кір жуатын орындарды, асханаларды, магазиндерді жөндеу, жаңадан салу, көшелерді, канал жолдарын жөндеу және басқа осындай жұмыстарды үметіміз аса маңызды мемлекеттік құрылыс жұмыстарына теңгерді.

Еңбекшілердің мәдени хажетін өтеуді ұйымдастыруға толық көңіл бөлу керек. Жергілікті партия, совет және кәсіпшілер одақтарының ұйымдары театрлардың, кинолардың, кітапханалардың, клубтардың, оқу үйлерінің, қызыл мүйістердің, радио орындарының жұмысына үнемі көңіл бөліп, бақылап отырулары керек.

Быйыл балалардың бәрін мектеп оқуына тарту керек. Мұның өзі—мемлекеттік маңызы бар зор жұмыс. Ол жұмысты партия, совет, кәсіпшілер одақтарының ұйымдары, халық-ағарту қызметкерлері және оқушылардың ата-аналары күш біріктіргенде ғана ойдағыдай орындай алады.

Армиядан босатылған жауынгерлерге қамқорлық көрсету, олардың тұрмыс жағдайын жақсарту, жұмысқа орналастыру — қазіргі уақытта мемлекеттік маңызы бар бүкіл халықтық міндет. Партия, совет, шаруашылық және кәсіпшілер ұйымдары бұл жұмысты бетімен жібермей, армиядан босатылғандардың хажетін өтеу жөніндегі бюрократтықтың, елеушіліктің қандайына болса да қатты тыйым салулары керек, үйлеріне қайтқан Қызыл Армия жауынгеріне мейлінше қамқорлық көрсетіп отырулары керек.

Ұлы жеңіс хұрметіне басталған және қазіргі уақытта кең өріс алған бүкіл-одақтық социалистік жарыс халық шаруашылығы жөніндегі барлық міндеттерді толық және асырып орындау жолындағы күрестің негізгі әдісі болу керек. Жарысқа қатысушылардың міндеттемелерін орындауына, сойтіп, еңбек өнімділігін оған сайын арттыруына күнбе-күн көмектесіп отыру керек.

1945 жылдың ендігі калған күндерінде қысқа даярлықты күшейту керек. Заводтарда, электрстанцияларында, темір жолдарда, колхоздарда, совхоздар мен МТС-тарда жеткілікті шикі зат, отын қорын жасап, өндіріс үйлерін, пәтер-үйлерді,



мал қорларын жөндеуді тез аяқтап, мал азығының жеткілікті сақтық қорларын жасау керек.

Бейбітшілікпен даму дәуірінде совет адамдары алдына қойылып отырған міндеттер осындай.

Совет мемлекеті өзінің жұмысын шұғыл бейбітшілік жолға салып, қайта құруда. Соғыс аяқталғаннан кейін қабылданған партия мен үкметтің маңыады қаулылары бұған дәлел.

БК(б)Ш Орталық Комитеті мен ССР Одағы Халық Комиссарлары Советінің жаңа бесжылдық жоспарды жасау туралы қаулысы, ССР Одағы Жоғарғы Советі Президиумының Транспорт машина құрлысы Халық Комиссариатын құру туралы Указы, ақыр-аяғында, ССР Одағы Жоғарғы Советі Президиумының Жоғарғы Советтің сайлауын өткізу және сайлау күнін белгілеу туралы Указы еліміздің бейбітшілікпен даму дәуіріне күшті сеніммен аяқ басқанын, отанымыздың намысы, бостандығы, тәуелсіздігі үшін көрген көп азабы, берген көп құрбандығы есесіне совет халқының не тілегінің бәрін орындауға барлық шаралардың қолданылып отырғанын көрсетеді.

Бүкіл совет халқы және Қазақстанның еңбекшілері алдына осындай хұрметті зор міндеттер қойылып отыр.

Отанымыздың жаулары — Германия мен Жапонияны жеңіп, еліміздің халықтары және олардың Қызыл Армиясы өздерінің отаншылдық борышын аброймен орындады, совет мемлекетінің намысын, бостандығы мен тәуелсіздігін сақтап қалды. Бірақ мұнан — қазірдің өзінде баянды бейбітшілік орнатылды, деген мағына тұмайды. Мұндай бейбітшілік орнату үшін күресу — совет мемлекетінің, большевиктік партияның, бүкіл совет халқының аса зор міндеті.

Бүкіл дүние жүзінде ұзақ өмірлі, баянды бейбітшілік орнату үшін біз мемлекетіміздің экономикалық және соғыс қуатын онан сайын арттыруымыз керек, советтік ұлы отанымыздың онан әрі өсіп өркендеуі үшін, совет халқының, жеңімпаз халықтың бақыты үшін қажырлықпен, жанқиярлықпен еңбек етуіміз керек.



# Қазақ ССРын орнатқан—Ленин мен Сталин

Н. Кондратьева

Ленин мен Сталиннің басшылығымен Ұлы Октябрь Социалистік революциясын жасаған орыс халқы қазақ халқына отаршылдық езудің бұғаулары мен саяси правосыздықтан біржолата құтылуға көмектесті. Қазақ халқы бірінші рет өзінің ұлттық және мемлекеттік тәуелсіздігін өз қолына алды. Қазақ мемлекеті құрылым қалыптасқан күн — 1920 жылғы 4 октябрь. Бұл күні Автономиялы Советтік Социалистік Қазақ Республикасы құрылды. Бұл қазақ өмірінде жаңа дәуірдің басталуы, ұлт болып тууы және социалистік гүлдену дәуірі болды. Еңбекші бұқараларға совет өкметі әперген қазақ даласының сансыз байлығы Қазақстанды экономика және мәдениет жөнінен артта қалған елден алдыңғы қатарлы индустриялы — аграрлы республикаға айналдырды.

Республиканың шаруашылық және мәдениет жөнінен гүлденуін, халықтың — қайта тууын — мұның бәрін Ленин мен Сталин партиясының басшылығымен совет өкметі жүзеге асырды. Социализм идеясы өмірмен біте қайнасты, халықтардың туысқандық және достық идеясы советтік социалистік мемлекеттің күш, қуатының қайнар көзіне айналды.

Социалистік Қазақстанның бақытты тұрмысы, оның өркендеуі және күшейіп гүлденуі Лениндік — Сталиндік ұлт саясатының күшінің жеңілмейтіндігіне айғақ бола алады.

\* \* \*

Социалистік революцияда марксизм теориясының ең хажетті және қиын бөлімінің бірі болып саналатын ұлт мәселесін, пролетариат революциясынан әлде қайда бұрын, Ленин мен Сталин дұрыс шешіп берді.

Ленин мен Сталин ұлттардың өз билігін өз қолдарына алуын атап көрсете отырып, сонымен бірге бұрын езілген ұлттар бұл правоны өз қолдарына алып, ерікті, тең праволы болып алып, бұларға берілген бостандықты сақтап қалу мақсатын көздеп өз алдына бөлініп кетуден олардың бас тартатынын, сөйтіп басқа халықтармен бірлесіп тұруға мейлінше тырысатынын дәлелдеді.

1917 жылғы октябрьде В. И. Ленин «Партия программасын қайта қарауға» деген мақаласында былай деп жазды: «Ресейдің революциялық пролетариятының партиясы, ұлы орыс тілінде жұмыс істейтін партия, өз алдына бөліну правосын мақұлдауға міндетті. Бірақ біз, өз тарапымыздан, бөлінуді мүлде қаламаймыз. Біз барынша өте — мөте ірі мемлекет болуын, барынша өте — мөте тығыз одақ болуын ұлы орыстармен әргілес отырған ұлттар санының барынша мол болуын қалаймыз; біз мұны демократияның және социализмнің мүддесін көздеген, түрлі ұлттар еңбекшілерінің пролетариатын күреске барынша мол қатыстыру мүддесін көздеген тұрғыдан қалап отырмыз. Біз революциялық — пролетариаттың бірлікті, бөлуді емес, бірлестіруді қалаймыз...»

Біз, орыс халқының республикасы (тіпті ұлы орыстың деп айтудан да тайынбаймын, өйткені бұл дұрыс) өзіне басқа ұлттарды тартуын, бірақ немен? Күштен емес, тек ықтырлы түрде келісу арқылы ғана тартуын қалаймыз» (Ленин, ХХІ т. 316 — 317 бет).



Ленин мен Сталин ұлт мәселесін дұрыс шешудің бірден-бір дұрыс жолын, еліміздің халықтарын біріктіру жолын, ірі көп ұлтты социалистік мемлекет құру жолын көрсетті.

Ленин мен Сталин жолдастардың жасаған теориялық жағдайлары октябрь алдындағы, сол сыяқты октябрьден кейінгі дәуірдегі ұлт мәселесі жөнінде партияның шығарған барлық қаулы-қарарларының негізі болды.

Партияның және Ресей еңбекшілер бұқарасын социалистік революцияға дайындай отырып, Ленин мен Сталин ұлт мәселесіне ерекше көңіл бөлді. Революцияның тағдыры үшін ұлт мәселесінің дұрыс шешілуінің өте зор маңызы болды. Мұнсыз буржуазиялық-демократиялық революцияны аяқтауға болмайтын еді.

Апрель конференциясында Сталин жолдас Ресейде ұлт мәселесі жөнінде большевиктік кең программа жасап, ұлттың өз билігін өз қолына алу правосына қарсы күрескен, революцияға опасыздық істеген зұлым-Пятаков, Бухарин тағы басқаларды әшкереледі. Сталин жолдастың жасаған баяндамасы бойынша Апрель конференциясында қабылданған қаулыда ұлт мәселесі жөнінде былай делінген:

«Ресей составына енген барлық ұлттардың өз еркімен бөліну және өз алдына мемлекет құру правосы мақұлдануға тиіс... Ұлттардың өз еркімен бөліну правосы туралы мәселені қайбір ұлт болмасын қай кезде бөлінуі қолайлы екендігі туралы мәселемен шатастыруға болмайды. Бұл соңғы мәселені пролетариат партиясы, барлық қоғамдық даму мүддесінің және социализм үшін пролетариаттың таптық күресі мүддесінің тұрғысынан қарап, әрбір жеке жағдайда мүлде жеке өзі шешуге тиіс» («БК(б)П қаулыларда», 1 т. 239-бет).

Ұлттардың мұндай тұйықандық бірлестігінің, теңдік және еріктілік негізінде жасалған совет халықтарының мұндай мемлекеттік бірлестігінің түрі — Советтер республикасының құрамасы Лениннің ұсынуы бойынша 1922 жыл 30 декабрьдегі ССРОның I-Советтер съезінде жасалған Советтік Социалистік Республикалар Одағы болып табылады.

Бұрынғы ұлттық теңсіздік пен есушіліктің қалдығын жою үшін жүргізілген күресті, бұл іс жүзіндегі теңсіздікті жоюды көзден бір қатар экономикалық шараларды жүзеге асыру үшін жағдай жасауға жүргізілген күресті жас Совет республикасына жасаған экономикалық блокада мен интервенция баяулатты.

«Октябрь төңкерісі және ұлт мәселесі» деген мақаласында Сталин жолдас ұлт мәселесінің революциядағы орны мен ролін көрсетті және Қазақстанда мемлекет құру үшін зор маңызы бар тарихи мәселелерді түсіндірді. «Ресейде совет өкметінің ұлт мәселесі жөніндегі саясаты» деген мақаласында Ресейдің орталығы мен шет аймақтарының оларын нығайтуды қамтамасыз ету туралы мәселені қойды.

Сталин жолдас бұл еңбектерінде «орталық Ресей мен оның шет аймақтарының өзара көмегісіз революцияның жеңе алмайтындығын» күмәнсіз дәлелдермен дәлелдейді.

Буржуазиялық — ұлтшылдық ұрандарды әшкерелей отырып, Сталин жолдас олардың таптық мәнін ашап және орталық пен шет аймақтардың өзара қатынасының түрі ретінде, Ресейден шет аймақтарды бөлу талабы тек жауларды түпкілікті жеңуді қамтамасыз ету мүддесі үшін ғана емес, сонымен бірге шет аймақтар бұқарасының мүддесі үшін де іске асырылмауға тиіс екенін көрсетеді. Шет аймақтар бұқаралары Ресейдің орталығымен тығыз байланыс жасамайынша, өз алдына мемлекет болып күшейе алмайды, сондықтан да орталық пен шет аймақтар одақ болуға мейлінше қызығады. «Не Ресеймен бірігу, онда — шет аймақтардағы еңбекші бұқаралар империалистік езуден құтылады; не Антантамен бірігу, онда — сөзсіз империалистік құлдыққа түседі.

Үшінші жол жоқ».

Сталин жолдас ұлт облыстарына автономия сөз жүзінде емес, іс жүзінде керек деп үйретеді партияны. Орталық пен шет аймақтардың өзара байланысының бірден бір және қолайлы түрі тек қала одақтасу болады.

Тек халықтардың саяси төрбестігі мен одақтық байланысы негізінде, орыс халқының көмегімен, халықтар арасындағы іс жүзіндегі теңсіздіктің жоюы мүмкін.



Ленин мен Сталин бастаған партия революцияның барысында өзінің ұлттық программасын жүзеге асыруға кірісті. 1917 жыл 25 октябрьдегі Советтердің II-съезінде қабылданған «Бітім туралы» декретте ұлттың мемлекет құру түрі туралы мәселені әрбір ұлт ешбір қысымшылық көрмей шене алатын правосы заң жүзінде бекітілді. Бүкілресейлік II-съезде бірнеше күн кейін, 1917 жылғы 2(15) ноябрьде Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитеті Ленин мен Сталин жазған «Ресей халықтарының правосы декларациясын» жариялады. Бұл Ресей халықтарының өмірінде жаңа тарихи дәуірдің басталуы болды. «Декларацияда» лениндік-сталиндік ұлт саясатының негізгі идеялары — Ресей халықтарының өзіне өзі қожалығы мен теңдігі, олардың өз билігін өз еркімен жүргізу, өз алдына мемлекет құру правосы жазылған еді. Ұлттар істері жөнінде құрылған Халық Комиссариатын, ұлт мәселесінің теориялық негіздерін жасаған Сталин жомдас басқаруға кірісті. 24 ноябрьде РКФСР Халық Комиссарлары Советі мен Ұлттар Халық Комиссариаты «Шығыс пен Ресейдің барлық еңбекші мұсылмандарына» әдейі арнап, үндеу жариялады. Мұның сөздері Ресейдің шет аймақтарындағы халықтарға қуатты революциялық үн болып естірілді. «...Орыс революциясының соққысымен қанау мен күлдіктің ескі қорғаны шытырап барады. Жүтпесіздік пен езушілік дүниесінің ақырғы күні бітіп барады. Жаңа дүние, еңбекшілер мен азат етілушілер дүниесі-туып келеді. Бұл революцияны Ресейдің жұмысшы, шаруа үкметі, Халық Комиссарлары Советі басқарып отыр. Бүкілресейде жұмысшылар, солдаттар мен шаруалар депутаттарының Революциялық кеңесі орналасты. Елдегі бүкіл өкмет билігі халықтың қолына көпті. Ресейдің еңбекші халқының бір ғана жігерлі тілегі — әділетті бітімге жету, дүние жүзінің езілген халықтары өзіне бостандық алуына көмектесу. Ресей мұсылмандары, Поволжья мен Қырым татарлары, Сибирь мен Түркстанның қырғыздары мен сарттары, Закавказьяның түріктері мен татарлары, Кавказдың Чеченцалары мен тау халықтары, өздерінің ұлттық тұрмыстарының тоқтаусыз, өз еркімен кұра беріндер. Бұған сіздердің правосыз бар. Сіздердің правосыз Ресейдің барлық халықтарының правосы сыяқты, революцияның және оның органдарының, жұмысшылар, солдаттар мен шаруалар депутаттары Советтерінің барлық күш-қуатымен сақталатынын біліңіздер» (1917 жылғы Указдар жыйнағы, № 6).

Ресейдің барлық езілген Ұлттары Совет өкметін қолдауға және еркін жаңа тұрмыс құруға шақырылды.

Қазақстан халықтары бұл шақыруға жігерлі үн қосты және революциялық Ұлы принциптері үшін күресушілер қатарына қосылды. 1917 жылғы октябрьден 1918 жылғы февральға дейін пролетариат революциясы бүкіл Қырғыз әлкесі жерінен отаршылдық тәртіпті сынырын тегін Советтер өкметін орнатты.

Орыс халқының Ресей буржуазиясын жеңуі қазақ халқының тұрмысында жаңа көздің бетін ашты. Қазақстанда совет өкметі үшін күрес ерекше қарқынды түрге көшті.

Ленин мен Сталин шет аймақтардағы халықтардың басқа халықтармен ынтымақтаса отырып өз алдына мемлекет құру правосын жүзеге асыру мәселесіндегі негізгі шараларды да белгіледі. 1918 жылдың январьдағы Советтердің III-Бүкілресейлік съезінде Советтік ұлт республикаларының құрамасы ретінде, ерікті Ұлттардың ерікті одағының негізінде Ресей республикасын орнататын «Еңбекшілер мен қанаушы халықтардың правосының декларациясы» қабылданды. Декларация қанаушыларға қарсы аяусыз соғыс жариялады және барлық еңбекшілерді социализмнің жеңісі үшін күреске шақырды. Декларация, революцияның бесігі — Ресей мен халықтардың байланыс жасау түрін таңдай алу инициативасын толық олардың өз қолдарына бере отырып, соның өзінде Советтер республикасы құрамасының түпкі негізін де белгіледі.

Ұлт Халық Комиссариатының 1918 жылғы апрельдегі «Қазанның, Уфаның, Оренбургтің, Екатеринбургтің Советтеріне, Түркстан әлкесінің Халық Комиссарлары Советі және басқалары», «Совет өкметінің негізгі міндеті туралы» үндеу қазақтардың социалистік мемлекет құру ісінде ерекше маңызды роль атқарды.



«Орталықта өкмет, — дейді үндеуде, — қазірдің өзінде еңбекші бұқаралардың ішінен шыққан нағыз халық өкметі болып алды. Совет өкметінің күші мен қуаты осында... Бірақ, мәдениет жөнінде артта қалған элементтер орналасып отырған шет аймақтарда совет өкметі әлі де нақ осындай дәрежеде халық өкметі болып үлгірген жоқ.

Орталықта басталған революция шет аймақтарда, әсіресе шығыста кешігіпкіреп өрістеді. Бұл шет аймақтардың тұрмыстық және тіл жағдайлары, оның үстінде экономика жөнінде артта қалушылық айырмашылығы, онда совет өкметін нығайту ісін біраз қиындатты. Онда өкмет халық өкметі болу үшін, бұл шет аймақтардың еңбекшілерін және қаналушы бұқараларын революциялық дамудың барысына қатыстырудың арнауы әдісі керек, бұқараға совет өкметін таныту хажет, олардың жақсы-жақсы өкілдерін совет өкметінің жұмысына араластыру керек. Бірақ, бұл шет аймақтардың автономиясы болмайынша, яғни жергілікті мектепті, жергілікті сотты, жергілікті өкмәтшілік орнын, жергілікті өкмет орындарын, жергілікті қоғамдық-саяси және ағарту мекемелерін ұйымдастырмайынша, ұйымдастырғанда, қоғамдық-саяси жұмыстың барлық салаларында жұмысты өлкенің еңбекші бұқараларының ана тілінде ұйымдастыру правосын толық қамтамасыз етпейінше, мұны істеуге мүмкін емес».

Бұл үндеуде Сталин жолдас совет өкметінің ұлт мәселесі жөніндегі өте қиын міндетін әбден дұрыс шешеді. Автономияны мойындау-совет өкметінің шет аймақтардағы ең бірінші міндеті. «Жер-жерлерде Советтер негізінде құрылған тек автономия болуы хажет, бұл жергілікті жерлерде Советтер негізінде орнатылып, тек осы жолмен ғана бұқаралар үшін өкмет халық өкметі және туысқан өкмет болады, яғни автономия осы ұлттың жоғарғы адамдарының емес, төменгі адамдарының ғана билігін қамтамасыз етуі хажет. Мұның барлық мәні осында, сондықтан да Совет өкметі татар-башқыр жеріне автономия жариялайды. Қырғыз жеріне, Түркістан өлкесіне, тағы-тағыларға автономия жариялау осы тәртіпке жобалануда».

Мұнан соң Сталин жолдас бұл тарихи документте советтік автономияны орнату ісінде практикалық нұсқаулар берді. Бұл автономиялардың шекаралары мен жерін белгілеу үшін Сталин жолдас Советтердің Құрылтай съезін шақыруды ұсынды.

Ұлт Халық Комиссариатының нұсқауы бойынша Қазанның, Уфаның, Оренбургтың, Екатеринбургтың мұсылмандарының комиссариаты Татар-Башқыр Советтерінің құрылтай съезін шақыру жөнінде комиссия құрды. Қырғыз өлкесі мен Түркістан Советтері де съезд шақыру жөнінде жұмыс бастады.

Сталин жолдасының бұл үндеуі нақтылы басшылықтың үлгісі болады. Сталин жолдас барлық жағраймен терең шұғылданды. Ол жергілікті қызметкерлерге Советтердің құрылтай съезінде сайлауды қалай ұйымдастырулы үйретті. Сайлаудың өзінің негізгі міндеті—шет аймақтардағы ұлт еңбекшілерін совет өкметінің төңірегіне нық топтап, біріктіру міндетін атқаратындай етіп жүргізуді үйретті.

Сайлау жүргізу ісінде, күнделікті іс жүзінде көмектесіп отыру үшін 1918 жылғы 3 январьдың өзінде Ұлт Халық Комиссариатында ішкі Ресей мұсылмандарының ісі жөнінде комиссариат ұйымдастырылды.

1918 жылдың көктемінде бұрқ өте түскен азамат соғысы автономия құру жұмысына біраз уақыт тосқауыл болды, бірақ оны тоқтата алмады. 1918 жылғы жаз басынан 1919 жылдың аяғына дейін Қазақстан жерінің бір бөлігі ақгвардеецтердің қолында болды. Совет өкметі не қарсы күресте, шет аймақтарда революцияға қарсы барлық күш: Колчак, Дутов, Анненков, Толстов, Щербаков, контрреволюциялық алашордашылар, орталық, орынборлық, жетісулық казак орыс әскерлері бірікті, бұларға империалистік буржуазия көмектесті. Бірақ, еңбекшілердің ұлы көсемдері — Ленин мен Сталин қозғаған революцияның қуатты күші контрреволю-



цияның барлық біріккен күшінен күштірек болып шықты. Революцияның қуаты мен күші Ресей халықтарының біріккен майданында болды.

Қызыл Армия Оренбург пен Уральскіші босатып, Түркстанмен байланыс жасалысымен-ақ, 1919 жылғы 12 февральда Сталин жолдас «Түркстанның партия ұйымдарына, Совдепқа» хат жазып, онда олардың алдына ұлт саясатының ең хажетті міндеттерін қойды және оларды жүзеге асырудың жолдарын көрсетті.

Сталин жолдас былай деп жазды:

«Шығыс шет аймақтардың азат етуімен бірге партия—совет қызметкерлерінің алдында бұл шет аймақтардағы ұлттардың еңбекші бұқараларын социалистік мемлекет орнатудың жалпы ісіне қатыстыру міндеті тұр. Халықтың еңбекші топтарының мәдени дәрежесін көтеру, оларды социалистік жолмен агарту, жергілікті тілдерде әдебиетті өркендету, совет ұйымдарына пролетариатқа өте-мөте жақын адамдарды өндіру, оларды өлкені басқару ісіне қатыстыру хажет.

Тек осы жолмен ғана Түркстан еңбекшілері үшін совет өкіметін туысқан және жақын өкімет етуге болады».

1919 жылғы 14 мартта «Коммунар» газетінде жарияланған «Шығыста біздің міндеттеріміз» деген мақаласында Сталин жолдас былай деп жазды:

«Қызыл Армияның Шығысқа қарай ілгері басуымен және Түркстанға жол ашылуымен біздің алдымызда бір қатар жаңа міндеттер тұр.

...Шығыста совет өкіметінің ордасын орнату, Шығыстың езілген халықтарын азат етуге жарық жол көрсететін Қазан мен Уфада, Самарқан мен Ташкенде социалистік шамшырақ орнату—міндет осы».

Сталин жолдас бұл мақаласында Шығыста социалистік құрылыстың негізгі және нақтылы міндеттерін көрсетті.

«1. Бар күшті салып артта қалған халықтардың мәдени дәрежесін көтеру, жер-жерлерде агарту мекемелер мен мектептерді мол ұйымдастыру, төңректелі еңбекші халықтар үшін түсінікті, өз ана тілінде ауызша және баспасөз жүзінде советтік үгітті өрістету.

2. Шығыстың еңбекші бұқараларын советтік мемлекет құру ісіне қатыстыра отырып, оларға жергілікті халыққа жақын және совет өкіметі жағына шыққан адамдардан өздерінің болыстық, үездік және басқа советтерін құруға барынша көмектесу керек.

3. Орта ғасырдың және қазірде талқандалып отырған ұлттық езудің қалдықтарынан Шығыс халықтарының азат болу жолындағы өз істерінің мейлінше өркендеуіне кедергі болатын, ескі тәртіптен қалған немесе азамат соғысы кезінде пайда болған іс жүзіндегі және ресми түрдегі барлық және әрқалай тежеулерді жою.

Тек осы жолмен ғана ұлан—байтақ Шығыстың құлдыққа түскен халықтары үшін совет өкіметін туысқан, жақын өкімет етуге болады».

Большевик партиясы мен совет өкіметінің шығыс ұлттар шет аймақтарында жүргізетін ұлт саясатының негіздерін ашып айта отырып, Сталин жолдас бұл шет аймақтардың жағдайының өзгешелігін түсіндіреді.

«Ресейдің Шығыстағы халықтары, — деп жазды Сталин жолдас, — социалистік құрылыс ісін жеңілдеткен орталық губерниялардай бірыңғай емес, тиісті ұлттық түрлерде тез және кінәратсыз совет өкіметін орнатуға мүмкіндік берген батыс және оңтүстік шет аймақтардай мәдениет жөнінде жетілген емес. Бұл шет аймақтарға және Ресейдің орталығына қарағанда, керісінше, шығыс шет аймақтары, татарлар мен башқырлар, қырғыздар мен өзбектер, тәжіктер, ақырында бірқатар басқа этнографиялық халықтар (30 миллиондай халық) — не әлі де орта ғасырлық дәуірден арылмаған, не жуырда ғана капиталистік дамудың жолына түскен, мәдениет жөнінде артта қалған толып жатқан түрлі-түрлі халықтар болады.



Осы жағдай, сөзсіз, совет өкметінің Шығыстағы міндеттерін шиеленістіріп, біраз қиындатады» («Коммунар» 1919 жылғы 14 март, Оренбург).

Сталин жолдас Октябрь революциясы мен большевик партиясының ұлттық — азаттық саясаты ұлт алақоздігін жойғанын, орыс пролетариатына Шығыс халқтарының сенімін арттырып, хұрметтейтінін көрсетті. Шығыс халқы Ресейді өзінің азат болу жолындағы тірегі мен туы деп таныйтын болды.

Бірақ мәдени мешеулік пен тұрмыстан артта қалушылықты бір сермегеннен жоюға болмайды, деп үйретті Сталин жолдас Қазақстанның коммунистері мен совет қызметкерлерін. Мұның үшін ерекше сәттілік керек және «қолайсыз саясат қолданып шығыс шет аймақтары еңбекшілерін өзіңнен қашықтатып алмас үшін, орыс пролетариатына артқан сенімді жойып алмас үшін ұлттық сезімнің қалдықтарына» — ерекше көңіл болу керек.

Бөкей даласы Советтерінің съезі Сталин жолдасты құттықтап, оған былай деп жазды: «Қырғыз халқы өзінің тарихи қайта туу минутында сіздің көңіл аударып отырғаныңызды ешқашан ұмытпайды».

1918 жылғы апрельде Советтердің өлкелік съезі шақырылды. Съезд В. И. Ленин мен Сталин жолдасты құттықтап телеграмма берді. Телеграммада съездің күн тәртібіндегі мәселеде негізгі мәселе болып Түркстан өлкесінің автономиясы туралы мәселе тұр деп көрсетілген.

1918 жылғы 22 апрельде съездің атына қайтарған телеграммасында Ленин мен Сталин былай деп жазды:

«Жолдастар, совет құрудан бастаған сіздің өлкенің автономиясын халық Комиссарлары Советі қуаттанды деп сенулеріңізге болады, біз сіздердің бастамаларыңызды құттықтаймыз және сіздер бүкіл өлкеде Советтердің орындарын құрады, ал қазірде бар Советтермен толық ынтымақтасып іс жүргізеді деп әбден сенеміз.

Сіздер ұйымдастыруға кіріскен Советтердің Құрылтай съезін шақыру жөніндегі комиссияны сіздің өлкенің өкілдік органының халық Комиссарлары Советіне қатынасын белгілеу туралы мәселені бірге шешу үшін бізге Москваға жіберулеріңізді сұраймыз».

Съезд Түркстан өлкесін автономиялы республика деп жариялады. Бұған Қазақ ССР-ның қазіргі Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан және Қызылорда облыстары кірді.

1918 жылғы майдың басында ұлт Халық Комиссариатында арнаулы «Қырғыз бөлімі» құрылды. Ұлт Халық Комиссариатының басшылығымен Қазақстан Советтер Советтерінің Құрылтай съезін шақыруға даярлық жүргізді. Басталған соғыс интервенциясы мен азамат соғысы Советтік Автономиялы Қазақ Республикасын құру ісін уақытша кешеуілдетті, бірақ автономия құру жөніндегі Советтердің жұмысын тоқтата алмады. 1919 жылғы январьда, Сталин жолдастың инициативасымен, Қырғыз Соғыс Комиссариаты құрылды, ол Қызыл Армияның қазақ ұлттық бөлімін құрып, қазақ халқының арасында саяси жұмыс жүргізді.

1919 жылғы апрельде ұлт Халық Комиссариатының қаулысы бойынша Советтердің Бүкілқазақстандық съезін шақыру жөнінде арнаулы комиссия құрылды.

1919 жылғы июльде Қырғыз өлкесін басқару жөнінде Революциялық — соғыс комитеті құрылды. Ұлт Халық Комиссариаты және Сталин жолдастың басшылығымен Қазақстанда қазақ тілінде соттар ұйымдастыру жұмысы қызу түрде өрістейді, жер туралы декрет жүзеге асырыла бастайды, ана тілінде мектептер ұйымдастырылады, жергілікті халық еңбекшілерінен Совет үкметін басқару ісіне қатыстырылады.

Қазақ халқы орыс отаршыларына және алаш-орда үкметі сияқты жергілікті буржуазияға қарсы күреске белсенді түрде қатынасады.

Сталин жолдастың басшылығымен және тікелей көмегімен Қазақстан еңбекшілері, контрреволюциялық «ұлт үкметі» алаш — ордамен және «Қокан автономиясымен» — қыян-кескі күресті жүргізе отырып, совет өкметін құруға, өзінің социалистік мемлекетін орнатуға кірісті.



Сталин жолдас былай деп жазды:

«Шет аймақтарда» «ұлт үкметінен басқа да ұлт жұмысшылары мен шаруалары бар. Олар Ресейдің орталығындағы Совдептердің үлгісімен өздерінің революциялық Совдептерін Октябрь төңкерісінен бұрың-ақ ұйымдастырған, олар солтүстіктегі өздерінің бауырларымен байланысты ешуақытта үзген емес. Олар да буржуазияны жеңуге ұмтылды, олар да социализмнің жеңісі үшін күресті. «Өздерінің» «ұлт үкметімен» олардың жаңжалы күн санап өсіп отырғанына таңдануға болмайды. Октябрь төңкерісі шет аймақтардың жұмысшыларының және шаруаларының одағын Ресейдің жұмысшы, шаруаларымен нығайта түсті, социализмнің жеңетіндігіне сенімін арттырды. «Ұлт үкметтерінің» совет өкметімен жүргізген соғысы бұл үкметтермен олардың жаңжалын күшейтін толық ажырасуға, оларға қарсы ашықтан-ашық көтеріліс жасауға анарын соқты.

Ресейдің шет аймақтарының ұлттық буржуазиялық үкметтерінің контрреволюциялық одағына қарсы бүкіл Ресейдің жұмысшылары мен шаруаларының социалистік одағы осылай құрылды».

Сталин жолдасының инициативасымен июльде Ұлт Халық Комиссариаты Қазақстан мен Түркстан өкілдерінің арнаулы мәслихатын шақырды. Осы мәслихаттың нәтижесінде В. И. Ленин 10 июльде «Қырғыз өлкесін басқару жөніндегі ревком туралы Уақытша Ережеге» қол қойды.

«Ережеде» былай деп көрсетілді: «Жалпы Қырғыз съезі шақырылғанға дейін, ол мүмкіншілігінен көп ұзамай шақырылады, және Қырғыз өлкесіне автономия жарияланғанға дейін, бұл өлкені басқару үшін Революциялық Комитет құрылады, өлкенің жоғарғы есептегі — азаматтық басқару ісі осының қолына көшеді.

Ревкомның негізгі міндеттері мынау болды:

- а) Қырғыз өлкесінің жерінде бүкіл совет жұмысын ұйымдастыру және біріктіру;
- б) Орталық совет өкметінің барлық қаулы — қарарларын жергілікті халықтың жағдайларына, әдет-ғұрпына, тұрмысына үйлестіре отырып жүзеге асыру;
- в) жергілікті Советтердің жұмысын бақылап отыру;
- г) Қырғыз өлкесін шаруашылық және мәдениет жөнінен көтеруге барлық шараларды қолдану;
- д) Нарыз жергілікті маңызы бар кездесіп отыратын барлық мәселелерді шешу;
- е) жалпы съездің бекітуіне әкелу үшін Қырғыз автономиясы туралы Ереже-нің жобасын жасау және
- ж) Қырғыз өлкесі РКФСР және Түркстан Совет Республикасы араларындағы қатынасты реттеу».

Осы декретке сүйеніп, жалпы тәртіп бойынша қазақтар бірінші рет әскери міндетті қызмет атқаратын болды.

«Ереже» жергілікті Советтерді ұйымдастырудың тәртібін белгіледі. Декрет бойынша еңбекші емес адамдар сайлау праволарынан айрылды.

Ең қиын мәселенің бірі — жер мәселесі еді. Негізінде капиталистікке дейінгі қарым-қатынас сақталып келген шығыс шет аймақтарда жер мәселесін шешу хажет болды.

Коминтерннің екінші конгресінде В. И. Ленин отардағы ұлттар жөнінде сөз сөйлеп, оның өзіне тән даналықпен, «ең артта қалған отар елдердің капиталистік даму дәуірінен аттан өте алатынын» көрсетті. Бірақ, мұның өзінде «революциялық пролетариат артта қалған халықтар арасында ұдайы пропаганды жүргізуі, ал совет үкметі өзінің қарауындағы барлық мүмкіншілікті қолданып оған көмектесу» шарт деді.

Қазақ даласында Ревком орнату туралы бүкіл декрет және Қазақстанның еңбекші бұқараларының бұл революциялық органының шешуге тиісті міндеттері осы Лениндік идеяға артта қалған халықтардың капитализмді аттану — ақсақалдық — феодалдық қарым-қатынастан социалистік қарым-қатынасқа өту идеясына негізделді.

Бірінші рет көшпелі қазақ халқын қоныстандыру міндетін шешу керек болды.



Көшпелілердің жоспарлы қоныстануын ұйымдасқан түрде жүргізу қажет болды. «Қырғыз ревкомы туралы Ережеде» көшпелі қазақ халқын қоныстандыру кезінде кездесуі мүмкін қиыншылықтарды және осы қиыншылықтың өзі орыстар мен қазақ шаруаларының арасындағы қатынасты шиеленістіруі мүмкін екендігін ескере отырып былай деп көрсетілді: «Орыс халықтары отырған жерлер олардың пайдалануында қалады және оны селолық, болыстық, үездік орыс секциялары бөледі... Қырғыз халқы отырған жерлер, оның ішінде әлі қоныстанбаған, қоныстану үшін аралықтары белгіленетін жерлер Қырғыз халқының пайдалануында қалады және оны, Қырғыз халқының тұрмысы мен әдет-ғұрпына сәйкес, Советтердің Қырғыз съездері мен атқару, комитеттерінің бөлімдері бөледі».

Декретте жазылған және қазақ халқының тұрмыс мәселесін шешкен лениндік-сталиндік дана саясат Қазақ даласының ең қиыр шеттеріне дейін жетті.

Қазақстанның Ревкомы мен партия ұйымдары өзін «Қырғызия үкметі» деп атаған ұлтшыл контрреволюцияшыл алаш-ортаға қарсы, сол сияқты ұлы державашыл шовинизмге қарсы, лениндік-сталиндік ұлт саясатының дұрыс жолын жүзеге асыру үшін күрес жүргізді.

1920 жылдың алғашқы жартысында Қазақстан бойынша Советтердің съезі болып өтті. 1920 жылғы январьда Ақтөбе қаласында болған Советтердің бірінші конференциясында 250 делегат революция мен партияның көсемдеріне, олардың көрсеткен көмегі мен даналық саясаты үшін өздерінің ынтажігерімен берілгендіктерін бірауыздан білдіре отырып, өздерінің барлық күшін совет құрылысына жұмсаймыз деп Ленин мен Сталинге сенімдерін берді.

Сталин жолдастың басшылығымен Қазақстан партия ұйымдары жүргізген үлкен даярлық жұмысы-ақтүрдеңдерден жер-суды тазарту, алаш-ордашыларды талқандау-Бүкілдалақтық Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Советінің 1920 жыл 26 августы, В. И. Ленин мен Сталин қол қойған, Қырғыз Социалистік Совет Республикасы Автономиясын құру туралы декреттің жариялануын даярлады. Оны Қазақстан еңбекшілері зор қуанышпен қарсы алды. Советтердің Бүкілқырғыздық I — съезін шақыру жөнінде өте кең ұйымдастыру творчестволық жұмыс өрістетілді.

1920 жылғы 4 октябрьде Советтердің Бүкілқырғыздық бірінші Құрылтай съезі ашылды. Съезд Қырғыз өлкесін, РСФСР-ға енетін, Қазақ Советтік Социалистік Республикасы деп жариялады. ҚАССР еңбекшілері праволарының декларациясын қабылдады және азық-түлік саясаты, жер мәселесі, экономикалық құрылыс жөнінде наулы алды. Съезд мемлекеттік өкмет орындарын ұйымдастыру ісін бір жолата аяқтады. ҚАССР орнан және өлкелік партия ұйымы құрылғаннан кейін Қазақ халқының еңбекші бұқаралары мемлекеттік құрылыс ісінде өте зор міндеттерді шешуге кірісті.

Бірінші съезбен қазақ халқының социалистік мемлекет үшін күреснің ең қажетті кезеңі аяқталды. Ленин-Сталин партиясының басшылығымен, Сталин жолдастың тікелей көмегімен қазақ халқы ұлт болып құрады және өзінің Автономиялы Советтік Социалистік Республикасын орнатты.

1921 жылға қарай азамат соғысы жеңіспен аяқталды, большевик партиясының басшылығымен совет халқы да бейбіт шаруашылық құрылысқа, социалистік мемлекеттің экономикалық негізі болған социалистік экономика орнатуға көшті.

Қазақстанда бейбіт шаруашылық құрылысқа көшу ерекше қиын болды. Жалпы шаруашылықтың бүлінуіне байланысты туған қиыншылық өлкенің бұрынғыдан қалған ерекше шаруашылық мәдени және саяси артта қалушылығымен жеке оның ұлттық ерекшелігімен Қазақстанда күшейе түсті.

Қазақ ауылында әлі де ұру — ақсақалдық — феодалдық қарым-қатынас үстем болып тұрды. Жартылай феодал-бай элементтердің ишпалы күшті болды, олар ақсақалдық-ұрушылық әдет-ғұрпын қалықтарын пайдаланып, қанаудың ауыр түрін қолдана отырып еңбекшілерді кеңінен қанау бастады.

Мұсылман руханилары қазақ шаруасын тонап жүрді. Қалың мал алу әменгерлік және қан қатып алу түрлінен тұрды. Қалың мал алушы жою, қан қатып алу мен әменгерлік істеуді тыю туралы 1920 жылғы декабрьде шыққан декреттің



жүзеге асуы әлі де әлсіз болды. Оны жүзеге асыру үшін үлкен күрес ашу алды тұрды.

Республикалық және жергілікті мемлекеттік аппараттар әлсіз болды. Ауылдық Советтерде бай, құлақтар отырды. Қазақ еңбекші бұқараларының мәдени және саяси дәрежесінің төмендігі, бүтіндей дерлік сауатсыздығы совет және партия аппараттарын жергіліктендіруді қиындатты.

Былай да әлсіз өнеркәсіпті шаруашылықтың бүліншілікке ұшырауы жапсыздандырды. Ауыл шаруашылығы ең жабайы әріспен жүргізіліп, Партияның Х, XII съезінде және 1923 жылы IV ұлт мәселесінде өзінің сөйлеген сөзінде Сталин жолдас жаңа жағдайда большевиктік ұлт саясатын жүзеге асырудың кең программасын айтып берді. Ол программа барлық ұлттардың жұмысшы табы мен шаруаларының мызғымас одағын қамтамасыз етуге, халықтардың достығын нығайтып, дамытуға, социалистік мемлекетті нығайтуға бағыттады.

Сталин жолдас ұлт мәселесінің мәні-ұлттардың, оларға бұрынғыдан қалың кележатқан, саяси-шаруашылық және мәдени артта қалушылығын жою және артта қалған халықтарға орталық Ресейді мемлекеттік, сол сыяқты мәдениет, шаруашылық жөнінен де қуып жетуге мүмкіндік беру деп көрсетті.

Бұл артта қалушылықты, ұлттардың іс жүзіндегі теңсіздігін, ұлттық өзіндіктің, отаршылдық құллықтың барлық қалдықтарымен табанды түрде, аяусыз күресу жолымен ғана және орыс халқының іс жүзіндегі ұзақ уақыт көрсеткен көмегі арқылы жоюға болады. Қазақстанның артта қалушылығы, іс жүзіндегі теңсіздігін жою үшін қазақ халқына мынадай көмек көрсету керек болды: ұру ақсақалдық-феодалдық қарым-қатынасты жоюға; өзінің ұлттық-тұрмыстық жағдайларына сәй келетін түрде советтік мемлекетті нығайтып, жетілдіруге; өзінің ана тілінде іс жүргізетін сот, өкімшілік, шаруашылық орындарын, жергілікті халықтың санасы мен тұрмысын білетін жергілікті адамдардан құралған өкімет орындарын нығайтып, жетілдіруге; өзінің ана тілінде клуб, театр, баспасөз жұмыстарын, тағы басқаларды жетілдіруге.

Сталин жолдас Ұлт республикаларында өнеркәсіп ошақтарын жасау міндетін көйды.

1921 жылы Жетісу және Сырдария облыстарында жер-су реформасын жүргізу басталды, ол құлақтарға күйрете берілген соққы болды және қазақ халқының жер-су пайдалану правасын орыс шаруаларымен теңеді.

Жаңа шаруашылық саясаты және партияның X съезінің қаулысы республиканың халық шаруашылығын көтерін, қалпына келтіру үшін барлық жағдайды жасалды.

1923—1924 жылдары, жер беруге бірге, көшпелі, жартылай көшпелі және қоныстана бастаған қазақ халқы мемлекет есебінен қоныстандыру жүргізілді. Мемлекеттен қарызға қаржы, мал, тұқым, ағаш берілді, мемлекет салығынан 5 жылға дейін босатылып, тегін агрономиялық көмек көрсетілді. Ауыл шаруашылығына едәуір қаржы жұмсалды. Ауыл шаруашылық банк ұйымдастырылды.

1924 жылы Орта Азияда жүргізілген шекара ажырату Қазақстанды өркендету және нығайту ісінде бұдан әрі қалам басу болды. Шекара ажырату нәтижесінде Қазақстанға Сырдария, Жетісу облыстарының қазақ жерлері қосылды. Қазақстан составына жаңадан құрылған Кара-Қалпақ автономиялы облысы да қосылды.

Ұлттық және мемлекеттік шекара ажырату Қазақстан еңбекшілерінің ұлттық сөзінің өркендеуіне хажетті жарлай болды. Октябрь Социалистік революциясы ұлттарды «жоққа шығармақ» түгіл қазақ ұлтын тулырған күш болды. Сталин жолдас былай деді: «Түркмен, өзбек, тажік (грузин, армян, әзербайжан, тағы басқалары туралы айтпағанның өзінде) сыяқты ұлттар өздерінің артта қалғандықтарына қарамастан, ССРОда социализм жеңуіне байланысты орыстанып кетпек түгіл, керісінше қайта туып, өз алдына ұлт болып өркендеді».

Орта Азия халықтарының ұлттық шекаралары ажырауы негізінде қазақ халқының ұлттық бірлікке, қуатты ұлт болуға қолы жетті. Орта Азияның ұлт шекараларының ажырауы, революцияға дейінгі дәуірде бөлшектеніп кеткен қазақ халқының ұлт болып құралуының аяқталу кезеңі болды.



Қазақстанға оңтүстік облыстардың қосылуы оның жерін едәуір кеңейтті.

1925 жылғы апрельде республиканың жаңа астанасы — Қызылорда қаласында Советтердің 5-съезі болды, осы съезде қазақтар өзінің тарихи дұрыс атымен аталатын болды, осыған сәйкес республиканың да аты өзгерді.

1924 жылғы декабрьде БК(б)П Орталық Комитеті Қазақстан партия ұйымдарына, Сталин жолдас қол қойған, арнаулы хат жазды.

Партия ұйымының негізгі міндеті ретінде Сталин жолдас мынадай міндеттер қойды: партияның составында қазақтарды көбейту, басшылық орындардың белсенді жұмысына қатыстыру жолымен, сол сияқты түрлі мекентер мен күрестер ұйымдастыру арқылы жергілікті еңбекші халықтан кадрлар даярлау. Советтерді жаңданғыру міндеті де маңызы зор мәселенің бірі болды.

«Шаруашылық жөнінде. — деп жазды Сталин жолдас. — жуырдағы уақыт ішінде бұрынғыша ең қажетті мәселелер болып мыналар қалды: халықты кооперативтендіру, жерге орналастыру мәселелерін мықтан талқылау және әсіресе көшпелі қырғыздардың қоныстануына байланысты, жер жөніндегі барлық қажетті шараларды жүргізу. Қырғызияда ерекше маңызды болып отырған мемлекеттік орындардың саула-даярлау жұмысына да ойлағыңдай көңіл бөлу».

Бұл Сталиндік нұсқаулар Қазақстанның совет, партия ұйымдарының бұдан былайғы барлық жұмысына негіз болды, республиканы және оның халық шаруашылығын нығайтты.

1926 жылы ССРО халық шаруашылығын қалпына келтіру ісі аяқталды. Алта тұрған міндет елімізді социалистік жолмен индустриаландыру үшін күресу болды.

Елімізді социалистік жолмен индустриаландыруға партия мен өкметтің ұстаған бағыты Қазақстан еңбекшілерінің алдына бір қатар жаңа міндеттер қойды. Сталин жолдасын тікелей басшылығы мен ұлы орыс халқының шекеіз көмегі арқасында, бұл міндеттерді жүзеге асыру мүмкін болды.

Сталиндік Конституцияны қабылдау қарсаңында Қазақстан бүтіндей өзгерді. Сталиндік бесжылдықтардың нәтижесінде Қазақстан алдыңғы қатарлы индустриялы-аграрлы республикаға айналды. Бұл мезгілде ауыл шаруашылығы механизацияланды және социалистік жолға қойылды, қазақ халқы қоныстанып болды, бай мен күлак жойылды, социалистік меншік саяси күршылыстың негізіне айналды.

Бұдан 25 жыл бұрын қазақ халқы, орыс халқының туысқандық көмегімен, Ленин мен Сталиннің тікелей басшылығымен, өзінің социалистік мемлекетін орнату жолына түсті.

Республиканың мерекесі Қазақстан еңбекші бұқараларының социализм үшін жүргізген жыйырма бес жылдық батырлық күресінің қортындыларын шығарды. Ленин — Сталиннің басшылығымен қазақ халқы Совет Одағы халықтарының алдында тұрған революциялық міндеттерді орындауға кедергі жасағысы келгендердің бәрімен аяусыз күрес жүргізді.

Ленин мен Сталин нұсқап көрсеткен, пролетариат мемлекетінің көздеген социалистік мақсаты, Ұлы Октябрь Социалистік революциясының жеміні әпергенін хашметпен сақтаған, Қазақстан еңбекші бұқараларының қан, тәніне сіңіеті.



# Көркейген қазақ халқының ғылымы мен мәдениеті

К. Сәтбаев

ССР Одағы Ғылым Академиясы Қазақ филиалы  
Президиумының Председатели, ССР Одағы Ғылым  
Академиясының мүше корреспонденті

Ұлы Октябрь Социалистік Революциясынан бергі 28 жылдың ішінде қазақ халқы ұлы орыс халқының туыскандық көмегімен, Ленин-Сталин партиясының басшылығымен, өзінің тарихи дамуында үздік алға басты. Патша үкіметінің правосыз, мешеу қолсониысы болған Қазақстан өнеркәсібі күшті ауыл шаруашылығы өркендеген Советтік Социалистік республикаға айналды.

Қазақстанда Бүкілодақтық 3-таскөмір ошағы — Қарағанды көмір бассейні құрылды. Советтер Одағы мен Европадағы ең үлкен Балқаш мыс заводы және Шымкент қорғасын заводы салынды, мұнай, түсті метал, сирек кездесетін металдар, алтын, ферросплав шығаратын ірі өнеркәсіп жаңадан құрылды. Совет өкіметі тұсында ашынан толып жатқан жоғары дәрежелі, орта дәрежелі мектептер, ғылыми зерттеу институттары Қазақстанда ғылымның өркендеуіне жағдай туғызды. Республикамыздың шаруашылығы мен мәдениетін өркендетуге орасан зор еңбек сіңірген көптеген қазақ интеллигенциясы өсіп жетілді.

Көркейген қазақ халқы өз республикасының 25 жылдығында Советтер Одағындағы халықтардың туыскандық одағы қатарынан көрнекті орын алды.

Капиталистік елдер жұртшылығының біреыңрасы Орта Азия халықтарының, оның ішінде қазақ халқының да тарихы және мәдениеті жоқ деп ойлайтын. Бірақ мұндай пікірдің негізсіздігін анықтау үшін кейбір тарихи фактыларға көз жіберудің өзі жеткілікті.

Қазақстанның Тараз және басқалары сияқты ескілікті қалаларының орнын қазғанда бұл қалаларда жоғары дәрежелі мәдениет, су құбырлары, жақсы моншалар, әртүрлі сәулетті үйлер болғаны анықталды. Бір кезде мәдениетті егін шаруашылығы болғанын ынаптайтын су құрылыс орындары Қазақстанның көп жерлерінде кездесе береді.

Батысқа қарай бет алған жорығында Қазақстанды өрттей жалап, аңтап өткен Шыңғысханның Монғол шапқыншылары XII ғасырдың бас кезінде Қазақстанның бұрынғы халықтарының бұл жоғары дәрежелі мәдениетін талқандады. Сол кезден бастап XVII ғасырға дейін, Шыңғыс тұқымының үстемдігі жойылғанға дейін, Қазақстан халықтары қаратүбек дәуірді бастан өткізді, шаруашылығы мен мәдениеті нашарлады.

Қазақстанда бұрын мыс, темір, қорғасын, калайы кендерін шығарған жерлер көп кездеседі. Әртүрлі пайдалы өсімдіктерді қазақ халқы ежелден бері пайдаланып келген. Өз жеріндегі неше алуан шөптерді, суларды қазақ халқы мал шаруашылығы үшін шеберлікпен пайдаланып келгенін жұрттың бәрі жақсы біледі.

Қазақ халқының неше алуан және өте бай халық музыкасы бар. Қазақ халқы адамның махаббатын, ерлігін, неше түрлі жан сезімдерін бейнелейтін көп күйлер, әндер шығарған. Қазақ ауыз әдебиетінің байлығын да жұрт таныған. Жазуы болмаса да өзінің ауыз әдебиетін, батырлар жырларын нешеме ғасыр бойына түгел сақтап келген қазақ халқының бұл жөнінде теңдесі жоқ дәуге болады. Терең сырлы, назік лебізді болады, бейнелерінің айқындығы жағынан қазақ халқы-



ның «Қозы көрпеш пен Баян сұлу» поэмасын дүние жүзінде мұндай таңдаулы поэмаларымен қатар қоюға болады.

Бұл айтылғандардың бәрі қазақ халқының даңқты тарихы және терең тамырлы рухани мәдениеті болғанын ыспаттайды.

XVIII ғасырдың алғашқы жартысында қазақ халқы Ресей қол астына қарды. Бұдан кейін қазақ даласы Ресей патшалығының отары болды. Қазақ халқының дамуына қарама-қарсы екі күш: патша үкметінің реакцияшыл соғыс-отарлау саясаты және адамгершілік мәдениетшілік бағыт әсер етіп отырды. Бұл бағытты ұлы орыс халқының таңдаулы адамдары, прогресшіл-демократ интеллигенциясы бастады. Патша әкімдерінің және жергілікті сұлтандардың қысымынан қазақ халқы кедейленіп, рухани жағынан азып, құруға бет алса, екінші жағынан орыс халқының, оның радикал-демократ интеллигенциясының әсерімен қазақ халқының таңдаулы адамдары ұлы орыс мәдениеті мен экономикасына жанасты. Қазақ халқының адал ұлдары — тамаша географ және зерттеуші Шоқан Уәлихановтың, қазақ әдебиетінің классигі Абай Құнанбаевтың, атақты агартушы-педагог Ыбрай Алтынсариннің және басқаларының өмірімен ісі бұған айқын дәлел.

Барлық халықтардың бостандығын, тәуелсіздігін және туысқандығын жариялаған Ұлы Октябрь Социалистік революциясы, Советтер Одағындағы халықтардың тарихи дамуында тамаша жаңа дәуірді бастады.

Жаңа ғана құрылған совет өкметі 1917 жылғы 16 ноябрьде «Ресей халықтары праволарының декларациясында» халықтардың дербес мемлекет құруға дейін өз алдына ел болу праволарын жариялады, ұлттық ардақтылық және шежірелілік атаулының бәрі жойылғанын жариялады. 1920 жылғы 4 октябрьде советтердің бүкіл Қазақстандық тұңғыш съезі Қазақстанның автономиясын жариялап, Қазақ автономиялы советтік социалистік республикасының Конституциясын бекітті.

Содан бері 25 жыл — тарихи аз уақыт өтті, бірақ бұл уақыттың ішінде қазақ халқы үздік алға басты. Патша үкметінің мешегеу отары болған, халқының не бәрі 2 проценті ғана сауатты болған Қазақстан күшті мәдениетті, халқының 80 процентінен артығы сауатты республикаға айналды. Қазақстанда толып жатқан бастауыш және орта мектептер, ауыл шаруашылығына, өнеркәсіпке, мәдениет құрылысына керекті мамандар даярлайтын әртүрлі техникумдар ашылды.

Бұдан 25 жыл бұрын Қазақстанда бірде-бір жоғары мектеп болмаса, қазіргі уақытта республикамызда 22 жоғары мектеп, оның ішінде Қазақ мемлекеттік университеті, Кен-металлургия институты, медицина институты, Ауыл шаруашылық институты, Мал дәрігерлік-зоотехника институты, Мемлекеттік Консерватория және басқалары бар.

Октябрь революциясына дейін Қазақстанда бір ғана ғылыми-зерттеу мекемесі — Император География қоғамының Батыс-Сібір бөлімінің Семейдегі бөлімшесі болды. Оның өзінің де жұмыс өрісі өте тар болды. Алтай тауларын зерттеуден әрі аса алмады. Тек ұлы Октябрь Социалистік революциясынан кейін ғана жергілікті жерлерде ғылым ордаларын құруға не керекті жағдайдың бәрі туғызылды. Азамат соғысы және шет ел басқыншыларына қарсы соғыс аяқталысымен Қазақстанда жер-жерде ғылыми-зерттеу мекемелері құрыла бастады. Олардың жұмысы жыл санап кең өріс ала берді. Қазіргі уақытта Қазақстанда еліміздің жаратылыс байлықтары мен мәдениетін қай жағынан болса да зерттеу жөнінде неше алуан күрделі жұмыстар атқарып отыратын толып жатқан ғылым мекемелері бар.

Бұл жұмыстың көлемін көрсету үшін мынадай бір мысал келтіруге болады. Қазақстанның кен байлықтарын зерттеу, ашу жөнінде ғана 1944 жылы 38 ғылым-зерттеу мекемесі жұмыс істеді, олардың жұмысына 70 миллион сомдай қаржы жұмсалды. Қазақстанның ғылыми мекемелері қатарында ССР Одағы Ғылым Академиясының Қазақ Филиалы, Ленин атындағы Бүкіл одақтық ауыл шаруашылық ғылымдар академиясының Қазақ филиалы сыяқты ғылым ордалары бар.

Өткен 25 жыл ішінде Қазақстанда жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстарының көйбір қорытындыларын келтірейік.

Қазақстанның барлық жерінің 90 процентіне жуығы топографиялық картаға



түсірілді. Қазіргі уақытта Қазақстан жерінің 86,5 проценти геология жағынан зерттелді. Мұның нәтижесінде Қазақстан жерінде ағше алуан минерал кендері табылды. Хром, ванадий, калий тұзы және басқа химиялық тұздар қоры жағынан Қазақстан дүние жүзінде бірінші орын, мыс, күміс, мырш, қорғасын, қорунт, барит және басқа минералдар жағынан Советтер Одағында бірінші орын алды.

Жер кендерін зерттеу нәтижесінде Қазақстанда совет өкметі тұсында Советтер Одағы түгіі, бүкіл Еуропада теңдесі жоқ үлкен өнеркәсіп алыптары, оның ішінде Балкан мыс заводы, Шымкент полиметалл комбинаты, Ақтөбе мен Жезқазғанда өнеркәсіп тораптары салынды, Қарағанды көмір бассейні кұрылды.

Қазақстанның жер қыртысын, өсімдігін, айуанаттарын және басқаларын зерттеу, пайдалану жөнінде де Қазақстанның білімпаздары көп табыстарға жетті. Қазақстанның барлық 16 облысының жер қыртысының картасы жасалып болды. Орталық Қазақстанның құмайт-сазды жерлерінде ағаш, жеміс, жиде, оның егудің жолдары белгіленді. Өсімдіктің үш мынадай аса түрі, оның ішінде ғылым, халық шаруашылығы үшін аса пайдалы өсімдіктер анықталып, еснатталды. Қазақстанның жөндіктерінің атласы жасалды.

Республикамыздың егін шаруашылығы мен мал шаруашылығын өркендету мәселелеріне байланысты ауыл шаруашылық ғылымдары жөнінде де Қазақстанның білімпаздары едәуір табыстарға жетті. Мәселен, республикамыздың колхоздары мен совхоздарында мақта, қызылша, каучукті өсімдіктер көңінен өгіметін болды. Қазақстанның ғылым мекемелерінің мал шаруашылығы жөніндегі жұмысы нәтижесінде малдың (көбінесе қой мен өшкінің) жаңа тұқымдары жетістірілді. Мал басын тез өсірудің жаңа жолдары белгіленді. Республикамыздың мал шаруашылығын өркендетуге қолайлы жеке аудандары мен облыстарының мал азығы және су қоры зерттелді.

Қазақстанда дәрігерлік-биология ғылымдары кен өріс алды. Әсіресе бруцеллез, безгек, энцефалит, ұра сыяқты аурулардың жұғу жағдайларын зерттеуге, оларға қарсы күресу әдістерін белгілеуге ерекше көңіл бөлінді. Республикамыздың курорт жөніндегі мүмкіншіліктері зерттелуде.

Ұлы Отан соғысы жылдарында Қазақстанда астрономия-физика, химия, техника, оның ішінде энергетика, металлургия және көп ғылымдары көң өріс алды. Республикамызда адамгершілік ғылымдары өркендеді. Қазақ халқының мол ауыз әдебиеті жыйналып, тәртіпке салынды. Мұның көлемі қазір 1800 баспа табақтан асады. Қазақ тілі грамматикасының ғылыми негіздері белгіленді. Орысша — қазақша толық сөздік жасалды. Қазақстанның тарихи маңызды жерлерінде ескі мәдениеттің мұралары қазылып, жыйналуда. Қазақ халқының тарихына керекті деректер жыйналып тәртіпке салынууда.

Қазақтың халық музыкасын жыйнап, тәртіпке салу жұмысы көңінен өрістетілді. Қазіргі уақытта қазақтың 1500 ден аса әні мен күйі жыйналды. Бұл әндер мен күйлер қазақ халқының асқан музыкалық дарындылығына айқын дәлел. Еуропа мәдениетінің таңдаулы өкілі Ромэн Роллан қазақтың әндері мен күйлеріне зер баға берді.

1932 жылы республикамыздың ғылым ордасы — ССР Одағы Ғылым Академиясының Қазақ филиалы кұрылды. Содан бергі 13 жылдың ішінде Қазақ филиалы шын мәнінде республикамыздың ғылым ордасына айналды. Оның қарамағында 16 институт, 7 дербес сектор, бұлардан басқа Қазақстанның аса маңызды облыстары мен аудандарында тұрақты ғылыми-зерттеу базалары бар.

Қазақ филиалының өсуімен қатар оның ғылыми-зерттеу жұмысының тақырыптары да үнемі кеңейіп отырды. Қазіргі уақытта филиалдың ғылыми қызметкерлері шұғылданатын негізгі тақырыптар мынадай: Қазақстанның минерал қорларын терең зерттеу; Қазақстан жерінің геологиялық кұрылысын, онда неғұрлым пайдалы кендердің орналасуын анықтау; кұрылыс материалдарын жасау технологиясының мәселелерін шешу; химия өнеркәсібін өркендету мәселелерін шешу; өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы хажетіне асатын су қорларын зерттеу; Қазақстанның энергетика қорларын анықтау және оларды неғұрлым тез және тәртіппен пайдалану жолдарын белгілеу; Қазақстанның жер қыртысын зерттеу және жер қорларын



өсеңке алу; жер қорларын тәртіптен пайдалану әдістерін белгілеу; Республикамыздың өсімдіктерін зерттеу; пайдалы жабайы өсімдіктерді және шет елдерден әкелінген өсімдіктерді анықтап өту; мал басын тездетіп өсіру, мал тұқымын жақсарту, өнімін арттыру; республикамыздың жабайы айуандарын, әсіресе балық байлығын, ауланатын аңдарын, құстарын зерттеу; ауыл шаруашылық егістеріне зиянды жәндіктерді, малға ауру жұқтыратын жәндіктерді зерттеу; малдың және адамның физиологиясы мәселелерін, әсіресе зиянды өндірістердегі еңбекте денсаулық жағдайып жақсарту мәселелерін шешу; әртүрлі ауру-індеттердің дамуының жаратылыстық жағдайларын анықтау және ондай ауруларға күресу әдістерін белгілеу; еңбекшілердің, әсіресе отан соғысы мүгедектерінің денсаулығын және күш-қуатын қалпына келтіру мақсатымен Қазақстанның курорттарын және басқа жаратылыс күштерін неғұрлым жақсы пайдалану мәселелерін шешу; математика, механика, астрономия, физика, право, экономика және басқа пәндер мәселелерін шешу; Қазақстанның жері мен халқын зерттеу, оның байлықтарын және неше алуан өндіріс күштерін халық шаруашылығы үшін пайдаланудың неғұрлым тиімді жолдарын белгілеу; қазақ халқының және Қазақстандағы басқа халықтардың тарихы, тілі, әдебиеті және көркем өнері жөніндегі мәселелерді терең зерттеу.

Филиалдың ғылыми-зерттеу мекемелерінде 1944 жылы аса маңызды 150 ғылыми тақырып белгіленді. 1945 жылы барлығы 285 ғылыми тақырып белгіленеді.

Соғыс кезінде филиалдың экспедиция отрядтары өте-мөте көбейді. 1941 жылы 32 экспедиция отряды болса, 1944 жылы 102 экспедиция отряды болды. 1945 жылы 94 экспедиция отряды жұмыс істейді. Соғыс жылдарында 350ден аса экспедиция отряды ұйымдастырылды. Бұлар республикамыздың соғыс хажетіне керекті байлықтарын ашу және оны отан қорғау хажетіне пайдалану ісіне зор көмек көрсетті.

1945 жылы филиалдың ғылыми жұмыстарының жалпы көлемі 1941 жылғыдан 6,4 есе артты.

Өзінің ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесінде ССР Одағы Ғылым Академиясының Қазақ филиалы соңғы төрт жылдың ішінде Советтер Одағының және Қазақстанның үкмет орындары мен халық комиссариаттарына 160тан аса пайдалы ұсыныс тапсырды. Майданға көмектесу жөнінде бұл ұсыныстардың зор маңызы болды.

Ғылыми-зерттеу жұмыстарын біріктіріп жүргізу жөнінде Қазақ филиалы едәуір табыстарға жетті. Мұның өзі халық шаруашылығына байланысты ғылыми тақырыптарды неғұрлым толық қамтуға мүмкіншілік берді. Мәселен Оңтүстік Қазақстанда филиалдың ғылыми қызметкерлері ашқан ванадий кендерінің қорын және сапасын, сол сыяқты ол кендерді неғұрлым жақсы және тез меңгеруге байланысты мәселелерді зерттеу жөнінде 1944 жылы филиал ғылыми-зерттеу жұмыстарын осындай жолмен біріктіріп жүргізді. Мұның нәтижесінде бірнеше айдың ішінде бұл кендердің құрылысы және қоры, оларды пайдаланудың технологиялық жолдары, келешектегі рудниктер мен заводты сумен, электр қуатымен қамтамасыз ету, отынмен, құрылыс материалдарымен, жұмысшы күшімен жабдықтау, жол салу, завод, жұмысшы поселкесі, рудниктер салынатын жерлерді белгілеу мәселелері толық зерттелді. Мұның арқасында ССР Одағы Халық Комиссарлары Советі жанындағы кен қорларының бүкіл одақтық комиссиясы жанадан ашылған кендердің қорын бекіткен. ССР Одағы Қараметаллургия Халық Комиссариатына бұл кендерді неғұрлым тез және тынақты түрде пайдалану мәселелерін шешуді тапсырды.

ССРО Ғылым академиясының Қазақ филиалында 1940 жылы 276 қызметкер болса, қазір қызметкерлерінің саны мыңға жетті. Филиалдың коллективінде 5 академик және ССР Одағы Ғылым Академиясының мүше-корреспонденттері, 60 ғылым докторы мен профессорлар, 140тан аса ғылым кандидаттары мен доценттер жұмыс істейді. Соғыс жылдарында филиалдың 63 ғылыми қызметкері, оның ішінде 25 қазақ қызметкері ғылым докторы немесе кандидаты атағын алуға диссертация қорғады. Қазіргі уақытта 54 адам, оның ішінде 24 қазақ қызметкері ғылым докторы атағын алу диссертациясын қорғауға, 186 адам, оның ішінде жарма-жартысы қазақ ғылым кандидаты атағын алу диссертациясын қорғауға даярлануда.



Филиалдың ғылыми қызметкерлері арасында жүздеген жас қазақ қызметкерлері, олардың ішінде, қазірдің өзінде ғылымға көп еңбек сіңірген ғылым докторлары мен кандидаттары, профессорлар мен доценттер бар. Филология ғылымдарының докторлары Смет Кеңесбаев пен Нығмет Саурамбаевтың тіл зерттеу жөніндегі еңбектері, көркем өнер ғылымдарының докторы Ахмет Жұбановтың қазақ музыкасының тарихы жөніндегі еңбектері, биология ғылымдарының докторы Кәрім Мыңбаевтың каучукті өсімдіктер жөніндегі еңбектері, химия ғылымдарының докторы Әбікен Бектұровтың фосфорлы тыңайтқыштар химиясы жөніндегі еңбектері, Қазақ филиалының докторанттары, ғылым кандидаттары — Өмірбек Оспановтың шөл жерлердің топырағын зерттеу жөніндегі, Ақжан Машановтың биология құрылысын зерттеу жөніндегі, Натай Кеңесариянның жер асты суларын зерттеу жөніндегі, Ғани Жұнысовтың гидрология жөніндегі, Қазыкен Жандеркиннің мал шаруашылығының биология мәселелерін зерттеу жөніндегі еңбектері және басқаларының еңбектері республикамыздың, көбінесе бүкіл Советтер Одағының ғылыми жұртшылығына жақсы мәлім.

Қазақстан К(б)П Орталық Комитеті, Қазақстан Халық Комиссарлары Советі, СССР Ғылым Академиясының Президиумы, әресе оның бұрынғы президенті Социалистік Еңбек Ері академик Владимир Леонтьевич Комаров СССР Одағы Ғылым Академиясының Қазақ филиалына үнемі кеңіл бөліп, қамқорлық көрсетіп отырады. Академиктер И. И. Мещанинов, В. А. Обручев, И. П. Бардин, СССР Одағы Ғылым Академиясының мүше-корреспонденттері А. М. Панкратова, В. А. Догель, Д. В. Наливкин, С. П. Вольфович және Советтер Одағының басқа көрнекті білімпаздары Қазақ филиалына зор көмек көрсетіп отырады.

Отан соғысы жылдарында қазақ филиалының және Қазақстандағы басқа ғылыми мекемелердің ғылыми жұмыстарын бір ізге салып өркендету, ғылыми қызметкерлерін топтастыру ісіне СССР Одағы Ғылым Академиясының академик В. Л. Комаров бастаған комиссиясы зор көмек көрсетті. Бұл комиссия 1941-1943 жылдарда Оралдың, Батыс Сібірдің және Қазақстанның соғыс хажетіне керекті кен байлықтарын майдан хажеті үшін комплексті жолмен пайдалану мәселелерін шешті.

Быйыл Қазақстанда, Қазақ ССР-нің ұлттық ғылым академиясы құрылады. Мұның өзі Қазақстанда совет өкметі тұсында ғылымның мейлінше өркендеуінің айқын белгісі.

Өткен 25 жыл ішінде Қазақстанның ғылымының негізгі табыстары қысқаша айтқанда осындай. Қазақстанның білімпаздары қол жеткен табыстарға қанағаттанбайды. Олардың алдына республикамыздың орасан мол жаратылыс байлықтарын, Қазақстандағы халықтардың рухани және заттық мәдениетін терең зерттеуге, неғұрлым жақсы пайдалануға байланысты аса маңызды көп мәселелер қойылып отыр. Өздерінің кадрларын өсіру, зерттеу жұмысын неғұрлым жақсартумен қатар, бүкіл Советтер Одағының білімпаздары сияқты Қазақстанның білімпаздары да ғылым майданында зор табыстарға жетудің күшті құралы және кілті — Ленин-Сталин ғылымының негіздерімен және идеологиясымен қаруланған.

Бүкіл совет еліндегідей, Қазақстанда да ғылымның жол көрсететін темірқазық жұлдызы — ленинизм. Ғылымның алыбы, Советтер Одағы халықтарының данышпан көсемі — Сталин жолдас көрсеткен ғылым мен тәжірибенің жарасқан бірлігі — ғылымның негізгі ұраны.

Советтік Қазақстан өзінің ғылымы мен мәдениетін өркендетудегі мұндай зор табыстарға тек ұлы орыс халқының туысқандық көмегі арқасында жетті. Бұл табыстар — Советтер Одағы халықтарының идеялық бірлігінің нәтижесі.



## М А З М У Н Ы

	Беті.
1. ССР Одағы Жоғарғы Советінің сайлауын өткізу туралы ССР Одағы Жоғарғы Советі Президиумының Указы . . . . .	1
2. „ССР Одағы Жоғарғы Советінің сайлауы туралы ережені“ бекіту туралы ССР Одағы Жоғарғы Советі Президиумының Указы . . . . .	1
3. ССР Одағы Жоғарғы Советінің сайлауы туралы ереже . . . . .	2
4. ССР Одағы Жоғарғы Советінің сайлауы . . . . .	13
5. Басмакала. Ұлы Октябрь Социалистік революциясының 28 жылдығы . . . . .	16
6. Казак ССРның 25 жылдығы . . . . .	24
7. Н. Кондратьева. Казак ССРын орнатқан—Ленин мен Сталин . . . . .	38
8. К. Сәтбаев. Көркейген казак халқының ғылымы мен мәдениеті . . . . .	48

Шығарушылар алқасы:

М. Әбдікалыков (редактор)
М. Жуланов
Н. Заленский ]
Б. Степанов
Ф. Сафонов
Н. Сауранбаев
Н. Тимофеев

„Казакстан Большевигі“ № 6—7.

Подписано к печати 22/XII 1945 г. Объем 3,25 п. л. Уч.-авт. л. 5,25.  
Издательский № 222, УГ 03065. Тираж 7000. Цена 1 руб.

Типография ЦК КП(б)К. Заказ № 19/583